ISSN 1814 - 6961

ОТАН ТАРИХЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2016, № 4 (76)

4 /2016

Құрылтайшы:
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редакторы:
Ханкелді Әбжанов

Редакциялық алқа:
Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали, Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков, Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан), Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов, У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Бас редактордың орынбасары:
С. Смағұлова
Жауапты редактор:
З. Төленова
Редактор:
Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:
050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,
Шевченко көшесі, 28,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Отан тарихы»
журналының редакциясы
Телефон: 272-68-46
E-mail: kazhistory@ bk. ru
Электрондық мекен-жай:
www.iie.kz

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Мазмұны
Содержание
Contents

Тарих теориясы
Теория истории
Theory of History

КАЖЕНОВА Г.Т.
Цивилизация евразийских кочевников
в призме научных парадигм.....5

Тарих және тұлға
История и личность
History and Person

МҰСАҒАЛИЕВА А.
Алаш зиялыларының ақталу үдерісі (1956-1991 жылдар).....12

БЕКИШЕВ А.С., РАХИМЖАНОВА С.Р.
Роль казахской интеллигенции в становлении Отечественного
книгоиздания в начале XX века.....31

Тарих толқынында
В потоке истории
In the Stream of History

АЛДАЖҰМАНОВ Қ.С.
Түтқындағы қазақ жауынгерлері және
Түркістан легионы (1941-1945 жж.).....41

МУФТАХУТДИНОВА Д.Ш.
Политика Российского государства по отношению к татарам-
мусульманам в Казахстане.....60

ҚАИПБАЕВА А.Т., НУРМУХАМБЕТОВ А.А
1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформалар: мәні мен барысы.....73

ЕРМУХАМЕДОВА А.П.
Институт султана в империи Великих Сельджуков.....81

Тарихнама және деректану
Историография и источниковедение
Historiography and Source Studies

ЖҰМАҒҰЛОВ Қ.Т., АБДУКАДЫРОВ Н.М.
XVIII-XIX ғ.ғ. Осман империясының Еуропа мемлекеттерімен
саяси, экономикалық және дипломатиялық байланыстарының
кеңестік тарихнамада зерттелуі 88

БИМЕНДИЕВ А.Ш.
«Великая шапка» – как символ власти казахских чингизидов.....101

ҚАЛШАБАЕВА Б.К.
Ресей ғалымдары зерттеулеріндегі Батыс Сібір қазақтары
(XIX ғ. II жартысы - XXI ғ. басы).....123

Этнология, археология және ескерткіштану, музейтану
Этнология, археология и памятниковедение, музееведение
Ethnology, Archaeology, Monument Studies, and Museology

АБДУЛИНА А.Т.
Основные тенденции этнокультурных и этноязыковых
процессов в Казахстане в период независимости.....132

ЕГІЗБАЕВА М.Қ., ҚОЗҒАНБАЕВА Г.Б.
Қазақстандағы үйғырлардың зерттелуі және этномәдениеті 142

ТОМПИЕВ М.К.
Роль жузовой системы в формировании территории Казахстана.....149

Тарих саяхатшылар көзімен
История глазами путешественников
History through the Eyes of Travelers

ПОЧЕКАЕВ Р.Ю.
Ташкентское «владение» глазами российских
путешественников XVIII начала XIX вв. 158

Жас ғалымдар зерттеулері
Исследования молодых ученых
Researches of Young Scholars

НҰРҒАЗЫ Д.
Зият Шәкәрімұлы: тағдыры тылсым түлға.....168

Естелік
Воспоминания
Memories

Зардыхан Қинаятұлы.....175
Отаншыл һәм мемлекетшіл қайраткер еді 176
Ғалымдығы мен азаматтығы кемел еді.....177
Моңғолия Ата Заңының жобасын жасаушылардың бірі.....177
Ол ғұлама ғалым еді 178

УДК 94:[392.31+008]4/5.

Г.Т. Каженова[1]
[1]Кокшетауский госуниверситет им. Ш. Уалиханова,
г. Кокшетау, Казахстан

ЦИВИЛИЗАЦИЯ ЕВРАЗИЙСКИХ КОЧЕВНИКОВ В ПРИЗМЕ НАУЧНЫХ ПАРАДИГМ

Аннотация

В статье анализируются методологические проблемы цивилизации кочевничества в контексте всемирной истории. Показано разрешение вопроса о принадлежности кочевых обществ к цивилизации в формационной теории, классических теориях локальных цивилизаций, а также в теориях модернизации, неоэволюционизма, мультиэволюционизма. Анализируется советская и зарубежная историография истории кочевых обществ и современные дискуссии, связанные с разработкой единых критериев цивилизации. Показан поиск новых подходов и концепций в казахстанском и российском номадоведении. Рассматриваются процессы переосмысления роли кочевников в мировой истории в работах сторонников мир-системного подхода.

Ключевые слова: кочевая цивилизация, степная цивилизация, формационный подход, цивилизационная парадигма, особенности социокультурного развития кочевников, мир-системная теория.

До недавнего времени методологические проблемы истории кочевых обществ, как правило, в основном сводились к вопросу о существовании у кочевников цивилизации. При этом в большинстве существующих теоретических парадигм, интерпретация понятия «цивилизация» производится с этически некорректным делением всех народов на так называемые «цивилизованные» и «нецивилизованные». Разрешение вопроса о принадлежности кочевых обществ к цивилизации происходило в русле двух основных научных теорий, сложившихся во всемирной истории: формационной и цивилизационной, относящиеся к унитарно-стадиальному и универсально-плюралистическому подходам. Эти категории измерения исторического процесса, являясь результатом эволюции западной общественной мысли, ориентированы на европейский социум. Суть методологической проблемы истории кочевых обществ заключается в том, что они никак не вписываются в эти общепринятые, классические схемы всемирно-исторического процесса, по своему содержанию являющиеся европоцентристскими.

Формационный подход рассматривает исторический процесс как последовательное развитие стадий. Основатели данной теории К. Маркс и Ф. Энгельс рассматривали цивилизацию как определенный этап в развитии человечества, следующий за дикостью и варварством. По сути, понятие «цивилизация» тождественно термину «стадия послепервобытного общества», в марксистской терминологии – «формация». В работах классиков марксизма цивилизация является «…той ступенью общественного развития, на которой разделение труда, вытекающий из него обмен между отдельными лицами и объединяющее оба эти процесса товарное производство достигают полного расцвета и производят переворот во всем прежнем обществе…» [1, с. 369]. Таким образом, согласно

данной позиции, общества кочевников не могли иметь отношения к цивилизации, так как в своем развитии они не достигли стадии товарного производства. В работах авторов этой теории анализ истории кочевых обществ не проводился.

При всем разнообразии направлений, существующих в рамках универсально-плюралистического подхода, в его основе лежит теория цивилизаций, которая в свою очередь, предполагает принцип комплексного и системного изучения различных аспектов и компонентов общества. Это дает возможность пояснить всемирно-исторический процесс исходя из своеобразия цивилизаций и культур, социальных систем, порожденных в свою очередь конкретными условиями деятельности и мировоззрения людей.

Несмотря на то, что цивилизационная парадигма предполагает плюралистическое восприятие мира, в рамках классических теорий «локальных цивилизаций» также отсутствует анализ цивилизационного устроения кочевых обществ, хотя некоторые из них касались этой проблемы. Один из основателей данной теории Н.Я. Данилевский отнес кочевников к «негативным творцам истории», которые сами не создавали цивилизации, но как «кнут божий» способствовали гибели дряхлых цивилизаций, разметав их остатки, чтобы затем вернуться в исходное ничтожество и исчезнуть с исторической арены [2]. А. Тойнби, наиболее обстоятельно сформулировавший цивилизационную теорию, видел содержание мировой истории не в качестве единого потока, а как совокупность не связанных между собой локальных цивилизаций. Он также не включал кочевые общества в разряд полноценных цивилизаций. Кочевникам в его теории отведена участь «задержанных» цивилизаций, дающих «истинные примеры народов, у которых нет истории». Если кочевники и попадали в круговорот мировой истории, то только благодаря столкновению с оседлыми обществами. В последующем он признал ошибочность этого мнения, которое, как он писал, «свидетельствует, прежде всего, об ограниченности наших возможностей» [3, с. 89].

В целом, у западных авторов как исторические процессы и явления, так и теоретические проблемы кочевничества не нашли должного места в их работах. Наиболее влиятельные парадигмы исторического процесса, имеющиеся в рамках многолинейных теорий, такие как теория модернизации, неоэволюционизм, мультиэволюционизм, вопросу о специфике социальной эволюции обществ кочевников-скотоводов не уделяют особого внимания. В имеющихся редких исследованиях, кочевые общества рассматривались в качестве бокового, «тупикового» варианта общественного развития. Их авторами было заявлено об отсутствии у кочевников внутренних потребностей к созданию прочных форм государственности и появлении перспектив к устойчивому политическому развитию лишь в случае симбиоза с земледельцами [4, с. 61-62].

Более широко теоретические вопросы, связанные с кочевничеством разрабатывались в зарубежной марксистской и особенно советской историографии, «поскольку русская история всегда была связана со степным миром, то русские и советские ученые должны были преуспеть в изучении номадов» [4, с. 51]. Разработанность проблемы, диктовалась ее актуальностью для советских авторов. Но интерпретация истории кочевых обществ в марксистской историографии была сведена к попытке экстраполяции пятиступенчатой формационной схемы на кочевое общество.

В теоретическом аспекте для советского марксизма кочевничество представляло такую же фундаментальную проблему, что и азиатский способ производства. Так как кочевники, как и восточные общества, не соответствовали схеме мировой истории, по которой происходила смена формаций, то в рамках советской историографии стали создаваться различные версии, которые должны были классифицировать кочевников по соответствующим формациям. В конечном итоге на долгое время утвердилась специфическая теория кочевого феодализма в

изложении Б.Я. Владимирцова, ставшая «классической». Соответственно, в рамках марксистского подхода вопрос о цивилизационной принадлежности кочевых обществ не ставился. В советский период цивилизационный подход ассоциировался с так называемой буржуазной наукой. В условиях ортодоксального марксизма единственным, кто пытался интерпретировать номадизм в рамках классической цивилизационной теории, являлся Л.Н. Гумилев.

Разрешение основополагающей проблемы относительно кочевничества: о способности кочевников самостоятельно миновать барьер «варварства» и шагнуть в «цивилизацию», стали предприниматься с периода перестройки и распада СССР. В связи с этим начались разработки единых критериев цивилизации, которые вызвали целую дискуссию, но не привели исследователей к единому мнению в этом вопросе. Несмотря на это, немалое число исследователей стали предпринимать попытки рассмотреть кочевничество с точки зрения теории цивилизаций. В отдельных работах видных российских ученых появились некоторые выводы о цивилизационной принадлежности признаков кочевых обществ степной зоны Евразии. В числе таких исследователей особо следует отметить Н.Н. Крадина, А.М. Буровского, Е.И. Кычанова, А.И. Мартынова, В.В. Трепавлова и других.

Поиск новых подходов и концепций глобальной истории, способных раскрыть закономерности истории и культуры казахского народа, в прошлом кочевого, привел к освоению казахстанскими учеными цивилизационной парадигмы. Цивилизационный подход представил большие возможности для компаративного анализа и обобщений относительно кочевых обществ. Исследователи отмечали, что «цивилизационные аспекты мировой истории сейчас подвергаются столь интенсивному обсуждению, что с каждым днем становится очевидным, что без и вне цивилизационного контекста осмысление истоков кочевого общества… заранее обречено на неудачу» [5, с. 6]. Поэтому в отечественной исторической науке активно началась разработка вопросов, связанных с выявлением цивилизационных особенностей социокультурного развития кочевников. Сегодня уже утвердилось точка зрения о том, что именно теория локальных цивилизаций способна выявить специфику социокультурного развития, сущностно-характерные черты структурно-системной связи традиционного казахского общества [6, с. 12].

Однако имеются критики идеи об особой цивилизации номадов. Соглашаясь с тем, что кочевничество – это особый мир, отличный от мира аграрных цивилизаций, они высказывают мнение о том, что если выделять цивилизацию номадов, то не менее резонно поставить вопрос о цивилизациях охотников и собирателей Австралии, арктических охотников на морских зверей и рыболовов Полярного круга и т.д. Иными словами, все типы человеческих культур могут быть охарактеризованы как цивилизации. Ими ставится под сомнение вопрос о возможности выделения признаков, специфичных только для «номадной цивилизации», так как большинство определяемых признаков нередко имеют стадиальный характер и свойственны тем или иным этапам развития любой культуры или общества.

Еще одним аргументом критиков является то, что всякая цивилизация основана на определенном психокультурном единстве, но вряд ли кочевники осознавали себя как нечто единое, противостоящее другим народам. По их мнению, номадизм – это нечто иное, чем цивилизация. Исходя из этого, известный номадолог Н.Н. Крадин предлагает рассматривать степной мир не как особую цивилизацию, а как «квазицивилизацию», то есть некое внешне похожее на цивилизацию единство, которое на самом деле представляется концептуальным конструктом, созданным в мыслях исследователя.

Еще один подход к проблеме цивилизации у номадов предполагает рассмотрение не единой для всех кочевых обществ цивилизации, а отдельных крупных локальных цивилизаций-культур. Л.Н. Гумилев связывал процессы возникновения и развития цивилизаций с определенными географическими зонами

[7]. С этой точки зрения Аравийский полуостров, например, был таким ареалом, где в VII в. возникла арабская цивилизация. Патриарх казахстанской исторической науки М.К. Козыбаев, рассматривая категорию «цивилизация» как исторически сложившееся единство материальной и духовной культуры, продукт весьма длительного существования более или менее стабильной этнодемографической общности в степной зоне Евразийского континента, предложил внедрение в научный аппарат понятия «степная цивилизация». Он доказывает наличие в ней трех основных признаков цивилизации: государства, развития письма и монументальных сооружений и подчеркивает вклад степной цивилизации в мировую историю [8]. Идея о существовании единой степной цивилизации начиная с хуннского времени или даже более раннего, получила широкую поддержку ученых.

Выдвигая номадные альтернативы, исследователи довольно часто говорят о тюркской цивилизации, другие ставят вопрос о выделении особой монгольской цивилизации. Существует спор о правомерности выделения золотоордынской цивилизации. Известный казахстанский этнолог Н.Э. Масанов отдельно рассматривал кочевую цивилизацию казахов [9]. Таким образом, относительно цивилизации кочевников на сегодняшний день существует целый ряд нерешенных проблем, которые связаны с тем, что до сих пор ученым не удалось выявить объективные критерии, по которым выделяются цивилизации. Отмечается, что к настоящему времени цивилизационная теория еще не прошла этап своего окончательного становления и выработки единой методологии. Н.Н. Крадин даже считает, что она ныне находится в кризисном состоянии [4, с. 91].

В то же время среди современных ученых утверждается понимание совместимости и даже целостности двух концепций познания исторического процесса: стадиального и цивилизационного. Пришло понимание того, что в основе изучения своеобразия любого общества не могут и не должны лежать параметры этих устоявшихся теорий как взаимоисключающие формы исторического измерения социальной действительности. Процессы переосмысления нашли отражение в таком промежуточном подходе как мир-системный, который включает в себя наиболее обоснованные положения, как стадиальных теорий, так и сравнительного изучения цивилизаций. Кроме того, именно в работах сторонников мир-системного подхода обнаруживается интерес к проблемам кочевничества, хотя они находятся еще на стадии предварительного обсуждения.

У истоков мир-системного подхода стоял французский историк Ф. Бродель, его идеи были развиты И. Валлерстайном. Суть этого подхода заключается в том, что все общества рассматриваются как социальные системы. Первостепенным критерием классификации систем у Валлерстайна выступает способ распределения [10]. Соответственно выделяются три способа производства и три типа социальных систем: 1) реципроктно-линиджные минисистемы, основанные на отношениях взаимообмена; 2) редистрибутивные мир-империи, соответствующие «цивилизации» А. Тойнби; 3) капиталистическая мир-система (мир-экономика), основанная на товарно-денежных отношениях. Это стадиальная составляющая мир-системной теории. Ученый считает, что мир-империи могут трансформироваться в «мир-экономики». Большинство мир-экономик оказались непрочными и погибли. Единственная выжившая мир-экономика – это капиталистическая. Она сформировалась в Европе в XVI-XVII вв., превратилась в гегемона мирового развития (капиталистическую мир-систему), подчинив все другие социальные системы.

По теории И. Валлерстайна, капиталистическая мир-система состоит из «ядра» (наиболее высокоразвитые страны Запада), «полупериферии» (в XX в. страны социализма) и «периферии» (страны третьего мира). Она основана на неэквивалентном разделении труда и эксплуатации между «ядром» и «периферией». Полупериферия, являясь подвижной системой, выполняет амортизационные функции и нередко является источником различных инновационных изменений.

Согласно Валлерстайну, подлинной мир-системой является только мир-система капитализма в течение последних нескольких сот лет, т.е. о складывании мир-системы можно говорить, когда начинается масштабный обмен массовыми товарами. Однако не все исследователи разделяют эту точку зрения, так как считают, что для доиндустриальных обществ обмен престижными товарами играл более значимую роль и параллельно являлся важным фактором усиления политической власти. Следовательно, мир-системная методология применима к системам любого порядка – от глобальной системы современности до мини-систем охотников и собирателей. Но один из ключевых вопросов мир-системной теории заключается в том, сколько мир-систем существовало на протяжении человеческой истории.

Так, например, исследовательницей Ж. Абу-Луход завоевания монголов расцениваются как важнейший фактор создания первой, по-настоящему глобальной мир-системы XIII в. Эта система состояла из пяти независимых «ядер»: 1) Западной Европы; 2) арабского мира; 3) зоны Индийского океана; 4) Китая и Великой степи, объединенной монголами в единое макроэкономическое пространство. Это способствовало установлению стабильных торговых контактов между Европой и Китаем. Таким образом, Абу-Луход первой обосновала единство мира до эпохи гегемона капитализма. Она также попыталась выделить характерные черты досовременной мир-системы, отличающие ее от капиталистической мир-системы [11]. Впоследствии исторический аспект был значительно усилен в работах А.Г. Франка, К. Чейз-Данна и Т. Холла.

С этой точки зрения роль кочевников в мировой истории выглядит принципиально по-иному. Если в классических работах по философии истории они представлялись уничтожителями цивилизаций, в лучшем случае «санитарами истории», то в контексте мир-системных процессов длительный период времени именно они способствовали ускорению темпов распространения религий и географических знаний, торговых контактов, развитию информационных сетей и технологических обменов между различными цивилизациями. В этом обмене роль кочевников не сводится до положения простых посредников, так как номады нередко сами выступали инициаторами многих заимствований. По мнению авторов, культурный обмен между мусульманской Средней Азией и конфуцианским Дальним Востоком стал возможен не потому, что после создания Монгольской державы возникли устойчивые и безопасные маршруты, а по той причине, что этого пожелала правящая элита степной империи. Они выступали главными инициаторами, покровителями и трансляторами культурного обмена между цивилизациями Старого Света. Согласно мир-системному подходу, кочевники играли роль полупериферии, то есть выполняли важные посреднические функции между региональными «мир-империями».

В каждой локальной региональной зоне политическая структурированность номадической полупериферии была равнозначна размерам оседло-земледельческого ядра. Во Внутренней Азии первыми биполярными элементами региональной системы были Хуннская держава и династия Хань. С образованием в Китае династии Тан, на Ближнем Востоке – халифата Аббасидов и в Малой Азии – Византии произошел новый макроэкономический рост ведущих мир-империй того времени. В этот же период возникает Первый Тюркский каганат, ставший первой настоящей евразийской империей. Он связал торговыми путями Китай, Византию и исламский мир. Создание империи Чингиз-хана и монгольские завоевания в XIII в. привели к тому, что монголы замкнули цепь международной торговли в единый комплекс сухопутных и морских путей. Впервые все крупные региональные ядра (Европа, исламский мир, Индия, Сунский Китай, Золотая Орда) оказались объединенными в первую мир-систему. С XVII в. складывается новая, объединившая уже весь земной шар капиталистическая мир-система. В

новом мировом порядке номадам уже не суждено было играть прежнюю роль. Натуральное хозяйство скотоводов не смогло конкурировать с новыми формами интеграции труда в рамках мануфактуры и фабрики. Изменился и политический статус степных обществ. Уже как периферия номады стали активно вовлекаться в орбиту интересов различных субцентров капиталистической мир-системы [4, с. 99]. Такова интерпретация роли номадов в одной из современных подходов исследования исторического процесса.

Таким образом, проблема цивилизации кочевничества в контексте всемирной истории до сих пор остается недостаточно разработанной. Известно, что исследование исторической истины осложняется неполной информации о прошлом, невозможностью экспериментально-практического взаимодействия с прошлым и тесной связью исторического познания с идеологией. Но в данном вопросе ее разрешение в первую очередь зависит от комплексного использования теоретических парадигм, имеющихся в арсенале мировой исторической науки.

Список использованной литературы

1. Энгельс Ф. Происхождение семьи, частной собственности и государства // К. Маркс, Ф. Энгельс. Избранные произведения. В 3-х томах. – Т. 3. – М., 1986. – 639 с.

2. Данилевский Н.Я. Россия и Европа. – М.: Книга, 1991. – 576 с.

3. Тойнби А. Постижение истории. – М.: Прогресс, 1991. – 736 с.

4. Крадин Н.Н. Кочевники Евразии. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 416 с.

5. Абенов Е.М., Арынов Е.М., Тасмагамбетов И.Н. Казахстан: эволюция государства и общества. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1996. – 390 с.

6. Оразбаева А.И. Цивилизация кочевников евразийских степей. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 310 с.

7. Гумилев Л. Н. Этногенез и биосфера земли. Л.: Изд-во ЛГУ, 1989. – 496 с.

8. Козыбаев М.К. Степная цивилизация и ее уроки // Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды). – Алматы: Ғылым, 2006. – С. 38 – 46.

9. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов (основы жизнедеятельности номадного общества). – Алматы: Социнвест - М.: Горизонт, 1995. – 319 с.

10. Валлерстайн И. Миросистемный анализ // Время мира. Альманах. – Вып. 1. Историческая макросоциология в XX в. – Новосибирск, 1998. – С. 105-123.

11. Абу-Луход Ж. Переструктурируя миросистему, предшествующую новому времени // Время мира. – Вып. 2. – Новосибирск, 2001. – С. 449-461.

References

1. Engel’s F. Proiskhozhdenie sem’yi, chastnoy sobstvennosti i gosudarstva // K. Marks, F. Engel’s. Izbrannye proizvedeniya. V 3-h tomah. – T. 3. – M., 1986. – 639 s.

2. Danilevskiy N.Ya. Rossiya i Evropa. – M.: Kniga, 1991. – 576 s.

3. Toinbee A. Postizhenie istorii. – M.: Progress, 1991. – 736 s.

4. Kradin N.N. Kochevniki Evrazii. – Almaty: Dajk-Press, 2007. – 416 s.

5. Abenov E.M., Arynov E.M., Tasmaghambetov I.N. Kazakhstan: evoluciya gosudarstva i obshchestva. – Almaty: Institut razvitiya Kazakhstana, 1996. – 390 s.

6. Orazbayeva A.I. Civilizaciya kochevnikov evraziyskih stepey. – Almaty: Dajk-Press, 2005. – 310 s.

7. Gumilev L. N. Etnogenez i biosfera zemli. L.: Izd-vo LGU, 1989. – 496 s.

8. Kozybaev M.K. Stepnaya civilizaciya i eyo uroki // Problemy metodologii, istoriografii i istochnikovedeniya istorii Kazakhstana (Izbrannye trudy). – Almaty: Gylym, 2006. – S. 38 – 46.

9. Massanov N.Ye. Kochevaya civilizaciya kazakhov (osnovy zhiznedeyatel’nosti nomadnogo obshchestva). – Almaty: Socinvest - M.: Gorizont, 1995. – 319 s.

10. Vallerstain I. Mirosistemnyi analiz // Vremya mira. Al'manah. – Vyp. 1. Istoricheskaya makrosociologiya v XX v. – Novosibirsk, 1998. – S. 105-123.
11. Abu-Lughod Zh. Perestrukturiruya mirosistemu, predshestvuyushchuyu novomu vremeni // Vremya mira. – Vyp. 2. – Novosibirsk, 2001. – S. 449-461.

Г.Т. Кәженова[1]
[1] Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,
Көкшетау қ., Қазақстан

ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІН ҒЫЛЫМИ ПАРАДИГМАЛАР АРҚЫЛЫ ҚАРАСТЫРУ

Түйін

Мақалада көшпенділік өркениетінің методологиялық мәселелеріне дүниежүзілік тарих тұрғысынан талдау жасалған. Көшпелі қоғамдардың жергілікті өркениеттердің формациялық және классикалық теорияларына, сондай-ақ модернизация, неоэволюционизм, мультиэволюционизм теорияларындағы өркениеттеріне жататындығы туралы қарастырылған. Көшпелілер өркениетінің тарихын зерттеген кеңестік және шетелдік тарихнама және өркениеттің біртұтас белгілерін жасауға арналған заманауи пікірталастар талданған. Қазақстандық және ресейлік көшпенділер тарихын зерттеудегі жаңа әдістер мен тұжырымдардың ізденісі көрсетілген. Әлем-жүйелік тұрғысынан келуді жақтаушылардың еңбектеріндегі көшпенділердің дүниежүзілік тарихтағы рөлін қайтадан ой елегінен өткізу үдерістері қарастырылған.

Түйін сөздер: көшпелі өркениет, дала өркениеті, формациялық тұрғыдан келу, өркениеттік парадигма, көшпенділердің әлеуметтік мәдени даму ерекшеліктері, әлем-жүйелік теориясы.

G.T. Kazhenova[1]
[1]Sh. Ualikhanov Kokshetau State University,
Kokshetau, Kazakhstan

EURASIAN NOMAD CIVILIZATION THROUGH THE PRISM OF SCIENTIFIC PARADIGMS

Summary

Methodological issues of nomad civilization in the context of the world history are analyzed in this paper. Solution of the problem of belonging of nomadic societies to the civilization is shown in the formational and classical theories of local civilizations, and also in the theories of modernization, neoevolutionism, multievolutionism. The Soviet and foreign historiography of history of nomadic societies and discussion of the period of reorganization and the collapse of the USSR connected with development of uniform criteria of a civilization is also analyzed. Search of new approaches and concepts in the modern Kazakhstan and Russian nomadi studits is shown as well. Processes of reconsideration of the role of nomads in the world history in works of supporters of the world-system approach are considered in the paper.

Keywords: nomadic civilization, steppe civilization, formational approach, civilization paradigm, peculiarities of sociocultural development of nomads, the world-system theory.

ӘОЖ 94(574) “19”

А. Мұсағалиева[1]
[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ АҚТАЛУ ҮДЕРІСІ (1956-1991 жылдар)

Аннотация

Мақалада Алаш зиялыларының ақталу үдерісі ХХ сиезден кейін сексенінші жылдардың аяғына дейінгі аралықта қарастырылады. Алаштың ақталуы жолындағы үмтылыс пен үміт, қайта құру саясатының тарих ғылымына әсері, ақталудың заңдық түрғыда жүзеге асуымен ақиқатқа айналуы талданылады. Автор ХХ ғасырдың екінші жартысындағы халық пен зиялылардың Алаш зиялыларын ақтауын тарихи үдеріс арқылы сипаттайды.

Түйін сөздер: Алаш, Кеңес өкіметі, тоталитаризм, ақталу, қайта құру, деректер

Кеңес биліктің толық орныққан жылдарында да саяси террордың құрбандарына айналған Алаш зиялыларының тағдыры мен шығармашылығы үлт жанашырларын тыныш жатқызбады. Большевиктер билігі күшейіп түрғанның өзінде алаштықтарды жақтаушылар табылды. Олар шындығында Алаш идеясының жандануы мен қазақ қоғамында орын алуына белгілі бір дәрежеде үлес қосты.

1930 жылдардың аяғына қарай толық салтанат құрған сталинизм үлт зиялысын қаусатып салғанымен Алаш идеясын өлтіре алмады. Ол хрушевтік «жылымық», брежневтік тоқырау тұсында да қазақ даласын елес болып шарлады [1].

Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының ХХ сьезі және Алаш зиялылары. Кеңес азаматтарын сталиндік террордан алғаш құтқарған 1956 жылғы 14-25 ақпанда болған КОКП ХХ сиезі болып табылады. Онда 25 ақпанда КОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.С. Хрущевтің «Жеке басқа табынушылық және оның зардаптары» деген тақырыпта баяндамасы тыңдалды [2, с.19-67]. Баяндамада сталинизмнің қылмысын жан–жақты ашып берді. Ол комиссияның ІІХК мұрағаттарындағы үлкен көлемдегі материалдармен және басқа құжаттармен танысып, қорытындысында кінәсіз адамдар қаза тапқан коммунистерге қарсы қолдан жасалған істер мен жалған айыптаулардың көптеген фактілерін анықтағанын айтты. 1937-1938 жылдарда көптеген партиялық, кеңестік, шаруашылықтық қызметкерлерді «жау» деп анықтады, шын мәнінде олар ешқашан жау, тыңшы, бүлдіруші болып табылмады, әрқашан адал коммунист болып қалғандарын, ал оларға адам сенгісіз ауыр айыптарды тергеушілердің мойындатқанын жайып салды. ХХ сиездің материалдары – кеңес тоталитаризмінің тарихи дерегі, адам құқығын төмендетуді ашып беретін құжат. Н.С. Хрущевтің баяндамасында сталинизмге соққы берілді.

Дегенменен, саяси репрессиялар құрбандарының ақталуын И. Сталиннің өлімімен басталды деп айта алмаймыз. Себебі Қазақстандағы үлттық интеллигенцияны құдалау аяқталмаған болатын. Үлкен мәселенің басы ашық қалды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан-ақ қарсы күрескен үлттық негіздегі Алаш зиялылары ақталмады.

Алаш зиялыларының ақталмауына И. Сталиннің оппоненті Л.Троцкий атымен құдалануы әсер еткенін жоққа шығаруға болмас. Қазақ зиялыларының троцкийшіл деп айыптылуына бірнеше себептер болды. Біріншіден, Л. Троцкий шетелге эмиграцияға Қазақстаннан, оның ішінде Алматы қаласынан кетті.

Кетерінде, 1927 жылы 11 наурызда КСРО басшылығына ұлттық республикадағы саяси ахуалды сипаттаған «Қазақстандағы саясаттың ұлттық сәттері» [3, с. 197-198] атты хат қалдырды. Хатта ол қазақ зиялыларының ұлттық саясаттағы мәселелерін көтерді. Екіншіден, 1936 жылдың 19-24 тамыз аралығында КСРО Жоғары Соты Әскери Коллегиясының троцкистер мен зиновьевшілдердің үстінен ашық сот мәжілісі болды. Сот нәтижесінде 16 адам ату жазасына бұйырылды, оның ішінде Г.Е. Зиновьев, Л.Б. Каменев, С.В. Мрачковский, И.И. Рейнгольд және тағы басқалар бар. Оларға антикеңестік, зиянкестік, тыңшылық және террористік қызметіне, оның ішінде С.М. Кировтың өліміне және партия басшылығы мен үкіметке қарсы террористік актілер даярлауды ұйымдастырды деген айып тағылды. Сот үдерісі алдында барлық республикалардың партиялық органдарына БКП (б) Орталық Комитеті «Троцкистшіл–зиновьевшіл революцияға қарсы блоктың террористік қызметі туралы» тақырыпта хат [4, с.14-15] жіберген болатын. Әрине, Қазақстанның партиялық басшылығы хатқа байланысты іс–әрекеттер қабылдауға тиіс еді. Бұл хат «үлкен терроры» республикада жүргізуге нұсқау әрі бағыттаушы құжат деп айта аламыз. Осы хаттың әсерінен 1 қарашаға дейінгі аралықта 43 адам партиядан шығарылды. Назарға алдымен алашордашылдар мен қазақ «ұлтшыл» зиялылары ілікті. Аталған сот үдерісі коммунистердің басқа республикалардағы сияқты Қазақстанда партия–кеңес қызметкерлеріне жаппай саяси репрессия бастауына мұрындық болды. Осы себептер Алаш зиялыларының ХХ сиезден кейін ақталмауына тікелей әсер етті деп ойлаймыз.

Ресейдегі ХХ сиезден кейінгі ақталу үдерісін француз тарихшысы Н. Верт өз еңбегінде кең түрде ашады. Оның айтуынша: «1956-1958 жылдары тазалаудың құрбаны болған кейбір партиялық және әскери басшылар таңдалып ақталды. Олардың ішінде, әсіресе, әскерилер көп (Тухачевский, Якир, Блюхер және басқалар), өйткені 1953 жылдан бастап армия Хрущевті жақтаған негізгі күш қатарында еді, сонымен қатар бәрінен бұрын «күпия баяндамада» еске алынған, екінші деңгейдегі және сталиндік линияны қолдаушы басшы партиялық қызметкерлер (Эйхе, Рудзутак, Постышев, Косиор, Чубарь және басқалар) болды. Бұл, сталинизмге саяси альтернива қажеттілігін қолдаған, (Бухарин, Троцкий) немесе Сталинге ашық қарсы сөйлеген (Зиновьев, Каменев, Рыков және басқалар) большевизмнің ірі тарихи тұлғаларын қамтымаған жартылай ақтау болатын, жаппай репрессиялар, сталинизмнің табиғаты және жалпы партияның жауапкершілігі туралы нақты көзқарастар үшін импульс болып қызмет ете алмады [5, с.190].

Жалпы, Л. Троцкий Кеңестер Одағындағы И. Сталиннің саясатына негізгі оппонент болды. Қазақстандағы большевиктер өкіметіне де Алаш қайраткерлері де осындай жағдайда болды. Өйткені Алаш зиялылары ленинизмге де, сталинизмге де ашық қарсы шығып, Кеңестер Одағынан бөлінуді аңсады. Ал М. Шоқай Тұтас Түркістан идеясы арқылы бүкіл түркі халықтарын большевиктерден бөліп әкетуді көздеді. Жалпы, большевиктерге қарсы күресте қазақ зиялылары татар, башқұрт сияқты түркі халықтарымен пікірлес болып, ұлт-азаттық күресті жандандырды. Сондықтан да қазақ қайраткерлері Л. Троцкий, Г.Е. Зиновьев секілді сталинизмнің басты оппоненттерімен бірдей қарастырылды деп ойлаймыз.

Алаш партиясы мүшелерін большевиктердің негізгі оппонент етіп жариялауы құжаттардан анық көрінеді. Кеңес өкіметі 1919 жылы Алаш қайраткерлеріне амнистия туралы қаулы қабылдады. Ал 1920 жылы 20 қазанда Қазақ Халық Комиссарлар Кеңесінің амнистия туралы қаулысына нұсқау шықты. Онда «бұрынғы «Алаш-Орда» үкіметінің жақтаушылары, азамат соғысы кезінде ақгвардияшылдар авантюраларына қатысқан қазақтар қудалауға жатпайды» [6] делінді. Бірақ, бұл құжатта кеңес құрылысына қарсы бағытталған қарулы көтерілістердің белсенді қатысушылары мен бастаушылары ақталмайды деп аталды. Нақты көрсетелік: «...комиссияларға кеңес құрылысына қарсы бағытталған қарулы көтерілістерге белсенді қатысушы және бастаушы болғандар және жұмысшы-шаруа өкіметіне

белгілі ортадағы беделді тұлға ретінде қауіп көрсететіндерді босатпау туралы құқықтар беріледі. Комиссия қорытындылары қатаң дәйектелген болуы міндетті» [7, 80-б.]. Міне, бұл құжат Алаштың ақталуында большевиктер билік басында болған барлық уақытта кедергі бола берді.

Сонымен қатар, мәселенің бұлай шешілуін Н.С. Хрущевтің «Жеке басқа табыну және оның зардаптары» деп аталатын баяндамасының мазмұнынан іздеу керек. Баяндамасында Н.С. Хрущев коммунистік билікті сынауды мақсат етіп қойған жоқ, оның пікірінше, В.И. Ленин өлгеннен кейін И. Сталин көсемнің идеясын бұрмалап, өзіне бүкіл жұртты табындырды. Сол үшін де ол сталиндік «үлкен террор» кезіндегі заң бұзушылықтарға ерекше назар аударды. Тұтастай алғанда, баяндама мәтіні түгелдей 1937-1938 жылдардағы саяси репрессияны талдауға арналған. Лениндік «қызыл террор», Кеңес өкіметіне қарсылықтар туралы ештеңе айтылмады. Ал одан кейінгі мемлекеттік дәрежедегі ақтау жұмысы да, мәселені талдау да тек қана аталған баяндама негізінде жүргізілді.

1960-1970 жылдардағы Алаштың ақталуына деген ұмтылыс пен үміт. Алаш қайраткері Ә. Ермековке ақталуға осы жылдарда мүмкіндік туды. 1955 жылы 7 наурыз күні КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің ерекше кеңесінде, контрреволюциялық қылмыстары үшін сотталып, лагерлерде, колонияларда, түрмелерде және айдауда жүргендердің істерін қайта қарау үшін жиналған Орталық Комиссияның шешіміне сәйкес «Ермековтің 1949 жылы 9 наурызда қозғалған №269834 ісіндегі үкім тоқтатылсын және Ә. Ермеков тұтқыннан босатылсын», – деген қаулы қабылданды. 1957 жылдың 26 қарашасында КСРО Жоғары Сотының әскери коллегиясының №00990/39 анықтамасы бойынша толық ақталды [8, 198-202-бб.]. Бірақ, қайраткер тіпті өзі тірі болса да, Алашта болған кезіндегі қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын толық ақтай алмады.

1960 жылы 25 желтоқсанда Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы Н. Жанділдиннің атына Қазақстан КП Орталық Комитетінің Ғылым, жоғары оқу орындары және мектеп бөлімі меңгерушісі С. Бейсембаевтың қолы қойылған хат келіп түсті. Онда «Қазақ әдебиеті» газеті «оқырманды өткенге жетелейтін идеялық тұрақсыз материалдарды» жариялауды жалғастыруда деп көрсетілді. Газет айтыс түрінде №30-33 нөмірінде өткен заманның діндік – мистикалық ақындарды мадақтайтын мақалаларды (Б. Кенжебаев, М. Ақынжанов, К. Құрышжанов) жариялады. 29 шілдеде «Қазақ әдебиеті» газеті әдеби мұраға арналған хабарлама шығарды, онда фамилиясыз буржуазиялық–үлтшыл жазушылар М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Қ. Кемеңгеровтердің пьесалары берілген. Ал «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткішінде» (құрастырушылар Ш. Сарыбаев, жауапты редактор С. Кеңесбаев) оқырмандарға барлық шығармалары айналымнан алынып тасталған түлғалар үсынылған. Кітаптың тиражы таратылмай үсталынып қалды, Ш. Сарыбаевқа сөгіс берілді. Жинақ тиражы Ғылым Академиясы Президиумының шешімімен жойылды. Ш. Сарыбаевтың қателігін Тіл және әдебиет институтының партиялық жиналысында талқыланған [9, с. 74, 228]. Бұл туралы Ш. Сарыбаев былай еске алған болатын: «Мен 1960 жылы «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» атты еңбегімнің 1–томын жарияладым. Библиографиялық көрсеткіште А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Х. Досмұхамедов, Т. Шонанов еңбектерінің (140 еңбек) тізімі берілгендіктен, ол кітап көзі қырағы цензураның қаһарына үшырап, туралып кетті. Өзім қызметтен қуылып, сөгіс алдым. Соңымнан «саяси сауатсыз» деген ат ерді» [10].

Осы жылдарда Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтына Алаш және Алаш-Орда қозғалысының кейбір өкілдерінің қызметі және оларға байланысты репрессивті шаралар туралы Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті ақпараттар беріп отырды.

1962 жылы 27 тамызда Партия тарихы институты директорының орынбасары П.М. Пахмурныйға берілген ақпаратта Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов,

Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиевтер туралы айтылған [11, с. 41-45]. Онда қайраткерлердің Кеңес өкіметіне қарсы іс–әрекеттері, қызметтері баяндалған. Назар аударатын жайт, аталған зиялылардың барлығына 1958–1960 жылдарда ақтауға байланысты істері көтерілген. Атап айтсақ, А. Байтұрсыновтың ісі бойынша 1958 жылы қосымша тексеру жүргізілді. Бірақ Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті оның Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы белсенді «контрреволюциялық қызметіне» байланысты ақталмаған. Ал М. Дулатовтың ісі 1959 жылы қызының шағымы бойынша Қазақ КСР Прокуратурасында қаралған. Оны да дәл А. Байтұрсыновпен бірдей айыптап, ақтамаған. Ал М. Жұмабаевқа қатысты қосымша тексеру үдерісінде 1960 жылғы 19 мамырда Қазақстан әдебиетшілері мен жазушыларының бір тобы өзінің қорытындысында оның «ұлттық қызметі мен оның шығармашылығының идеялық бағытта» екенін бекітіп береді. Бұл мәселе бойынша қорытындыда М. Жұмабаевтың ақындық мұрасы өзінің идеялық негізінде «буржуазиялық-ұлттық, сондықтан да контрреволюциялық» сипатта болғаны айтылған. Дегенменен, 1960 жылы 8 шілдеде Түркістан әскери округінің әскери трибуналында М. Жұмабаевқа байланысты іс тоқтатылып, ақталған.

Ш. Құдайбердиевтің баласы Ахаттың шағымы бойынша 1958 жылы Семей облысының прокуратурасы тексеру жүргізіп, ақтаудан бас тарту жөніндегі материалдарды қорытындымен қоса КСРО Прокуратурасына жібереді. Ал КСРО Прокуратурасы онымен келіспей, 1958 жылы 28 қарашада қаулысымен Ш. Құдайбердиевтің ісі тоқтатылып, ақталды. Бірақ Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті қосымша тексеру үдерісінде жиналған материалдарды тексеру барысында Ш. Құдайбердиев негізсіз ақталған деп хабарлаған. Шәкәрім Құдайбердиевтің ақталуынан кейін қаншама жылдар құдықта жатқан сүйегі жерленді. Ол туралы баласы Ахат Шәкәрімұлының естелігінен білеміз. Қазақ КСР Халық жазушысы Хамит Ерғалиевтің естелігінде 1959 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде Шәкәрімнің өлеңдері жарияланғанда бұрынғы құзырлы орган қызметкерінің қарсы түрғанын көрсетті. Міне, осындай келеңсіз жайттар Алаш қайраткерлерінің ақталуында кедергі болып түрды. Тіпті 1963 жылы Шәкәрімге байланысты құрылған комиссияның шешімі де ештеңе өзгертпеді 1968–1969 жылдарда Мүсілім Базарбаевтың докторлық диссертациясында Шәкәрім мұраларының талдануы, энциклопедиялық анықтамалықтарда Шәкәрім туралы Қазақ КСР Ғылым Академиясының корреспондент–мүшесі Ысқақ Дүйсенбаевтың мақаласы орын еншілеуі, белгілі жазушы әрі ғалым Мұхтар Мағауиннің батыл әрекеті, табандылығы арқасында Ленинградта, 1978 жылы басылым көрген «Поэты Казахстана» жинағына Шәкәрім өлеңдері енуі, «Литературная газетада» одақ, шетел оқырмандарына танымал қаламгерлер Әбдіжамал Нүрпейісов пен Әнуар Әлімжановтың Шәкәрім мұрасы жайын қозғаған бірнеше мақалалары жарық көрді [12, 77-б.].

Н. Хрущев басқарған «жылымық» деген атаумен тарихта қалған жылдар сталинизмнен құтылған кеңес қоғамында серпіліс туғызды. Орыс демократиялық зиялылары, ақын–жазушылары да әміршіл-әкімшіл мемлекетке қарсы көзқарастарын ашық білдіріп жатты. 1958 жылы Нобель сыйлығын алған Б. Пастернактың «Доктор Живаго» кітабы, 1961 жылы кеңестік саяси репрессиялар құрбаны А. Солженицыннің «Один день Иван Денисовича» деген кітабының жарық көруі кеңес қоғамын дүр сілкіндірді. Бұл үдеріс Қазақстанда жалғасын тапты. Қазақ қоғамы Алаш зиялыларын саяси жағынан ақтамаған соң, олардың шығармашылық мұрасын ақтауға күш салды. Алаш қайраткерлерінің мәдени мұрасын жариялау қолға алына бастады.

Осы жылдарда Алашқа байланысты үлкен дау–дамай 1960 жылы ақталған Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын халыққа танытуға байланысты қазақ интеллигенциясы мен республика басшылығы арасындағы күрес арқылы өрбіді.

1968 жылы 10 қаңтарда Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы туралы ҚазМУ-дың кеңейтілген Ғылыми Кеңес мәжілісінде, орыс тілінде баяндама жасап,

Х. Махмудов сөз сөйледі. Сол жылдың наурыз айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюро мәжілісінде «Қазақ мемлекеттік университетінің филология кафедрасының М. Жұмабаевтың саяси мұрасын бағалаудағы дұрыс емес шешімі туралы» қаулы қабылдаған болатын [13]. Осы Ғылыми Кеңесте Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын талдау бойынша ғалым А. Жовтистің естеліктерін Алаш тарихын зерттеуші-ғалым Р. Нұрмағамбетова жазды. А. Жовтистің айтуынша, орыс филологиясы кафедрасының меңгерушісі, профессор Х. Махмудовтың бастамасымен ақын М. Жұмабаевтың әдеби шығармашылығын талқылау ұсынылған. Аталған шараны ұйымдастырудың бастапқы кезеңінде ол А. Жовтисті Мағжан Жұмабаевтың ақындық мұрасын зерттеуге ендірген. Х. Махмудов М. Жұмабаевтың ақталуына толық сенімді болған, ол ұлы ақынның аты мен шығармашылығын қайтаруда бірінші қадам жасауды өзінің парызы деп есептеген. Сондықтан да М. Жұмабаевтың өлеңдерін іздеу, аудару, жариялау байланысты барлық дайындық жұмыстарын ашық жүргізілген, қызығушылық білдірген тұлғалар мен органдарға хабарланған. Х. Махмудов пен оның әріптестерінің бастамасын ол кездегі республика мәдениет министрі І. Омаров қолдаған. Профессор Х. Махмудов М. Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы мақала дайындаған. А. Жовтис ақынның кейбір өлеңдерін қазақ тілінен орыс тіліне аударуды жүзеге асырған. Ғылыми Кеңес мәжілісінде болғалы отырған талқылау туралы Қазақстан Жазушылар Одағына хабарланған [14, с. 427].

Профессор Х. Махмудов «Қазақ ақыны», «Казахский лирик» деген мақалаларында Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы, оның ішінде ақындығы, стилі, лирикасы, қазақ әдебиетіне қосқан үлесін кеңінен баяндайды. Өткенді ұмыту өліммен бірдей екенін айта келіп, Х. Махмудов Мағжанның өзінің жігері мен талантының әбден кемеліне келіп, толықсып түрған шағында жеке басқа табынудың құрбаны болғандығына тоқталды. Сондықтан оның ақындық мұраларын жариялайтын уақыт жеткенін көрсетті. Профессор Х. Махмудов Мағжанның ескі сарынды ақын ретінде жалғыз болмағанын былай атап берді: «Сұлтанмахмет Торайғыров та Алаш-Орда гимнін, Бейімбет Майлин Алаш-Орданы дәріптейтін өлеңдер жазды. Ал Мұхтар Әуезовті алатын болсақ, оның да көркем әдеби еңбектерінде, әсіресе ол кездегі публицистикасында жат идеяларды қолпаштап жазған туындылар да жоқ емес. Рас, бұл жазушылар адасушылық дертінен айықты» [14, 427-б.]. Ғалым Ш. Елеукеновтің пікірінше, Мағжан қазақ әдебиетінен аулақтатылғанмен, Мағжаннан қазақ әдебиеті аулақтаған жоқ. Сәбит Мұқанов «Қазақ вальсі» өлеңінде негізгі сарынды Мағжанның «Май кірді, жер құлпырды, гүлдер жайнап» өлеңі үлгісіне салды. Кешегі өрт соғыс ішінде Әбу Сәрсенбаев Мағжан «Орамалының» жаңа бір нұсқасындай «Ақша бұлтын» туғызды. М. Майшекин ұлы ақынның «Сен сұлуын» шамалы өзгерістермен әнге бейімдеді [15, 78-79-бб.].

Осының өзінен кеңестіктердің қазақ интеллигенциясы өкілдерінің шығармаларын таңдап алып, іріктеп ақтап отырғаны білінеді. Мүмкін бұл Мағжан Жұмабаев Алаш лидерлеріне жақын болғаннан соң шығар деген ой келеді. Және де Х. Махмудов Мағжан өлеңдеріндегі трагедиялық жайларды сарыуайыммен, ал ұлттық қасиеттерді ұлтшылдықпен шатастырып келген әдеби сыншылар бар екенін анықтап береді. Бұл кезде нақты жұмыстар жасалғанын да мақаладан көреміз. Мәселен, Мағжанның бұрын кеңес баспасында жарияланған көп өлеңдері мен екі дастаны, орысшадан жолма–жол аударғандар Хамза Абдуллин мен Хайролла Махмудов, ал көркем аудармасын А. Жовтис, О. Сүлейменов және Ф. Моргун орындаған. Көріп отырғанымыздай, ҚазМУ-да Мағжан Жұмабаевты ақтау үдерісі барысында біршама жұмыстар жасалды.

Бірақ ҚазМУ оқытушыларының Мағжан Жұмабаевты ақтау жұмысы жүзеге аспады. Осы мәселе бойынша Башкирияның халық ақыны Сайфи Құдаш Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Д.А. Қонаевқа хат жазды. Хаттың

қазақ зиялылары тапсырысымен жазылғаны мәтінінен-ақ көрініп тұр. С. Құдаш 1968 жылы қарашада Қазақ университетінде жиылыс болып, қатысушылар республиканың басшылығына Мағжан Жұмабаев шығармаларының екі томдығын шығаруға өтініш білдіргенін, бірақ Қазақ КСР Компартиясының Орталық Комитетінің жиылысты саяси қателік деп есептеп, қабылдамай тастағанына өкініш білдіреді. Мағжан Жұмабаевтың ақталмау себептерін Сайфи Құдаш іздестіріп көреді. Осыған байланысты сол уақытта өмірден озған, 1964 жылы Есмағамбет Исмаиловпен кездесуін еске алады. Әрине, башқұрт ақыны өмірден өткен адамды әдейі мысалға алған секілді. Әйтпесе, кеңестік террор аты аталған адамды аямаушы еді. Профессор Е. Исмаилов екі себепті атап берген: біріншісі М. Жұмабаевтың қазір ыңғайсыз жағдайда қалған жеке жаулары. Бұрын олар ақынды «әшкерелесе», енді бұрынғы жіберген қателіктерін жөндеуге немесе ақынды бұрынғыдай бағалауды өзгеріссіз қалдыруы керек. Кейбір адамдар екінші позицияны таңдап, өздерінің жеке жалған беделін қазақ әдебиетінің беделінен жоғары қойды деп түсіндіреді. Хатында Сайфи Құдаш ҚазМУ–дағы жиылысқа қатысқандарды «ұлтшыл» ретінде құдалауға қарсы шықты. Ол жиылысқа сегіз бірдей кафедраның оқытушылары және КСРО Жазушылар Одағының хатшысы Л.С. Соболев қатысқанын атап береді.

Біздің ойымызша, бұл XX сиезден кейінгі көптеген жазықсыз адамдардың саяси ақталуынан кейін қоғамдық сана-сезім ояну әсерінен ұлт азаматтары – Алаш зиялылары қызметі мен шығармашылығына қажеттіліктен туындады.

Жетпісінші жылдардың ортасында Алаш зиялыларын ақтауға байланысты ашық хат жазып, пікірін білдірген Ә. Бектасов еді. Ә. Бектасов Жер шаруашылығы комиссары, Су шаруашылығы комиссары, Қазақ КСР Совхоздар халық комиссары қызметтерін атқарған. Ә. Бектасов Қазақстан Компартиясы XVI сиезі мен КОКП XXV сиезі адресіне жазған ашық хатында қазақ әдебиетінің негізін салушылар, «Алаш» қайраткерлеріне қатысты тарихи шындықты қалпына келтіру туралы жазды. Ол кезде дербес зейнеткер еді. Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Мыржақып Дулатовтар ақталуы [16, 428-б.] туралы мәселе көтерді. Ә. Бектасов ақтау жөнінде 1965 жылдан бастап үш рет Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті басшылығына хат жазған, ең соңында қатаң сөгіс берілген. Өзінің айтқанындай, Д. Қонаевқа жазған хаттарында Алаш қайраткерлерінің түбінде ақталатына сенімді болды. Автор жас күнінен-ақ аталмыш зиялылардан тәлім-тәрбие алғанын, олардың шығармаларының өлмес туындыға айналғаны айтылады. Ол Алматы қаласының жанында бұрынғы «Өжет» колхозы территориясында, «Қарасай» деген жерде, кейін халық арасында «Қанды сай» деп аталып кеткен жерде қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушылар С. Сейфуллиннің, Б. Майлиннің, І. Жансүгіровтің сүйектері жатқанын хабарлайды. Олардың сүйегін арулап жерлеп, бауырластар моласын жасауды ұсынады. Бәріміз білетіндей, бұл жерді Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана бауырластар моласына айналдырды.

«Бес арыс» кітабында жарияланған 1970 жылдың 4 қарашасында Б. Кенжебаевтың «Ұстаз», 1979 жылғы 6 ақпанда Ғ. Мұстафиннің жазған «Сыр ашу» мақалалары да Алашты ақтауға деген ұлт зиялыларының ұмтылысын білдіретін деректер болып табылады. Б. Кенжебаев Мағжан Жұмабаевтың ұстаздығын, шығармашылығын айта келіп, «Тоқсанның тобы» секілді ақталу өлеңін жазса да, ақталмағанына өкініш білдірді. Ал Ғ. Мұстафин Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердиевтердің ұмытылып бара жатқанын келтіріп кетеді. Олардың еңбектерінің көмулі жатқанына өкіне отырып, Ғ. Мұстафин былай дейді: «Тап тартысын біздің белсенділер тап мақсатынан өрі өз мақсаттарына көбірек пайдаланды. Өзімен бәсекелестерді құртып алған соң, жалғыз шауып жүйрік атанбақ болды. Егер анау төртеу қатарға қосылғанда, олар шаруаның бір шобыры болып қалар еді. Қазір уақыт өзгерді, қауым жаңарды, тарихымызға сынай қарап, дұрысын дұрыс, бұрысын бұрыс дейтін шақ жетті. ...Мен осы жайды

кейінгі бес алты жылда өзіміздің Орталық Комитетке үш рет кіріп айттым» [12, 77-б.]. Жазушы мысал ретінде орыс жазушыларының ақталуын көрсетеді де, Алаш зиялыларының түбінде бір ақталатынына сенім білдіреді. Сыртына шығара алмағанын «сыр дәптеріне жазып кеттім» дей келе, алаштықтардың түбінде бір ақталатына сенім білдірді.

1972 жылы 18 ақпанда Институт директоры С.Б. Бейсембаевқа қосымша ақпарат берілді [14, 45-47-бб.]. Онда Ә. Бөкейханов, А. Кенжин, Ә. Ермеков, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, М. Тынышпаев, Х. Ғаббасовтар туралы тергеу материалдары бойынша өтіп жатқаны айтылды. Алдыңғы деректерден ерекшелігі, зиялылардың ақталуы жөнінде ақпарат бермеді.

Қазақ зиялыларының ақталуына Алаш қайраткерлерінің ішінен сол кезде қудалау мен қамаудан оралған Ә. Ермековтің де араласқаны туралы ақпараттар да бар. Экономика ғылымдарының докторы, профессор Талғат Әбдіразақов «Атақты жерлесім туралы» деп аталатын естелігінде: «Бұл жылдарда республика басшылары да Ә. Ермековке құрметпен қарады. Оның Д.А. Қонаевтың қабылдауында екі рет болғаны мәлім. Соның бірінде Ә. Ермеков халқымыздың көрнекті ғалымы, жазушы әрі публицист А. Байтұрсыновты ақтау туралы мәселе көтерген. Оған Д.А. Қонаев түсіністікпен қарай келіп – бұл уақыттың ісі. Қазақ интеллигенциясы басқа да өкілдері толық ақталатын күн туады деп жауап қайтарған екен» [8, 222-б.].

Кеңестер Одағында Алашқа тиым салынса да, шетелде ұлттық идеяның өшпес күші бағаланып, жарияланып жатты. «Азаттық» радиосының басшысы болған Х. Оралтай былай сыр шертеді: «Алаш Орда үкіметінің құрылған күнін 1967 жылы тұңғыш рет «Азаттық» радиосы ғимараты тысында, қалада үлкен зал үстап белгілеуді басқару ісін маған тапсырды. Сонымен Алаш күні, яғни Алаш Орда үкіметінің құрылған күнінің 50 жылдық мүшел тойы, Германияның Мюнхен қаласындағы және өзге жақын қалаларда тұратын Түркістандықтардың (яғни қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, түрікпен, үйғыр, тәжік, татарлардың) қатысуымен салтанатты түрде белгіленді. Онда жасалған баяндамаларды мен түрікше аударып Түркия баспасөзіне жібердім. Ол Ыстанбұлда шығатын «Өтүкен» және «Мілли Харекет» Ізмирде шығатын «Түркелі» журналдарында Әлихан Бөкейханның суретімен толық түрде жарияланды» [17, 33-б.].

Осы жылдарда, тіпті, ақталу үдерісі басталғанның өзінде, Алаш қайраткерлерінің шығармашылығын оқуға, таратуға қатаң тиым салынды. Оның ішінде, саясатқа қатысы жоқ әдеби-көркем шығармаларды да жариялау мүмкін болмады. Одан большевиктердің Алаштың ұлттық идеясының халық арасына тарауынан қорыққаны көрінеді. Дегенменен, Алаш идеясын большевиктер түншықтыра алмады. Алаш қайраткерлерін ақтауға деген үмтылыс қанша қудаланса да, кеңес қоғамында жиі–жиі туындап отырды.

КСРО-дағы қайта құру саясатының Алаштың ақталу үдерісіне әсері. Алаштың толық ақталуы елдегі қайта құру саясатының басталуымен байланысты. Отан тарихына деген қызығушылық КСРО құрамында болған барлық мемлекеттерде қатар туындады. Сексенінші жылдардың аяғы –тоқсаныншы жылдардың басында «темір пердеден» құтылған халықтар үшін өткен тарих құрбандары басты мәселеге айналды. Басында стихиялы түрде басталған науқан біртіндеп мемлекеттік дәрежедегі заңдық актілер арқылы жүзеге асырыла бастады.

Аталған кезеңде кеңестік цензура аясында болған мерзімді басылым деректік мәліметтерді жариялауда алдыңғы орынға шықты. Баспасөз құралдары халықтың сана-сезімін оятудағы өз міндетін орындауға көшті. Кеңестік үгіт–насихат құралы енді жүйеге қарсы күшті жарияланымға ауысты. Бұл жерде, әрине, мұрағат қойнауларында жатқан мәліметтерді ашу қажетті болды. Осындай жағдайда саяси репрессиялар тарихын зерттеу күн тәртібіне қойылды. Басында стихиялы түрде басталған науқан біртіндеп мемлекеттік дәрежедегі заңдық актілер арқылы жүзеге асырыла бастады.

Ресей тарихында кеңестік саяси репрессиялар ерекше орын алады. Себебі, тоталитарлық жүйеден аталған мемлекеттің көзі ашық, көкірегі ояу, әлемге адамгершілік құндылықтар негізінде қарайтын зиялылары аса зор зардап шекті. 1922 жылы философиялық «кеме» деген атпен тарихқа енген орыс зиялыларын шетелге жер аудару саясаты, еркін ойлайтын орыс демократиялық ғалымдары мен жазушыларының еңбектеріне тиым салу, «инакомыслия (бөтен ойлайтын)» деген атпен айыпталған қайраткерлер большевиктерге қарсы орыс қоғамының жаршылары еді. 1960-1980 жылдардағы Кеңес өкіметінің тоталитарлық саясатына қарсылық Ресейде ерекше орын алған зиялылар арасындағы диссиденттер қозғалысымен де белгілі.

Қайта құру саясатының арқасында көрнекті ғалым, академик Андрей Сахаровтың Горький қаласына жер аударылған жерінен Мәскеуге қайтарылуы тоталитарлық жүйеге деген қоғамдық көзқарастың өзгеруіне алып келді. Осы кезде Ресейде «Возвращенная литература» деген атпен көптеген кітаптар жарық көрді. Бұл кітаптар Кеңес өкіметінің саясатына қарсы жазылған жазушылар еңбектері. Біріншіден, кеңестік Ресейде өмір сүрген, шығармалары қудаланған жазушылар болса, екіншіден большевиктер қыспағынан шетелге кеткен орыс диаспорасының еңбектері болатын. Олардың қатарында М. Булгаковтың «Собачье сердце», «Мастер и Маргарита», А. Ахматованың «Реквием», В. Шаламовтың «Колымские рассказы», И. Буниннің «Окаянные дни», Солженицыннің «Архипелаг ГУЛАГ», Гроссманның «Жизнь и судьба», Платоновтың «Чевенгур», Замятинның «Мы», Пастернактың «Доктор Живаго» және т.б. шығармаларды айтуға болады. Қазіргі күні бұл шығармалар орыс әдебиетінің алтын қоры болып табылады.

Мәселені зерттеуге кеңес қоғамы даяр еді. 1987 жылы 28 қыркүйекте КОКП Орталық Комитеттің Саяси Бюросы 1930-40 және 1950 жылдардың басындағы репрессиялармен байланысты құжаттарды зерттеу үшін комиссия құрды. Комиссияға 1953 жылдан кейін осы мәселені зерттеген комиссия материалдары, сонымен қатар Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті, осы мекеме жанындағы партиялық бақылау комитеті, Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Марксизм-ленинизм Институты, КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті, КСРО Прокуратурасы және КСРО Жоғарғы Соты құжаттары берілді [2, с.15]. Комиссияға осылайша барлық мәліметтер берілуі оның жұмысына жандандырды. Бұл комиссия Кеңестер Одағы тарағанға дейін жұмыс істеді. Комиссия жұмысының нәтижелері кеңестік репрессиялардан зардап шеккен адамдар тағдырында зор роль атқарды. Материалдар жинау кеңестік үлттық республика Қазақстанда да қарқынмен жүргізілді.

1987 жылы КСРО-да саяси репрессиялар тарихын зерттейтін «Мемориал» [www.memo.ru] Халықаралық тарихи–ағарту, құқық қорғау және қайырымдылық қоғамы құрылды. Басында формалды емес үйым болып құрылған қоғам 1989 жылы ресми түрде тіркелді. 1991 жылдан бастап құқық қорғаушы орталыққа айналды. Бүгінде аталған қоғам Ресейдегі ең белсенді құқық қорғаушы орталық болып табылады. Мекеменің Кеңестер Одағындағы саяси репрессиялар тарихына байланысты өз архиві, кітапханасы, музейі бар. 1989 жылы аталған үйымның Қазақстанда филиалы, «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы деген атпен ашылды.

1988 жылы 4 шілдеде «Заңсыздықтар мен репрессиялар құрбандарына ескерткіштер орнату туралы» Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Саяси Бюросының қаулысы жарық көрді. Қаулыда Мәскеуде жеке басқа табыну жылдарында орын алған заңсыздықтар мен репрессиялар құрбандарына ескерткіш орнату туралы айтылды. Шындығын айту керек, Кеңестер Одағындағы саяси репрессиялар құрбандарына арналған алғашқы ескерткіш Қазақстанда қойылды. 1989 жылы Ақмола облысы, Целиноград ауданында Ақмоладағы «Отанын сатқандар» әйелдері лагерінің құрбандарына арналған ескерткіш ашылды. Аталған лагерь түтқындары арасында Алаш қайраткерлерінің де жүбайлары болды.

1988 жылы 11 шілдеде жарияланған «30-40 жылдардағы және 50 жылдардың басындағы дәйексіз репрессияланған тұлғаларды ақтаумен байланысты жұмыстарды аяқтау бойынша қосымша шаралар туралы» [2, 15-б.] Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Саяси Бюросының қаулысында ақтау үдерісіне жаңа серпін берілді. Яғни, саяси репрессиялар құрбандары азаматтардың шағымдары мен өтініштерінен тәуелсіз түрде жасала бастады. Бұл шара саяси репрессиялар құрбандарының көптеп ақталуына игі әсер етті.

КСРО дәрежесінде басталған шараларға барлық ұлт республикалары араласты. Оның ішінде, Украина, Белоруссия, Қырғызстан, Өзбекстан секілді ұлт республикаларын айтуға болады. КСРО мемлекетінде жүргізілген шаралар бірдей сценариймен жүргізілді. Мәселен, Қырғызстанда 1990 жылға дейін 4870 адам ақталды [18].

Дегенменен, кеңестік саяси репрессияларға көп ұшыраған Ресей, Украина, Қазақстанмен салыстырғанда басқа ұлт республикаларында құрбандар көлемі аз еді. Алғашқы екі ірі республикамен Қазақстанның қатар айтылуының өзіндік себептері жоқ емес. Біріншіден, қазақтар кеңестік түркі халықтарының ішінде саяси репрессияларға көп ұшырады. 1917 жылы 6 миллионға жеткен, ал қазақтар 1937 жылғы халық санағының мәліметтері бойынша қазақтар – 2 181 520 ғана адамды құрады [19]. Мәселен, қазақтың бүкіл зиялылары 1937-1938, 1940-1950 жылдардағы террордың құрбанына айналды, 1921-1922, 1932-1933 жылдардағы аштықтан қазақтың саны 70%-ке азайды. Большевиктер мемлекет басына келгеннен кейін қазақ жерінде өкіметке қарсы 300-ден астам көтерілістер болды. Көтеріліске қатысушылар толықтай құдаланды. Сонымен қатар, Қазақстан жері «сенімсіз» халық ретінде жер аударылғандар үлттар мен КСРО-ның кеңестік еңбекпен түзеу лагерлері орналасқан территориясына айналды.

Ресей мен Қазақстан мемлекеттерінде қайта құру саясатынан кейін жүргізілген жұмыстарды қарастырсақ, саяси репрессиялар құрбандарына арналып көп ізденістер қолға алынғанын көре аламыз.

Еліміздегі жүргізілген саяси репрессияның соңғы толқыны болып табылатын Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін халқымызға таңылған «ұлтшылдық» атауы республикада саяси репрессиялар тақырыбын зерттеудің нақты жолға қойылуына кедергі келтірді. Дегенменен де, отандық ғалымдар ұлттық тарихтың ақтаңдақ беттерін зерттеудің уақыты келгенін дер кезінде сезінді.

1987 жылы 23 желтоқсанда Марксизм-ленинизм институтының қазақ филиалының директоры Б. Төлепбаев КОКП Орталық Комитетіне «Л.Д. Кудериннің хатында келтірілген тұлғалар туралы» хатында [14, 55-58-б.] Алаш қайраткерлерін ақтау мәселесін көтерді. Себебі Л. Кудеринаның арызында қазақ интеллигенциясының көптеген өкілдері дәйексіз репрессияланғаны айтылды. Ол қазақ зиялыларының көпшілігі кеш ақталса да, оларға деген жағымсыз көзқарас өзгерген жоқ, олардың әдеби және ғылыми мұралары әділетсіз ұмытылды деген пікірді көрсеткен. Институт бұл жағдай олардың саяси қызметімен, олар Алаш-Ордадағы «контрреволюциялық» байланысты деп есептейтінін білдірді. Бірақ, сонымен қатар, олардың өмірлік қызметіне терең ғылыми зерттеулер жүргізілмегенін, әдеби және ғылыми еңбектеріне баға берілмегенін атап берген. Тек қана олардың «контрреволюциялық, антикеңестік» қызметін бейнелейтін МСБ-IIХК құжаттары ғана бар екенін анықтаған. Оларды ақтау жеке-жеке жүргізілу керек екенін айта келіп, осы мақсатта Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті немесе республика үкіметінен арнайы білікті комиссия құру керек деп есептеді.

Алаш зиялыларының заңдық тұрғыда ақталуы. Алаштың ақталуының басталуы Орталықта, яғни Мәскеуде осы жылдарға дейін ақталмай келген «Антикеңестік троцкийшіл блоктың» ісімен тікелей байланысты. 1956-1963 жылдары басталып, аяқсыз қалған троцкийшілдер ісі қайта көтерілді. 1988 жылы 21 қаңтарда «Антикеңестік троцкийшіл блоктың» ақталуына байланысты КСРО

Прокуратурасы КСРО Жоғарғы Соты Пленумына протест түсірді [2, 235, 240-бб.]. Осы жылы 4 ақпанда КСРО Жоғарғы Сотының Пленумы ақтауға қол қойды.

1988 жылдың қаңтарында Қазақстан Жазушылар Одағының бірінші хатшысы Олжас Сүлейменовтің сұрау салуы бойынша Қазақ КСР-нің Бас прокуроры Ғ.Б. Елемесов «Алашорда» қайраткерлерінің үстінен жүргізілген тергеудің заңсыз жүргізілгеніне наразылық білдіріп, Қазақ КСР Жоғары Сотына ұсыныс жасады.

1988 жылы 4 қарашада Жоғары соттың қылмысты істер жөніндегі алқасының мәжілісінде «Кеңес өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлату мақсатында үйымдасқан «Алашорда» қайраткерлерінің контрреволюциялық, террористік астыртын құпия үйымын әшкерелеу ісіне» қатысты сот үкімі қайта қаралды. Оған Қазақ КСР Жоғары сотының төрағасы Т. Айтмүхамбетов, Жоғары соттың мүшелері К. Кенжебаев, Е. Грабарник және Қазақ КСР Бас прокуроры Ғ. Елемесов қатысты. Жиыны 14 томдық тергеу ісінің егжей–тегжейлі зерделей тексеріп, барлық куәлардың шағымдарымен танысып, тергеу тарапынан өрескел бұрмалаушылық пен заңсыздықтардың жол берілгенін анықтады. Сол кездегі Құқықтық комиссияның төрағасы, «Жұлдыз» журналының сын бөлімінің меңгерушісі, жазушы Т. Жүртбайдың Жоғары Соттың мүшесі К. Кенжебаевқа берген әдеби-сараптамалық қорытындысы бойынша «Алашорда» қайраткерлерінің шығармалары мен ғылыми еңбектеріндегі Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізілмегені расталды. Осыдан соң шығарылған Жоғары сот шешімінің негізінде Жоғары соттың мүшесі Қ. Кенжебаев Қазақстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшысы Г. Колбиннің атына Олжас Сүлейменовтің қолымен «Алаш» қайраткерлерін ақтау туралы қорытынды ұсыныстың мәтінін даярлады. Қазақстан Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Ө. Жәнібековтің араласуымен Ғылым Академиясында арнайы комиссия құрылды, сол комиссияның шешімі бойынша Алаш қайраткерлерін саяси және шығармашылық түрғыдан ақтау туралы арнайы қаулы шықты [20, 3-4-бб.].

Мәселені шешуде басты ролді Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институты ғалымдары атқарды. Кеңестік билік әлі де дүрілдеп түрған 1987-1988 жылдардың өзінде-ақ, қазақ интеллигенциясы көрнекті өкілдерінің большевиктер тарапынан құдалану қасіретін алғаш рет сол кездегі институт директоры Р. Сүлейменов көтерді.

1988 жылы 25 тамызда «Социалистік Қазақстан» газеті аталған институттың тарихшыларымен жүргізілген «Тарихтың әр парағы қымбат бізге» деп аталатын дөңгелек үстел материалдарын [21] жариялады. Дөңгелек үстелде «Ақтаңдақ дегеніміз не?», «Себеп қандай, себепкер кім?» деген сұрақтарды талдай келіп, «Толғақты мәселелерді таразыласақ», «Жұмыла көтеретін жүк ауыр» деген түйіндер жасады. Бұл талқылау отан тарихының күрделі кезеңдерін жаңа көзқараспен қараудың түжырымдамасының негізін салды. Қай кезде де қандай да жүкті алғаш болып көтеру қиын екендігі бесенеден белгілі. Р. Сүлейменов жауап беру кезінде сталиндік репрессия кезіндегі ұлт зиялыларының тағдырына төмендегідей теориялық баға берген болатын: «30-50-жылдардағы репрессияның табы бүгінгі күнімізден де сезілетіні шындық. Жөнсіз, жосықсыз құдалау біздің интеллигенцияны зәрезап қылғандығы сонша, үрейдің өзі мұра сияқтанып, бір үрпақтан екіншіге жалғасып келеді. Ешқандай репрессияға ұшырамаған бүгінгі жас ғалымдардың өздері тартыншақтық танытады, бірдемені бүлдіріп алармыз, одан да жазбай-ақ қояйық деген пиғыл бар». Ғалымдардың осындай көзқарастар айтуы қоғамдық пікірдің қалыптаса бастауы мен репрессия құрбандары тарихына қызығушылықтың үлғаюына алып келгені сөзсіз.

Алғашқы күн тәртібіне қойылған мәселе кеңестік билік түсында ерекше құдаланған үлттық мемлекеттіліктің негізін салушы Алаш қозғалысы туралы түжырымдама жасап, оқыған азаматтар идеяларын халқына қайтару еді. Қазақстанда 1988 жылы қоғамдық қысым әсерінен Қазақстан Коммунистік

партиясының Орталық Комитеті жанынан тоталитарлық жүйенің құрбаны болған қазақ мәдениеті мен ғылымының көрнекті қайраткерлерінің шығармашылық мұрасын қайта қарау үшін құрылған комиссия [22] шешімдері жарық көрді.

1988 жылғы 7 маусымда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мәдениет, үгіт және насихат, ғылым және оқу орындары бөлімінің ұсынысы бойынша «А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев шығармашылық мұрасын зерттеу туралы» комиссия құрылды [14, 406-407-бб.]. Комиссия құрамында белгілі ғалымдар, қоғам қайраткерлері Қазақ КСР Ғылым Академиясы вице-президенті Ж.М. Әбділдин, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мәдениет бөлімінің көркем әдебиет секторының меңгерушісі Т.Ә. Әбдіков, жазушылар Ә. Әлімжанов, Г. Бельгер, М. Мағауин, Ә. Тәжібаев, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академиктері З. Ахметов, С. Зиманов, М. Қаратаев, С. Кеңесбаев, Қазақ КСР Ғылым Академиясының мүше-корреспонденттері С. Қирабаев, М. Қозыбаев, Мұрағат басқармасының бастығы С. Байжанов, филология ғылымдарының докторлары М. Базарбаев, Р. Бердібаев, Р. Сыздықова, А. Шарипов, тарих ғылымдарының докторы В. Григорьев, Қазақ КСР Ғылым Академиясы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтынан Ш. Елеукенов, Қазақ КСР Ғылым Академиясы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының директоры Р. Сүлейменов, Қазақ КСР Ғылым Академиясы Тіл білімі институтының дирек-торы А. Қайдаров, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты директоры Б. Төлепбаев, Қазақ кеңес энциклопедиясының бас редакторы Р. Нұрғалиев, Қазақ КСР Прокуроры Ғ. Елемесов, «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы К. Дүйсеев, «Казахстанская правда» газетінің редакторы Ф. Игнатов, «Простор» журналының редакторы Г. Толмачев, Қазақ КСР Ғылым Академиясы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының революцияға дейінгі қазақ әдебиеті бөлімінің меңгерушісі Ш. Сәтпаева, «Жазушы» баспасының директоры М. Сқақбаев және т.б. болды. Комиссия мүшелері Алаш зиялыларын ақтауды ынтымақтастықта жасап, жұмысты аяғына жеткізуді тез жүргізген. Одан шығатыны, сол жылдардағы қазақ интеллигенциясы өкілдері тарихи шындықты қалпына келтірудің қажеттілігі мен ұлт алдындағы міндеттерін адал атқарып шыққан.

Комиссия қорытындысы мәтініне назар аударсақ, жоғары білікті дәрежеде жасалғаны көрініп түр. Әрбір Алаш қайраткерінің өмірі, қоғамдық-саяси қызметі, шығармашылық мұраларына нақты баға берілді. Бұл Алаш зиялыларының толық ақталуының ақиқатқа айналуы еді.

1988 жылы қазан айының 19 күні Қазақ КСР Жоғары Сотында А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев – жиыны 14 адамның ісін қайта қарап бұзып, ақтау жөніндегі Қазақ КСР Прокуроры Ғ. Елемесов наразылық түсірді. Бұл іс Қазақ КСР Жоғары Сотының 1988 жылғы қараша айының 4 жұлдызы күні қаралды. Сөйтіп, 1930 жылы 4 сәуірде ОГПУ коллегиясының қаулысы бойынша жазаланған 14 боздақ – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов бас болып, түгел ақталды. Сондай-ақ. А. Байтұрсынов жөнінде 1937 жылғы 25 қарашада УНКВД Алматы облыстық үштігі қабылдаған қаулы дербес қаралып, ол да заңсыз деп табылды [15, 79-81-бб.].

1988 жылы 20 желтоқсанда Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің «Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов және Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылық мұрасы туралы» қаулысы шықты. Қаулы осы қайраткерлердің қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби жөніндегі тарихи шындықты қалпына келтіруде, олардың шығармашылық мұрасын уағыздауда және жариялауда ерекше орын алды [14, 59-б.]. Осы комиссияның құрамында болған, төрағаның орынбасары Ш. Елеукенов жұмыс барысын Мағжан Жұмабаев туралы еңбегінде кеңінен баяндады. Ол ақталудың жүзеге асуын төмендегідей баяндайды: «...Ахмет Байтұрсынов сотталғанда қылмысты процессуалды кодекстің сол кезде

күшінде түрған бірде-бір ережесі сақталғалмаған. Оны қамағанда айыбы не екені де дәлелденбеген. Қылмысты деп табылғаны жайында іс қозғалмаса да, тергеуге түскен. Тергеуді аяқтаған соң, айыпкер деп табылған адам өзін қаралаған іспен таныстырылуы міндетті екен. Мұны істемеген. Ахаңды қорғаушы адвокат алу құқығынан айырған. Үкім сырттай шығарылған. Және үкім шығарушылар – заң орындары емес, атақты «тройка». Осының бәрі 1988 ж. Қазақ КСР Жоғары Сотының қылмысты істер жөніндегі коллегиясында баяндалғанда, көрген коллегия мүшелері: «Апырай, заңды да соншалықты қорлайды екен-ау!» десіп, жағаларын үстады. Мағжан ісімен, басқа да ағалардың ісімен танысу қажеттілігі Шәкәрімді ақтау жолындағы арпалыста алған сабағымызға байланысты болатын. Республика Қауіпсіздік комитеті барынша қарсыласып бақты. Жетпістің үстіне шығып кеткен Шәкәрімге бандиттерді басқарған деген отызыншы жылдардың қауесетін таңып бақты. Жеме-жемге келгенде, КГБ төрағасы генерал Мирошникке біз айтқан дәлел: Шәкәрім сотталды ма? Сотталған жоқ. Ендеше оған қандай да бір айып тағуға қақыларыңыз жоқ. Бұл – заңға томпақ, – деп әжектеймін баяғы. Сотталмаған, үкім шықпаған іс бойынша адамға айып тағуға сол кезде түкірігі жерге түспей түрған КГБ-нің де шамасы келмейді екен. Ақыры Мирошниктің аузына құм құйылып, Шәкәрім ақталды» [15, 78-79-бб.].

Тоқсаныншы жылдардағы тарихшылар зерттеулері ішінде шоқтығы биік түрған Алаш қозғалысына байланысты сүбелі үлес қосқан еңбектер болып табылды. Қазақ мемлекеттілігін орнату жолында күрескен ұлттық-демократиялық интеллигенцияның қоғамдық-саяси қызметін жаңа тарихи дерек көздері арқылы анықтап, алаштықтарды дәріптеуде тарихшылар Д. Аманжолова, К. Нұрпейісов, М. Қойгелдиевтердің [23] монографиялары зор роль атқарды. Бұл зерттеу жұмыстарында 1917-1920 жылдардағы алаштықтардың большевиктерге қарсылықтары, азамат соғысы кезіндегі елдегі жағдайға қарым-қатынасы жан-жақты анықталды.

Осылайша Алаш зиялыларының жылдарға созылған ақталуының ақиқатқа айналды. Қазақ даласын ақталып, өмірге қайта келген Алаш ұраны кезді. Бұл ақиқат үні – қазақ тарихына жаңа серпін әкелген, тың, ұлттық тарихи деректерді енгізуге мүмкіндік берген кезең болатын.

Отан тарихындағы Алаш тақырыбы. 1989 жылы 5 қаңтарда Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Саяси Бюросының «30-40-жылдардағы және 50-жылдарда орын алған репрессия құрбандарына қатысты әділеттілікті қалпына келтіру бойынша қосымша шаралар туралы» [2, 17-18-бб.] қаулысы жарық көрді. Қаулыда 30-40 және 50-жылдардың басында «Үштік», «Ерекше Кеңеспен» шығарылған барлық соттан тыс жасалған шешімдер жоққа шығарылды.

1989 жылы шілдеде Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті жанындағы партия институтында болған «Алаш-Орда: бастау көзі, қызметі және құлауы» тақырыбындағы дөңгелек үстел болып өтті. Оған белгілі тарихшылар қатысып, Алаш-Ордаға тарихи баға беруді қарастырды [14, 197-214-бб.]. Осы уақыттан бастап отандық тарихшылар саяси репрессиялар тарихын зерттеуге белсене араласты. Алдымен мерзімді басылым беттерінде материалдарды жариялау көбейді. Бұрын белгісіз болып келген құжаттарды ғылыми айналымға енгізу үдерісі басталды. Олардың кейбірі әлі күнге дейін жан-жақты талданған жоқ, қайта құру кезеңіндегі баспасөз деректері зерттеу обьектісі болып қаралған диссертациялық ізденістер де жоқ.

Отандық тарихнамада саяси репрессияға ұшыраған қазақ интеллигенциясы тағдырын, тарих ғылымындағы орнын анықтау әрі қарай жалғаса берді. Қазақ КСР Ғылым Академиясының мерейтойлық сессиясының жалпы жиылысында сөйлеген сөзінде академик Р. Сүлейменов осы мәселені қозғады. Алаш қайраткерлеріне әлі де баға берілмеген кездің өзінде-ақ, Р. Сүлейменов олардың тағдырын Кеңес өкіметінің азамат соғысынан кейінгі жылдардағы амнистиясымен байланыстырып,

ақталуы қажеттілігіне тоқталды. Оның ішінде, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытовтарды сталиндік жаппай саяси репрессиялардың құрбандары деп атады [24] деп келтіреді.

Жылдар бойы жабық келген Алаш қозғалысы тақырыбын зерттеу аталған кезеңде өзекті мәселеге айналды. Алаш қайраткерлерінің шығармаларын жариялау үдерісі басталды, алғашқылар қатарында А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаевтар еңбектері жарық көрді [25].

Ақталу үдерісіне мерзімді басылым да зор үлес қосты. Алаш қайраткерлерін ақтау үшін олардың қоғамдық-саяси қызметін талдаған мақалалар мерзімді басылымдарда шығып жатты. Алғашқы авторлар қатарында Т. Кәкішов, А. Сармурзин, М. Бурабаев, К. Нүрпейісовтер болды [26]. Бұны ұлттық сана-сезімнің оянуы деп қарастырамыз. Себебі тарихшылар мен әдебиетшілердің мақалалары қазақ қоғамында үлкен серпіліс тудырды.

Бұл жұмыстың басында 1989 жылы 16 қыркүйектегі КСРО Жоғары Кеңесі Президумының «30, 40, 50-жылдар басында орын алған репрессия құрбандарына қатысты әділеттілікті қалпына келтіруге байланысты қосымша шаралар туралы» жарлығы түрды, оған сай Ресейде миллионға жуық қылмыстық істер қайта қаралды және 1 073 750 адам ақталды [27].

1990 жылдан кейін саяси репрессия тарихын зерттеу, деректерді жариялау мемлекеттік дәрежеге көтерілді. 1990 жылы 6-7 наурызда «Қазақстан Коммунистік партиясы тарихы: жаңа қадамдар, бағалар, түжырымдамалар» тақырыбындағы ғылыми–практикалық конференция болды. Осы жылдың 30 мамырында Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті жанындағы партия институты Ғылыми кеңесінің Алаш қозғалысы тарихын зерттеу және оның осы кезеңмен байланысы мәселесін талқылау бойынша мәжілісінде тақырып күн тәртібіне қойылды [14, 215-225-бб.]. Осылайша, Алаш тақырыбы сексенінші жылдардың аяғында өзекті мәселеге айналды. Ширек ғасырдан астам уақыт бойы қалтарыста қалып келген большевиктерге қарсылық тарихы анықтала бастады.

Қазақстандағы саяси репрессиялар құрбандарын ақтау туралы заңдық актілер. 1990 жылдарда Кеңестер Одағында саяси репрессиялар құрбандарын жаппай түрде ақтау мемлекеттік органдар тарапынаннақты түрде қолға алына бастады.

Әрине, алдымен аталған жұмысты Ресей Федерациясы бастады. Себебі Ресей Президенті жанындағы саяси репрессиялар құрбандарын ақтау бойынша комиссия төрағасы Александр Яковлев болатын. А. Яковлев – 1988 жылдан бастап 30-40-жылдардағы және 50-жылдардың басындағы репрессиялармен байланысты материалдарды қосымша зерттеу бойынша Саяси Бюро Орталық Комитетінің комиссия төрағасы, Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті төрағасы. КСРО-да, Одақ құлағаннан кейінгі Ресейде де үлкен беделге ие адам. Ол бұл мәселенің шешілуінде роль атқарғаны сөзсіз. Ал әлі де тәуелсіздік алмаған ұлттық республика Қазақ КСР-інде жағдай басқаша болды. Қазақстанда саяси репрессиялар құрбандарын ақтау шаралары сол кездегі Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, академик М. Қозыбаевтың басшылығымен жүргізілді. Қазақстандық тарихшылар мемлекеттің қамқоршылығынсыз, қоғамдық негізде жұмыс істеді. Осы мәселе репрессиялар тақырыбын зерттеуге тікелей әсер етті.

1990 жылы 7 шілдеде 30-40 және 50-жылдардағы дәйексіз репрессияланған адамдарды ақтау мәселесі бойынша Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1988 жылғы 11 шілдедегі және 1989 жылғы 5 қаңтардағы қаулыларының орындалу барысы туралы Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Хатшылығының қаулысы жарық көрді. Қаулыда жоғарыда айтылған қаулылардың бүкіл КСРО бойынша орындалу үдерісіне талдау жасалған.

Аталған жұмысты жүргізген Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жанындағы партиялық бақылау комитеті болып табылды. Берілген мәліметтер бойынша, Қазақ КСР-і бойынша 29 183 адамның ақталғаны берілген [2, 329-б.]. Бірақ Қазақ КСР–і ақталу үдерісі аяқталмаған ұлттық республикалар қатарында болды. Сол кезде ақталу жұмысы республикада оперативті түрде жүргізіліп жатқан болатын.

1990 жылғы 13 тамыздағы КСРО Президенті М.С. Горбачевтің «20-50 жылдардағы барлық саяси репрессия құрбандары құқықтарын қалпына келтіру туралы» жарлығы жарияланды. Жарлықта сталиндік репрессияның кеңес халқына жүргізген жазалау шараларының заңсыздығы анықталып, ақтауға қадам жасалды. Аталған құжатта Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы XX сиезінде басталған әділеттілікті қалпына келтіру үдерісі үздіксіз жүргізілмей және шын мәнінде 60 жылдардың екінші жартысында тоқтатылды деп айтылды. Жарлық бойынша нақты қаулы қабылданды, яғни ұжымдастыру кезінде шаруаларға, сонымен қатар 20-50 жылдарда басқа да азаматтарға саяси, әлеуметтік, ұлттық, діни және басқа да себептерге қатысты жүргізілген репрессиялар адамның негізгі азаматтық және әлеуметтік–экономикалық құқықтарына қарсы болғандықтан заңсыз деп табылды және осы азаматтар құқықтары толығымен қалпына келтірілді [2, 332-бб.]. Сонымен қатар бұл үдерісті байқап қарау КСРО Президенттік кеңесіне тапсырылды.

Мәселені Қазақ КСР Президенті Н. Назарбаев та көтерді. 1990 жылғы 18 қыркүйекте Н. Назарбаевтың «30-40 кезеңдегі және 50-жылдар басындағы заңсыз репрессиялардан зардап шегіп, ақталған азаматтарға көмек көрсету бойынша шаралар туралы» жарлығы [28] жарияланды. Іле-шала 1990 жылғы 16 қарашада Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің «30-50 және 50 жылдарда орын алған әлеуметтік-саяси себептер бойынша басқа да соттық және сотсыз тыс репрессияларға ұшыраған және қылмыстық жауапкершілікке дәйексіз тартылған азаматтардың материалдық–тұрмыстық жағдайларын жақсарту бойынша қосымша шаралар туралы» қаулысы шықты. Қаулы аталған уақыт үшін аса маңызды болды.

Бұл маңызды мемлекеттік мәселелердің шешілуінде ұстанымды жаңа кезеңді 1991 жылы 18 қазанда қабылданған Ресей Федерациясының «Саяси репрессиялар құрбандарын ақтау туралы» заңы [29] бастады.

Тоқсаныншы жылдардың басында тарихшылардың кеңестік билікке қарсы күрескен қазақ интеллигенциясы қоғамдық-саяси қызметін зерттеудегі ең үлкен жетістіктерінің бірі – Мұстафа Шоқайдың есімінің қайтарылуы. Большевиктерге қарсылығын шетелде жалғастырған қайраткер еңбектері коммунистік жүйе кезінде мүлдем дерлік зерттелінбеді. Оны ақтау ұлт алдындағы үлкен міндетке айналды. Жазушы Ә. Әлімжанов алғашқы авторлардың қатарында болды. Осыдан кейін мерзімді басылымдарда көптеген мақалалар жазылып, еңбектер жарық көрді [29].

КСРО тарихы және жаңа деректердің жариялануы. КСРО құлағаннан кейін әміршіл–әкімшіл мемлекеттің тарихын зерттеу алдыңғы орынға шықты. Жаңа деректерді жариялау күн тәртібіне қойылды. Тарихшылардың тарихты қайта жазуға ұмтылуы халықтың ақиқатқа деген сұранысымен дәл келді.

Ресей Федерациясында саяси репрессиялар тарихы зерттеудің басты мақсаты құжаттар жинақтарын жариялау болды, бұл жөнінен олар табысқа жетті. Ресей мұрағаттары шет елдермен бірлесіп, том-томдап кітаптар шығарды. Оның ішінде көбінесе орталық мұрағаттар материалдары жарық көрді.

XX ғасыр тарихы бойынша құжаттық жарияланымдарды даярлауға қатысты 1990 жылдардағы археографиялық серпіліс Ресей қоғамының жаңаруымен байланысты. Ресей мұрағаттары бұрынғыдан қарағанда қол жетерліктенді, бұл құжаттарды тарихшылар мен мұрағаттанушылардың белсенді пайдалануын қамтамасыз етті. Сонымен қатар, Ресей мұрағаттарын игеру мұрағат ісін, елдің басқа да өмір сүру қызметінің барлық саласын қамтыған ауыр экономикалық дағдарыс жағдайда өтті [30]. Кеңестік деректерді жариялауды ұйымдастыру

басында 1992 жылы Росмұрағат Алқасы мен РҒА тарихы бөлімі бюросы бекіткен атаулар, 1992-2000 жылдардағы бірінші жинақталған жоспарды даярлау және құжаттық жарияланым басылымдары түрды. Аталған жоспар орта ғасырдан XX ғасырға дейінгі ресейлік және әлемдік тарихты қамтитын 12 тақырыптық бөлімдер бойынша бөлінген 157 құжаттық басылым атауларын кіргізді. 2000 жылы қыркүйекте 2001-2005 жылдар аралығында жарық көрген 108 құжаттық басылымның атауы шықты, бұл 1992 жылы бекітілген жоспардың 70% құрады [30, 40-б.].

КСРО-ның құлауы, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде тарихи аренаға шығуы саяси репрессиялар тақырыбының отан тарихында іргелі мәселе ретінде қойылуына игі әсер етті. Большевиктер құдалауынан зардап шеккен халықтар қатарында қазақтар да Алаш қозғалысы тарихы мен оның қайраткерлері, экономикалық саясаттың әсерінен болған қарсылықтардың құрбандарына, әр жылдардағы аштық зардаптарына тоқтала бастады.

Қазақстанда саяси репрессиялар құжаттары әлі күнге дейін толық шығып болған жоқ, біздің зерттеушілер тек қана соңғы жылдарда ғана деректерді жариялауды қолға алды. Аталған кезеңде кеңестік цензура аясында болған мерзімді басылым деректік мәліметтерді жариялауда алдыңғы орынға шықты. Баспасөз құралдары халықтың сана-сезімін оятудағы өз міндетін орындауға көшті. Кеңестік үгіт-насихат құралы енді жүйеге қарсы күшті жарияланымға ауысты. Бұл жерде, әрине, мұрағат қойнауларында жатқан мәліметтерді ашу қажетті болды. Негізінен, алғашқы кезде тақырып диссертациялар мен жекелеген кітаптарда айқындалып жатты. Осындай жағдайда саяси репрессиялар тарихын зерттеу күн тәртібіне қойылды.

Екі мемлекеттің осындай шаралары мұрағат құжаттары үлкен легінің ғылыми айналымға енуіне мүмкіндік берді.

Ресей мемлекетінің репрессивті саясатына байланысты мұрағат құжаттарын құпиясыздандыру үшін 1992 жылғы 23 маусымдағы Ресей Президенті Б.Н. Ельциннің «Жаппай репрессия және адам құқығына қол сұғушылық үшін негізге қызмет еткен заңдық және басқа актілердің шектелген белгісін алып тастау туралы» жарлығы үлкен маңызға ие болды. Бұл мұрағаттанушыларға жаңа құжаттарды құпиясыздандыру бойынша үлкен жұмысты жасау үшін қажетті негіздеме берді [31].

1993 жылдың 14 сәуірінде Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси репрессия құрбандарын ақтау туралы» заңын жүзеге асыру барысында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары үлкен жұмыс істеді. «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының басшылығы және белсенділерімен бірге және республика Ұлттық қауіпсіздік комитеті басшылығы көмегімен ғылыми конференциялар мен семинарлар өткізілді, сталинизм кезеңіндегі жаппай саяси репрессиялар құрбандарының тізімі алынды. Жекелеген құжаттар, оның ішінде жаппай саяси репрессияны жүргізу үшін негіз болған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен бұрынғы Өлкелік Комитет және БКП(б) Орталық Комитеті қаулысы құпиясыздандырылды, жарық көрді [32, 28-б.].

1996 жылы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «1997 жылды жалпыұлттық келісім және саяси репрессия құрбандарын есте сақтау жылы деп жариялауы туралы» жарлығы шықты. Жарлық қазақстандықтардың өмірінде үлкен роль атқарды деп айтуға болады. Саяси репрессия құрбандары мен үрпақтары ақталу туралы құжаттарын көптеп ала бастады, 31 мамырда саяси репрессия құрбандарын еске алу күні ретінде жалпыхалықтық шараларды ұйымдастыру қолға алынды.

Бұл саяси репрессиялар тарихын зерттеуге үлкен қызығушылық тудырды. Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси репрессиялар құрбандарын ақтау туралы» заңы шыққаннан бастап республика прокуратурасы 7 693 қылмыстық

істерді қарады, ол бойынша 10 938, оның ішінде 1997 жылы – 2 415 тұлға ақталды. 20 ірі ғылыми-теориялық конференция, 39 «дөңгелек үстел» мәжілістері, 12 бұрынғы репрессияланғандар мен олардың отбасы мүшелерімен әкімдерімен кездесулер өткізілді [32, 28-б.].

Сонымен қатар, саяси репрессия құрбандарын ақтауда Ресей мен Қазақстан да бірігіп жұмыс істеді. 2000 жылы мамырда Төменгі Тагилдік ҒЗО – «Тарихи информатика» лабораториясымен Форд қайырымдылық қоры және «Мемориал» халықаралық қоғамы қолдауымен «КСРО саяси репрессиялар құрбандары Біріккен электронды мәліметтер банкісін құру мәселесі» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференциясы өткізілген болатын. Бұл конференция «Қайтарылған есімдер» жобасын жасады және оның координациясы үшін жұмысшы тобын құрды. Жобаның координаторы жұмысы Төменгі Тагиль мемлекеттік педагогикалық институтына тапсырылды [33]. Қазақстанда бұл мақсатта Ұлттық Ғылым Академиясы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, «Әділет» қоғамы жұмыс істеді. Бүгінгі күні осы бастама негізінде Қазақстанда 14 «Азалы кітап» («Книга скорби») жасалынды. Оның ішінде, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызыл–Орда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша кітаптар шығарылды. Қазақстан бойынша 146 400-ға жуық репрессияланғандар есімдері анықталды [32, 4-5-бб.]. Тізімдегі адамдар Қазақстан бойынша ұсталып, репрессияға ұшырағандар болып табылады.

Осылайша, өткен ғасырдың аяғында Алаш идеясы мен зиялылары толық ақталды. Халқымен қайта қауышқан қазақ зиялылары Отан тарихының төрінен орын алды, олардың тәуелсіздік туралы идеялары өзектілігін ешқашан жойған емес. Қоғамдық-саяси өмірлеріне қатысты деректер үздіксіз жариялануда, шығармалары ұлт тарихының басты дерек көзіне айналды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Әбжанов Х.М. Алаш аманаты және ұлттық идея // Алаш және Әуезов. Халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары. – Алматы: Жазушы, 2007. – 89-100-бб. – кітап

2. Реабилитация. Политические процессы 30-50-х годов (под. общ.ред. А.Н. Яковлева). – М.: Политиздат, 1991. – 461 с. – кітап

3. Архив Троцкого. Коммунистическая оппозиция в СССР. 1923-1927. Том 2. “ТЕРРА”,1990. – С. 197-198 – кітап

4. Политические репрессии в Казахстане в 1937–1938 гг. Сборник документов / Отв. редактор Л.Д. Дегитаева. – Алматы: Казахстан, 1998. – 336 с. – кітап

5. Верт Н. История советского государства: Пер.с фр. – М.: Издательства “Весь мир”, 2006. – 560 с. – кітап

6. Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты. 430-қ., 2-т., 35-іс, 17-п. – мұрағаттық құжат

7. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 ж. – Алматы: «Ел – шежіре», 2007. – Т.3. – К.1. – 304 б. – кітап

8. Өскембаев Қ. Ә.Ә. Ермековтің қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі (1891–1970 жж.). – Қарағанды: МББҚБА және ҚДИ, 2003. – 277 б. – кітап

9. Капаева А. Культура и политика (Государственная политика в области культуры в Казахстане во второй половине 1940-х–1991 гг.). – Алматы: Атамұра, 2004. – 328 с. – кітап

10. Сарыбаев Ш. Адамды орта өсіреді // Ана тілі. – 2001. – 8 наурыз – газет

11. Движение Алаш. Из истории изучения вопроса. Сб. документов и материалов. 1918–2007 гг. – Алматы: Ел – шежіре, 2008. Т.4. – 472 б. – кітап

12. Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар./ Құраст. Д. Әшімханов. – Алматы: Жалын, 1992. – 544 б. – кітап

13. Гурьевич Л.Я. Интеллигенция Казахстана и политка тоталитарного государства в сфере науки и высшего образования (1946–1985 гг.): автореф. ... докт. ист.наук. – Алма–Ата, 1993. – 30 с.

14. Движение Алаш. Из истории изучения вопроса. Сб. документов и материалов. 1918-2007 гг. – Алматы: Ел – шежіре, 2008. – Т.4. – 472 б. – кітап

15. Елеукенов Ш. Мағжан. Өмірі мен шығармашылығы. – Астана: Астана полиграфия, 2008. – 391 б. – кітап

16. Движение Алаш. Из истории изучения вопроса. Сб. документов и материалов. 1918–2007 гг. – Алматы: Ел – шежіре, 2008. – Т.4. – 472 б. – кітап

17. Алаш және Әуезов. Халықаралық ғылыми – теориялық конференция материалдары. – Алматы: Жазушы, 2007. – 307 б. – 33 б. – кітап

18. Дятленко П.В. Реабилитация репрессированных граждан в Кыргызстане. – Бишкек, 2010. – 254 с. – кітап

19. Всесоюзная перепись населения 1937 года: общие итоги. Сборник документов и материалов. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2007. – 320 с. – кітап

20. Жүртбай Т. Ұраным Алаш. – Алматы: «Ел – шежіре», 2008. – 472 б. – кітап

21. Тарихтың әр парағы қымбат бізге // Социалистік Қазақстан. – 1988. – 25 тамыз. – газет

22. Заключение комиссии ЦК Компартии Казахстана по изучению творческого наследия М. Жумабаева, А. Байтурсынова, Ж. Аймауытова // Казахстанская правда. – 1988. – 28 декабря – газет

23. Аманжолова Д. Партия Алаш: история и историография. – Семипалатинск: Семипалатинский педагогический институт им. Шакарима, 1993. – 137 с.; Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. – Москва: ИЦ «Россия молодая», 1994. – 216 с.; Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Ататек, 1995. – 368 б. – кітап

24. Сулейменов Р.Б. Выступления участников юбилейной сессии общего собрания АН Каз ССР // Вестник АН Каз ССР. – 1989. – №8. – С.34-38. – журнал

25. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 320 б.; Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1989. – 558 б.; Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1989. – 448 б. – кітап

26. Кәкішев Т. Қазақ зиялыларының тағдыр – талайы (А. Байтұрсынов, С. Қожанов, О. Нұрбаев, С. Аспандияров т.б.) // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 26 мамыр; Сармурзин А., Григорьев В. Бөкейханов және тарих шындығы // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 7 шілде; Бурабаев М.С., Кайназарова С.В. Общественно- политические взгляды А. Байтурсынова // Вестник АН КазССР. – 1989. – №8. – С.48–59; Григорьев В.К. Алаш-Орда // Заря. – 1990. – №1–2; Григорьев В.К. Кадеттер жолын ұстанған партия // Қазақстан коммунисі. – 1990. – №5. – 62–65-бб.; Нүрпейісов К. Саяси партия болып санала ма? // Қазақстан коммунисі. – 1990. – №15. – 69-75-бб.; Кәкішев Т. Шындықты бұрмаламай, жұлмаламай айтайықшы // Қазақстан коммунисі. 1990. – №15. – 75-83-бб.

27. Весновская Г.Ф. Основные этапы реабилитации жертв политических репрессий: законодательство и практика пересмотра дел // Отечественные архивы. – 2004. – №3. – С. 28-32. – журнал

28. Казахстанская правда. –1990. –19 сентября – газет

29. Әлімжанов Ә. Мұстафа Шоқай: ол кім? // Қазақ әдебиеті. – 1991. – 24 мамыр; Әлімжанов Ә. Ұлы адамның әруағымен алыспайық // Қазақ әдебиеті. 1992. – 24 маусым; Мұстафа Шоқай. Түркістанның қилы тағдыры. – Алматы: Жалын, 1992. – 182 б.; 794 қылмыстық іс немесе М. Шоқайдың інісі Нүртазаның жазықсыз

жапа шегуі туралы // Сыр бойы. – 1992. – 6 ақпан; Мустафа Чокай. Туркестан под властью советов. – Алматы, 1993. – 53 б; Қойгелдиев М. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай // Ақиқат. – 1993. – №3. – 71-78-бб.; Жалған айыптау // Сыр бойы. – 1993. – 14 желтоқсан; Ибрашұлы С. Мұстафа Шоқай. – Тасбөгет, 1993. – 146 б.; Ұлттық қауіпсіздік комитетінен келіп түскен құжаттардан // Сыр бойы. – 1994. – 26 наурыз. – газет

30. Козлов В.П. Основы теоретической и прикладной археографии. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2008. – 224 с. – кітап

31. Тюрина Е.А. Архивы и общество в постсоветский период // Новая и новейшая история. – 2006. – №5. – С. 4-13 – журнал

32. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышление и поиски. – Алматы: Ғылым. 2000. – 388 с. – кітап

33. Состояние работы над книгами памяти жертв политических репрессий в России, Казахстане и Украине. – Нижний Тагиль: НТГУ, 2002. – 180 с. – кітап

References

1. Abzhanov Kh.M. Alash amanaty zhane ulttyq ideya // Alash zhane Auezov. Halyqaralyq gylymi teoriyalyq konferenciya materialdary. Almaty: Zhazushy, 2007. – 89-100 bb. – kitap

2. Reabilitaciya. Politicheskie processy 30-50-h godov (pod. obshch-red. A.N. Yakovleva). – M.: Politizdat, 1991. – 461 s. – kitap

3. Arkhiv Trotskogo. Kommunisticheskaya oppoziciya v SSSR. 1923-1927. –Tom 2. “TERRA”. – 1990. – S.197–198. – kitap

4. Politicheskie repressii v Kazakhstane v 1937-1938 gg. Sbornik dokumentov / Otv. redaktor L.D. Degitaeva. – Almaty:Kazakhstan, 1998. – 336 s. – kitap

5. Vert N. Istoriya sovetskogo gosudarstva: Per.s fr. – M.: Izdatel’stva “Ves’ mir”, 2006. – 560 s. – kitap

6. Astana qalasynyn memlekettik muragaty, 430-q., 2-t., 35-is, 17-p. – muragattyq quzhat

7. Alash qozgalysy. Quzhattar men materialdar zhinagy. Sauir 1920-1928 zh. – Almaty: «El – shezhire», 2007. – T.3. – K.1. – 304 b. – kitap

8. Oskembaev Q. A.A. Ermekovtin qogamdyq-sayasi zhane agartushylyq qyzmeti (1891-1970 zhzh.). – Qaragandy: MBBQBA zhane QDI, 2003. – 277 b.– kitap

9. Kapaeva A. Kul’tura i politika (Gosudarstvennaya politika v oblasti kul’tury v Kazakhstane vo vtoroy polovine 1940-1991 gg.). – Almaty: Atamura, 2004. – 328 s. – kitap

10. Sarybaev Sh. Adamdy orta osiredi // Ana tili. – 2001. – 8 nauryz – gazet

11. Dvizhenie Alash. Iz istorii izucheniya voprosa. Sb. dokumentov i materialov. 1918-2007 gg. – Almaty: El – shezhire, 2008. – T.4. – 472 b. – kitap

12. Bes arys: Estelikter, esseler zhane zertteu maqalalar. Qurast. D. Ashimkhanov. – Almaty: Zhalyn, 1992. – 544 b. – kitap

13. Gur’evich L.Ya. Intelligenciya Kazakhstana i politika totalitarnogo gosudarstva v sfere nauki i vysshego obrazovaniya (1946-1985 gg.): avtoref. ... dokt. ist. nauk. – Alma–Ata, 1993. – 30 s. – kitap

14. Dvizhenie Alash. Iz istorii izucheniya voprosa. Sb. dokumentov i materialov. 1918-2007 gg. – Almaty: El – shezhire, 2008. – T.4. – 472 b. – kitap

15. Eleukenov Sh. Magzhan. Omiri men shygarmashylygy. – Astana: Astana poligrafia, 2008. – 391 b. – kitap

16. Dvizhenie Alash. Iz istorii izucheniya voprosa. Sb. dokumentov i materialov. 1918-2007 gg. – Almaty: El – shezhire, 2008. –T.4. – 472 b. – kitap

17. Alash zhane Auezov. Halyqaralyq gylymi – teoriyalyq conferenciya materialdary. – Almaty: Zhazushy, 2007. – 307 b. – kitap

18. Dyatlenko P.V. Reabilitaciya repressirovannyh grazhdan v Kyrgyzstane. – Bishkek, 2010. – kitap

19. Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1937 goda: obshchie itogi. Sbornik dokumentov i materialov. – M.: «Rossiyskaya politicheskaya enciklopediya» (ROSSPEN), 2007. – 320 s. – kitap

20. Zhurtbay T. Uranym Alash. – Almaty: «El – shezhire», 2008. – 472 b. – kitap

21. Tarihtyn ar paragy qymbat bizge // Socialistik Qazaqstan. – 1988. – 25 tamyz. – gazet

22. Zaklyuchenie komissii TsK Kompartii Kazakhstana po izucheniyu tvorcheskogo naslediya M. Zhumabayeva, A. Baytursynova, Zh. Aymauytova // Kazakhstanskaya pravda. – 1988. – 28 dekabrya – gazet

23. Amanzholova D. Partiya Alash: istoriya i istoriografiya. – Semipalatinsk, 1993. – 135 s.; Amanzholova D. Kazakhskiy avtonomizm i Rossia. Istoriya dvizheniya Alash. – Moskva: IC «Rossia molodaya», 1994. – 216 s.; Nurpeissov K. Alash ham Alashorda. – Almaty: Atatek, 1995. – 256 b.; Qoygeldiev M. Alash qozgalysy. – Almaty: Atatek, 1995. – 368 b. – kitap

24. Suleimenov R.B. Vystupleniya uchastnikov yubileynoy sessii obshchego sobraniya AN Kaz SSR // Vestnik AN Kaz SSR. – 1989. – №8. – S.34-38. – zhurnal

25. Baitursynov A. Shygarmalary. – Almaty, 1989. – 320 b.; Aimauytov Zh. Shygarmalary. – Almaty: Gylym, 1989. – 558 b.; Zhumabayev M. Shygarmalary. – Almaty: Gylym, 1989. – S. 448– kitap

26. Kakishev T. Qazaq ziyalylarynyn tagdyr–talayi (A. Baitursynov, S. Qozhanov, O. Nurbayev, S. Aspandiyarov t.b.) // Qazaq ədebieti. – 1989. – 26 mamyr; Sarmurzin A., Grigor'yev V. Bokeykhanov zhane tarih shyndygy // Qazaq ədebieti. – 1989. – 7 shilde; Burabayev M.S., Kainazarova S.V. Obshchestvenno-politicheskie vzglyady A. Baitursynova // Vestnik AN KazSSR. – 1989. – №8. – S.48-59; Grigor'yev V.K. Alash-Orda // Zarya. – 1990. – №1–2; Grigor'yev V.K. Kadetter zholyn ustangan partiya // Qazaqstan kommunisi. – 1990. – №5. – 62-65-bb.; Nurpeissov K. Sayasi partiya bolyp sanala ma? // Qazaqstan kommunisi. – 1990. – №15. – 69–75-bb.; Kakishev T. Shyndyqty burmalamai, zhulmalamay aitayiqshy // Qazaqstan kommunisi. – 1990. – №15. – 75-83-bb.

27. Vesnovskaya G.F. Osnovnye etapy reabilitacii zhertv politicheskih repressiy: zakonodatel'stvo i praktika peresmotra del // Otechestvennye arkhivy. – 2004. – №3. – S. 28-32. – zhurnal

28. Kazakhstanskaya pravda. – 1990. – 19 sentyabrya – gazet

29. Alimzhanov A. Mustafa Shoqay: ol kim? // Qazaq adebieti. – 1991. – 24 mamyr; Alimzhanov A. Uly adamnyn aruagymen alyspayiq // Qazaq adebieti. – 1992. – 24 mausym; Mustafa Shoqay. Turkistannyn qily tagdyry. – Almaty: Zhalyn, 1992. – 182 b.; 794 qylmystyq is nemese M. Shoqajdyn inisi Nurtazanyn zhazyqsyz zhapa shegui turaly // Syr boyi. – 1992. – 6 aqpan; Mustafa Chokay. Turkestan pod vlast'yu sovetov. – Almaty, 1993. – 53 b; Qoygeldiev M. Qazaq ult-azattyq qozgalysy zhane Mustafa Shoqay // Aqiqat. – 1993. – №3. – 71-78-bb.; Zhalgan ayiptau // Syr boyi. – 1993. – 14 zheltoqsan; Ibrashuly S. Mustafa Shoqay. – Tasboget, 1993. – 146 b.; Ulttyq qauipsizdik komitetinen kelip tusken quzhattardan // Syr boyi. – 1994. – 26 nauryz. – gazet

30. Kozlov V.P. Osnovy teoreticheskoy i prikladnoy arkheografii. M.: Rossiyskaya politicheskaya enciklopediya (ROSSPEN), 2008. – 224 s. – S.40 – kitap

31. Tyurina E.A. Arkhivy i obshchestvo v postsovetskiy period // Novaya i noveyshaya istoriya. – 2006. – №5. – S. 4-13 – zhurnal

32. Kozybayev M.K. Kazakhstan na rubezhe vekov: razmyshlenie i poiski. – Almaty: Gylym, 2000. – 388 s. – kitap

33. Sostoyanie raboty nad knigami pamyati zhertv politicheskih repressiy v Rossii, Kazakhstane i Ukraine. – Nizhniy Tagil: NTGU, 2002. – 180 s. – kitap

А.С. Мусагалиева[1]
[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

ПРОЦЕСС РЕАБИЛИТАЦИИ АЛАШСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ (1956-1991 гг.)

Аннотация

В статье рассматривается процесс реабилитации после XX съезда до конца восьмидесятого года. В том числе, анализируется надежда и стремление на пути реабилитации, влияние политики перестройки на историческую науку, осуществление реабилитации законным образом, то есть торжество истины. Автор описывает реабилитацию как исторический процесс XX века.

Ключевые слова: Алаш, советская власть, тоталитаризм, реабилитация, перестройка, источники.

Mussagaliyeva A.[1]
[1] L.N. Gumilyov Eurasian National University

THE PROCESS OF ALASH INTELLIGENTSIA REHABILITATION (1956-1991)

Summary

In the article considers process of rehabilitation after the XX congress before the end of the eightieth year. Including the, analyzes the hope and aspiration in the way of rehabilitation, the impact of perestroika policies on the historical science, realization of the rehabilitation of the legitimate form, that is the solemnite of truth. The author describes the rehabilitation of a historic process of the XX century.

Keywords: Alash, the Soviet power, totalitarianism, rehabilitation, realignment, sources.

УДК: 0022(574)

А.С. Бекишев[1]
[1]Музей редких книг РГП «Ғылым ордасы»
С.Р. Рахимжанова[1]
[1]Музей редких книг РГП «Ғылым ордасы»

РОЛЬ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В СТАНОВЛЕНИИ ОТЕЧЕСТВЕННОГО КНИГОИЗДАНИЯ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА

«Перед нашими глазами стоит великий исторический пример служению национальным интересам со стороны целой плеяды выдающихся исторических деятелей,государственников в истинном смысле этого слова – тех, кто уже в начале XX столетия сформулировал цели развития казахской государственности. Об истории необходимо судить не только, а в нашем веке и не столько по завоеваниям,сколько по порывам национального духа» [1, с. 22].
Нурсултан Назарбаев

Аннотация

Статья посвящена изучению начального этапа казахского книгоиздательского дела. 20-30-е годы – важный период в истории отечественного книгоиздания. Становление новой издательской системы, не имевшей аналогов в прошлом, было подобно инновации века.

Особое внимание уделяется освещению вклада и роли национальной интелегенции в создание издательского дела в республике. Это обьясняется необходимостью раскрывать новую тему, вводить в общественное сознание ту часть национальной памяти, которая была под запретом.

В научный оборот впервые вводятся сведения о количественном составе книжной продукции, выпущенной Центриздатом (Москва, 1921-1930 гг.) на казахском языке.

Ключевые слова: казахское книгоиздание, КазГосИздат, Центральное издательство народов СССР, книжный репертуар 20-х годов.

Книга и книжная культура – это проявление духовной жизни общества. Казахская книга, являясь гарантом сохранения казахского языка, сыграла огромную роль в просвещении народа, развитии языка и литературы, общественной и научной жизни республики.

16 декабря 1991 года была провозглашена государственная независимость, и Казахская Советская Социалистическая Республика была переименована в Республику Казахстан. Страна обрела независимость и приступила к проведению кардинальных реформ по созданию демократического общества. Казахская книга сыграла большую роль в становлении и развитии нового Казахстана. С обретением независимости и суверенитета республики начался новый этап развития национального книгоиздания.

1941 ж. соңы – 1942 ж. алғашқы жартысында Шығыс легиондарын құруды тездету қолға алынды. Украина – Кавказ, Қырым бағытында неміс қолына түскен Кеңес тұтқындары көп болғандықтан және дәл сондай жағдай Белорус – Москва, Новгород – Ленинград бағытында да қалыптасқандықтан Қазақстан, Орта Азия және Кавказ халықтарынан шыққан тұтқындарды екі бағытта шоғырландырып, батальондарға тіркеуге кірісті. Бұл топтарға татар, башқұрт, чуваш т.б. да қосылды.

Тұтқынға түскендерден құрылатын Шығыс легиондары деп аталған бұл әскер бөлімдерінің жинау, оқыту орталықтары екеу болды. Біреуі Украина жерінде. Екіншісі – Польшада. Шығыс легиондарының Басқару командалығы деген мекеме екіге бөлініп, бірі Украинадағы, екіншісі Польшадағы легион құру жұмыстарын жүргізді. Мұның басты себебі – 1942 ж. көктемі мен оның кеңес жеріне басып кірген одақтастары үшін (Румыния, Венгрия, Италия) стратегиялық шабуыл жоспарын жасағанда негізгі бағыт деп Кавказ бен Еділ – Сталинград – Астрахань бағытын айқындады. Шабуыл барысы мен кейінгі оқиғалар мұның дұрыстығын дәлелдеді. Вермахт әскері Доннан әрі Еділ бойына жақындаған сайын, Кавказ бағытындағы үрыстар да өршіп, Шығыс легиондарын өз жерінде үрысқа енгізуге асыққан герман жағы оларды құруды тездетті.

1941 ж. қазан айында жеке «жүздіктерді» құрудан бастап, кейін оларды 1-Түркістан полкіне біріктірген немістер 1942 ж. басында ең алғашқы Түркістан батальондарын құрып үлгерді. 1942 ж. 12 қыркүйекте немістер Грузин батальондарын Пятигорскіге әкеліп, үрысқа енгізді. Оның артынша армян және әзірбайжан, Түркістан батальондарын үрысқа қосты. 1943 ж. мамырына дейін тек Украина жерінде Шығыс легиондарының 25 дала батальоны (жаяу әскері) құрылды. Олардың 12-сі Түркістан легионының батальондары еді (1/29, 1/44, 1/76, 1/94, 1/100, 1/295, 1/297, 1/305, 1/370, 1/371, 1/384, 1/389). Қалғандары: 6 азербайжан, 4 грузин, 3 армян батальондары. Бұларға қоса 2 солтүстік Кавказ күшейтілген батальоны, 7 құрылыс және 2 запастағы батальондар құрылды [8]. Бұлардың нөміріндегі бірінші сан құрылған ретін көрсетсе, қасындағы екінші сандар соларды құруға командалық құрам берген неміс әскери бөлімдерінің нөмерін білдіреді.

1942 ж. көктемнен жылдың аяғына дейін құрылған Шығыс легиондары немістің генерал-полковник Вильгельм фон Паулюс басқарған 6-армиясының құрамына берілді. Бұл армия 1942 ж. көктемінде Харьков түбіндегі қырғында жеңіске жетіп, тек тірідей 242 мың кеңес солдаты мен командирін тұтқынға түсірген болатын. Ол тұтқынға түскендер ішінде қазақтың 106 атты әскер дивизиясы, сол сияқты ұлттық негізде құрылған қырғыз, өзбек, түркімен, тәжік атты әскер дивизиялары да бар болатын. Олар бірыңғай сол ұлт өкілдерінен құрылғанды. Оларға қоса соғыстың алғашқы жылы кеңес армиясына шақырылған миллиондаған адам Қазақстан, Орта Азия, Кавказ, Алтай мен Сібір ұлттарынан еді. Сондықтан 1942 ж. тұтқынға түскендерден Шығыс легиондарын жасақтау фашистер үшін қиынға түскен жоқ.

Жалпы 1941-1944 жж. фашистік Германия Шығыс легиондары үшін 54 батальон жасақтаған екен. Олардың ішінде күзет, құрылыс, теміржол батальондары да бар. Осы мәселені (КСРО азаматтарынан колаборационистер, оларға қызмет етіп күн көрген – хиви, тікелей қолына қару алып КСРО-ға қарсы құрылған әскер легиондарында болғандар мәселесін) зерттеген ғалымдардың келтірген дәйекті деректері бойынша 1941-1945 жж. 1,3 – 1,5 млнға жуық КСРО азаматтары осындай әскер жасағында және полиция құрамында болған.

КСРО-ның Еділ бойы, Қазақстан, Орта Азия және Кавказ ұлттарынан 310 мыңнан – 325 мыңға дейін жететін адамдар Шығыс легиондарында болған. Таратып айтсақ, олардың қатарында: 180 мың өзбек, қазақ, қырғыз, үйғыр, тәжік,

түрікмендер, Солтүстік Кавказ үлттарынан 28-30 мыңдай адам, 20 мыңдай грузин, 18 мыңдай армян, 25-55 мыңдай әзірбайжан, 40 мыңдай татар, башқұрт, чуваш, мордва, удмурт, марилер осы Шығыс легиондарының сапынан өткен [9].

Жау күші Сталинград түбіне дейін жеткенде Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан түтқындарды майданда пайдалануға, өз жерлеріңді азат етесіңдердеп сендіруге жақсы мүмкіндік туды. Алайда жаудың бұл ниетінен жарытып ештеңе шықпады. Астрахань – Қазақстан бағытында пайдасы тиеді деген Түркістан легионының бірнеше батальоны қатты шығынға үшырады. Реті келгенде легионерлер кеңес жағына қашып кетіп отырды. Кейде түгелдей взвод (30 адам), сирек болса да рота (120 адам) қашып кеткен кездері жиі үшырасты.

Кеңес барлау органдары соғыс кезінде белсенді қызмет атқарғаны мәлім. 1941ж. соңында кеңес жағына барлау жүйесі бойынша немістер түтқындардан әскер жасақтап жатыр деген ақпараттар көп түскен. Сондықтан кеңес барлау органдары оларға, жалпы фашистердің үгіт насихатына қарсы үнемі пәрменді шаралар жүргізіп келген. Соның бірі легионға М. Шоқайдың қатысы бар деген ақпарат алынған соң жасалған қарсы шаралар. Мысалы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданының тумасы, М. Шоқайға туысқандық жақындығы бар Байдырахман Садықовты дайындықтан өткізіп, майдан шебінен неміс жағына бірнеше рет жіберуі соның айғағы. 1924 ж. туған Б. Садықов соғыс кезінде майдандық барлау взводының, кейін ротасының командирі болған. Арнайы тапсырмаларды орындап, соғыс кезінде тоғыз орден мен медальдарға ие болған адам. Оның ішінде үш «Қызыл Ту» және бір «Суворов ордені» бар. Соғыстан кейін КСРО Қарулы күштері Бас штабының барлау басқармасында қызмет атқарған ол подполковник шенінде отставкаға шықты, кейін полковник атағын алды. 1983 ж. осы жолдар авторы оның қызметке түрған анкетасын өз қолымен толтырып, қысқаша естелігін жазып алған еді. Ол кездегі тәртіп бойынша мұндай астыртын жұмыстар туралы ашық айтуға рұхсат жоқ болатын.

Жазушы Ә. Таразидың сценариі бойынша қойылған М. Шоқай туралы фильмдегі кейіпкер прототипі осы Б. Садықов. Бірақ ол М. Шоқаймен кездеспеген. Бұл сценарий авторы мен режиссердің көркемдік әсірелеуі. Б. Садықовтың айтуы бойынша Орта Азия мен Қазақстанның адамдарынан құралған Түркістан легионына осы республика үлттарынан іріктеліп, арнайы дайындалған барлаушылар жіберіліп түрған. Олар Түркістан легионының құрамы, ондағы адамдардың көңіл-күйі, реті келген жағдайда кеңес жағына өтіп кету ниеті барынан үнемі хабардар болып, оны орталықтағы Барлау басқармасына жіберіп түрған. Осыған сәйкес Кеңес барлау жағы майдандардың Түркістан легионы және басқа да Шығыс легиондары жүрген жерлерге әуеден үнпарақтар тастап, еркісіз неміс легионына кіргендерді партизандарға қашуға, болмаса кеңес жағына өтуге үнемі үгіттеп отырған [10].

Осындай жұмыстарды орындаушылардың бірі барлау жұмысының ардагері, отставкадағы полковник Сардарбек Ақпанбетов еді. Соғыс кезінде ол кеңес барлау органдарының тапсырмасымен майдан шебінен әлденеше рет өтіп «Түркістан легионы» батальондарына барып қосылған. Барлаушының қолындағы легионерлердің суретінің көбі бүгінгі интернет жүйелерінде жүрген суреттер. Өмірінің соңғы жылдары С. Ақпанбетов Қазақ КСР Ғылым академиясының суретшілер мен операторлар тобында қызмет етті. Ол да легионерлер арасында іріткі салу, кеңес жағына және партизандарға өтіп кету туралы насихат жұмыстарының белсенді жүргізілгенін растаған еді [11].

1943 ж. Алматы қаласында арнайы дайындықтан өткен Қазақстан мен Орта Азия үлттары өкілдерінен 50 барлаушы майдан шебінен өткізіліп «Түркістан легионы» мен Түркістан Үлттық Комитетіне енгізілді. Солардың бірі 1922 ж. Германияға оқуға барған төжік Мунзин Бүрхановтың баласы Рахым Бүрханов еді. Әкесі отбасымен оқуға барғанда кішкентай бала Рахым он жаста болатын. Германияда неміс мектебінде оқып, немісше өте жақсы сөйлейтін болған. КСРО-

ға оралған соң мұғалімдер институтын бітіріп, соғысқа аттанды. Бірақ майданнан шақыртып алынып, дайындықтан соң, майдан шебінен немістер жағына өткізіліп, Түркістан Ұлттық Комитетінің аппаратына енеді.

Түркістандықтар арасында іріткі салу ыңғайы легион мен ТҰК-тегі алауыздықтардың нәтижесінде өрши түседі. Вели Каюмхан басқарған бұл ұйымды – әскери бөлімді өзбек Баймырза Хаит басқарды. Қалған жетекші орындардың бәрінде өзбек ұлтының өкілдері орнығып алып, өз мүдделерін, саясатын іске асыратыны қалған ұлт өкілдерінің наразылығын тудырды.

1995 ж. жазда Абайдың 150 жылдығына қоонақ ретінде Кельннен шақырылған Баймырза Хаит Алматыға келіп, бір жарым ай Қазақстан мен Қырғызстанда болды. Осы жұмыс авторы Б. Хаитты қарсы алып, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында және басқа жерлерде қоғам өкілдерімен кездестірді. Бірақ сол кездесулерде де, жеке әңгімелерде де ол Түркістан легионы туралы сұрақтардан жауап беруге жалтарды, ол неміс билігінің ісі деп ақталды.

Әсіресе соғысқа дейін Свердловск қаласында политехникалық институтты бітірген Батыс Қазақстанның тумасы, 1941 ж. жазда немістер жағына өз еркімен өткен инженер қазақ Қарыс Қанатбаев сияқты белсенді қайраткерлер бұған тіптен шыдамсыздық танытқан еді [12]. Осының нәтижесінде Қ. Қанатбаевпен топтасқан түркістандықтар 1944 ж. ақпанда жеке өздері Түркістан Ұлттық Кеңесі деген ұйым құрып, В. Каюмханнан бөлінеді. Рахым Бұрханов бұған белсенді қызмет етіп, осы Кеңестің жауапты хатшысы болып тағайындалады.

Қ. Қанатбаев құрған Түркістан Ұлттық Кеңесі немістер жағында Орыс азаттық армиясын құрған (РОА) бұрынғы кеңес генералы А. Власовпен одақтасып, бірге қимылдауға келіседі. Бірақ мұнан нәтиже болған жоқ, керісінше соғыстан кейін Түркістан легионында болғандарды жауапқа тартқанда олардың жазасын ауырлата түскені мәлім.

Рахым Бұрханов кеңес барлауының өзіне берген тапсырмасын толық орындап, 1945 ж. мамырда жасырын түрде кеңес жағына өтеді. Оның «Түркістан легионы» және Түркістан Ұлттық Комитеті мен Кеңесі туралы жазып берген анықтама есебі Ресейдің Федералдық қауіпсіздік архивінде сақтаулы. 60-жылдар кезінде оның есімін жария етуге рұхсат берілмепті. Себебі белсенді легионерлер мен ТҰК-те қызмет еткен түркістандықтардың кейбірі соғыстан кейін батыс Германияда қалып, АҚШ құрған «Азаттық» радиосында қызмет етті. Олардың ішінде жоғарыда айтылған Қ. Қанатбаев, Дәулет Тағыбердин, Жұмабек Ақбергенов және басқалары болғаны белгілі [13].

Кейін, 1970 жылдары белгілі қайраткер, «Азаттық» радиосының қазақ редакциясын басқарған Хасан Оралтай алаш азаматтары туралы кітабында Р. Бұрханов жақсы қайраткер еді, кеңес үкіметі оны атып жібергендігі туралы жазды. Р.Бұрханов кеңес барлауының тапсырмасын орындап, кері қайтқанын, әрине, Х.Оралтай білген жоқ. Бұл да кеңес барлауының, жалпы екі идеология күресінің айғағы екені даусыз.

Фашистік Германия басшылығы Түркістан легионын құрғанда әуел бастан әскери күш құру ғана емес, КСРО тылында барлау және диверсиялық жұмыстарды да іске асыру ниетін көздеді. Польша және Германия территориясында жұмыс істеген барлау мектептерінде даярланған ондай топтарды, жеке адамдарды Қазақстанның батыс аумағына және басқа жерлерге жіберумен болды. Бұл барлаушылардың соңғы жаттығу мектебі Украинаның Бердянск, Полтава қалаларында орналасты. Дрездендегі түркістандықтардың барлау мектебінде (Арбайтсгемайншафт) молдалар да арнайы дайындықтан өтті.

Сол барлау мектептерінен өтіп, Қазақстанға ұшақпен тасталған диверсанттардың көбі билік орындарына өз еркімен беріліп отырды. Әрине, кейбіреулерінің неміс жағына адалдық білдіріп, ол жақтың тапсырмасын мүқият орындауға тырысқаны да жасырын емес. Мысалы, соғыстан кейін АҚШ

агенті болып ұсталған Қодыбек С. (тегін әдейі келтірмедік) Франция жерінде партизандарға қарсы жазалау операцияларына қатысқан. 1945 ж. АҚШ жағына қолға түсіп, іріктеу лагерінде жүргенде американдықтар өзіне қызмет ететін барлаушы болуға көндіріп, кеңес жағына қайтарған. Сол сияқты Мұхаметдинов Кали герман барлауының тапсырмасымен кеңес офицерінің формасы және құжатын пайдаланып, 5 рет майданның бергі жағына өткен. Қайта оралып отырған. Мұндай фактілер Түркістан легионы тарихында болғанын құжаттар айқындайды [14].

Неміс жағына адал қызмет етудің үлгісін аты шулы «Әлихан Ағаевтың» ісі де дәлелдейді. Герман жағы 1943-1944 жж. майдандарда сәтсіздікке ұшыраған соң, КСРО тылының ұлттық аймақтарында диверсиялық әрекет жасау, тіптен сол ұлттарды кеңеске қарсы көтеріліске шығару идеясын да ұстанғаны белгілі. Бұл жеңіліске ұшырап жатқан жаудың КСРО тылында берекесіздік ұйымдастыру, өз жағдайын жеңілдету мақсаты еді. Сол себептен әртүрлі топтар Кавказ, Қазақстан және басқа да ұлттық аймақтарға жіберілді. Сондай топты құруға, оны «Алаш отряды» деп атауға (батальон) ұсыныс берген Ә. Ағаев барлау мектебіне адамдарды таңдап алуға өзі де қатысады. Екі топпен әуе жолы арқылы Гурьев облысына түскен Ағаев тобы сәтсіздікке ұшырайды. Отрядының кейбір мүшелері сытылып қашып кетіп, кеңес жағына өздері келеді.

Жаудың Ағаевқа үміт арту себебі Гурьев-Орск мұнай құбырына, басқа да стратегиялық нысандарға диверсия жасау еді, бірақ онысы орындалмай қалды. Өздерін қоршаған әскер отрядымен атыста Ағаев оққа ұшады, біраз адам қаза табады. Кейін анықталғандай, Ағаевтың шын аты жөні – Әмірхан Тілеумағамбетов, Гурьев облысы Жылой ауданының тумасы болып шығады. Соғысқа дейін Алматыда Жер халық комиссариатында, Жылой аудандық жер бөлімінде агроном болып істегені анықталады. Ал оның тобынан тірі қалған радист қазақ азаматы кеңес барлауының тапсырмасымен неміс жағымен «радио ойынын» жүргізеді. Өтірік ақпар арқылы диверсанттардың келесі тобын қолға түсіреді [15].

Түркістан легионы батальондарын, басқа да Шығыс легиондары сияқты, адамдары кеңес жағына топ-тобымен өтіп кете берген соң, неміс басшылығы оларға сенімсіздік көрсетіп, Европа елдерінің территориясына ауыстырды. 1943ж. немістер жағы Гимллер басқарған саяси полиция СС – гестапо мекемесінің аясында Шығыс легиондары батальондарының бір бөлігін біріктіріп, 162 жаяу әскер дивизиясын құрады. Бұл дивизия да, Түркістан легионының басқа бөлімдері де Европаның әртүрлі елдерінде партизандарға қарсы күресіп, күзет қызметінде болады. Бірақ ол жақта да Түркістан легионының адамдары партизандар жағына қашуын көбейтеді. Бұл 1944 ж. 6 маусымда Одақтастар әскері екінші майдан ашқанда көбейе түседі. Италия, Югославия, Франция жерінде одақтастарға қарсы ұрысқа енгізілген Түркістан легионының батальондары талқандалып қолға түседі. Міне, немістер құрған Түркістан легионының қысқаша тарихы осындай. Екі жүйе, екіге бөлінген империялар арасындағы соғыста аз ұлт өкілдерінің тағдыры осылай төлкекке ұшырады.

2.Тұтқындарды елге қайтару және олардың тағдыры

КСРО әскерлері 1945 жылы көктемде Шығыс Еуропа елдері территориясын фашистерден азат етті. Балқан түбегінде Грекия жеріне әрі қарай енуге Англиямен келісімді сақтап, жылжыған жоқ. Германияның шығыс жағын, Берлинді алған кеңес әскерлері Эльба өзенінде Одақтастар әскерімен түйісті. Екінші майдан мен шығыс жақтан қантөгіс ұрыстармен келген кеңес әскерлерінің соғысы осылай тоқтады. Әрі қарай оқиғаларды әскер күші емес, саясат басқаратын болды. Тұтқындардың енді еліне қайтуы машақатқа айналды.

1944 жылы жазда екінші майдан ашылғаннан бері Антигитлерлік Одақ елдері өздерінің тұтқынына түскен кеңес әскери адамдарын КСРО жағына беретін болды. Бұл саяси және гуманитарлық маңызы бар жұмыс болғандықтан екі жақ та оған

зор мән берді. КСРО Сыртқы істер халық комиссариаты (1945 жылдан бастап министрлік) КСРО азаматтарын еліне қайтару жұмысын қолына алды. 1944 жылы қаңтарда КСРО үкіметі жанынан Репатриация істерінің Бас басқармасы құрылды.

1944 жылдан Одақтастар (АҚШ пен Англия) жағына қолға түскен әскери тұтқындар осылай қайтарыла бастады. Оларды қайтару ол кезде тек кеме жолдары арқылы ғана мүмкін болды. 1944 жылы Мурманск теңіз портына тұтқыннан қайтқандардың алғашқы тобы келді. Тіптен АҚШ әскерінің қолына түскендер Қиыр Шығысқа – Владивосток теңіз портына жеткізілді. Жерорта теңізі, Суэц каналы арқылы Иранға, одан Түрікменстанға жіберілгендер де болды. Бірақ бұлар тұтқындардың алғашқы толқыны ғана еді. Олардың арасында қазақтар да кездесті. Құжаттарда жау қолына түскен қазақ жауынгерлерінің есімдері ұшырасқанымен, қазіргі уақытта олардың нақты саны туралы мәлімет жоқ.

1944 жылы 23 қазанда КСРО үкіметі репатриация басқармасы туралы ережені бекітті. Осыдан кейін тұтқындарды еліне қайтару ісі тұрақты жолға қойылды. 1944 жылы репатриация басқармасының өкілдіктері қарашада Францияда, Финляндияда, Румынияда, Иранда, Польшада (желтоқсанда) құрылды. Германия жеріне бойлай кірген КСРО әскерінің шабуылдары кезінде 1945 жылы 11 наурызда онда да сондай өкілдік құрылды. Мұның жұмысының ауқымды болғаны сондай репатриация істері жөніндегі өкілдіктер 1945 жылы 20 мамырда АҚШ-та, 16 мамырда Норвегияда үйымдастырылды. Ал Антигитлерлік Одақ елдерінің әскерлері енген Германияның оккупациялық зонасының әрқайсысында осындай өкілдік құрылды: Англия зонасында – 1945 ж. 17 тамызда, АҚШ зонасында – 1945ж. 13 тамызда. Барлық майдандардың (1 Балтық, 1, 2, 3 Белорус, 1, 2, 3, 4 Украин) Әскери Кеңестері жанынан репатриация ісі бойынша арнайы бөлімдер құрылды. Әрбір әскер бөлімінде тұтқында болған КСРО азаматтары үшін жинау-жөнелту пункттері (сборно-пересыльные пункты) деген арнайы қызмет ашылды. Дәл сондай пункттер шетел азаматтары үшін де ашылды [16].

Репатриация ісі жөніндегі басқарманың өкілдік органдары одақтас республикалар (РКФСР, Украина, Белоруссия, Молдавия, Латвия, Эстония, Литва және т.б.) жерінде де құрылды.

Аталған пункттерге жиналуына қарай олар әр түрлі топқа бөлініп, ары қарай жөнелтілді: 1) Кеңес Армиясының қатардағы солдаттары мен сержанттары армиялық жөнелту пункттеріне жіберілді. Онда құжаттарын тексерген соң армиялық және майдандық запастағы бөлімдерге ауыстырылды;

2) Немістердің әскери құрамаларында, арнайы бөлімдерінде қызмет еткендер, полицай болғандар және Власов армиясында болғандар НКВД-ның арнайы лагерлеріне жіберілді;

3) Кеңес Армиясында офицер болып тұтқынға түскендер де НКВД-ның арнайы лагеріне жіберілді;

4) Әскери емес азаматтар майдандық жинау-жөнелту пункттері мен НКВД-ның шекаралық тексеру-іріктеу пункттеріне жіберілді. Онда тексерістен өткеннен кейін әскер бөлімдеріне аттандырылды. Ал қалғандарын бұрынғы тұрақты өмір сүрген жерлеріне жіберген болатын. Бірақ оларға Мәскеу, Ленинград, Киев сынды ірі қалаларда тұруға тыйым салынды;

5) Жетім балалар интернаттар мен балалар үйлеріне үлестірілді.

КСРО үкіметі жағынан репатриация істері жөніндегі өкіл белгілі генерал Ф.И. Голиков болған еді. 1945 ж. күзіне қарай тұтқында болған және Германияға күшпен айдап алып кеткен КСРО азаматтарының жалпы саны 6 млн 810 мың 567 адамды құрады, олардың 2 млн 16 мың 480 адамы кеңес әскери тұтқындар еді. 1945 жылдың соңына дейін 5 млн 352 мың 963 адам отанына қайтарылды. Алайда, АҚШ, Англия және басқа да шетел мемлекеттері 322581 адамды әдейі қайтармай, кеңес жағына беруден бас тартқан. Оның да өз себептері бар: кейбір адамдар өз еркімен қайтқысы келмеген болса, фашистік армия қатарында қызмет етіп, көзге

ерекше түскен адамдар жазадан қауіптеніп, қайтуға үзілді-кесілді түрде қарсылық танытты. Олардың арасында жүзден астам қазақтар да болған.

Жалпы тұтқында жоба бойынша 1 млн 135 мың 23 кеңес азаматы қаза тапты [17]. Еліне қайтарылған адамдарды тексеру кезінде фашистерге белсенді қызмет еткен 5254 адам түтқынға алынған [18].

КСРО басшылығы тұтқында жүргендердің ауыр жағдайын білді. Тіптен барлаушылар мен кеңес тыңшыларының хабарлары да мұны растағаны даусыз. Бірақ КСРО басшылығы фашистік Германиямен ешқандай байланысқа барғысы келмеді. Нәтижесін\де шыдамы таусылған осал адамдар жау жағына қызметке кіргені мәлім. Ал жалпы бұқара амалсыздан сондай қадамға барғаны да сөзсіз [19].

Одақтас елдер болған Англия, АҚШ және Франция оккупациялық зоналарында, жалпы Еуропа елдеріндегі интерндік шараға ұшыраған тұтқындар екінші қолға өткенімен түрмыстары ауыр болды. Оның үстіне екі жүйе арасындағы қарама-қарсылықтың құрбандығына ең алдымен тұтқындар түсті. 200 мың кеңес тұтқындары бірнеше жақтық комиссияның анықтауынша тек АҚШ зонасында жерленген [20]. Олар Одақтастар жүргізген шайқастарда, онан кейін ауру-сырқау, қиын түрмыстан өлімге душар болды. 1945 ж. КСРО Германиядан өз әскері азат ету барысында алған территориясының бір бөлігін келісім шарт бойынша АҚШ жағына берген еді. Сондықтан жоғарыда айтылған 200 мың адамның бір бөлігі сол азат ету ұрыстары кезінде қаза болғандар екені айқын.

1945 жылы мамырда Еуропадағы соғыс біткен соң Босқындар ісі жөніндегі халықаралық ұйымның айқындауынша эмигранттардың ең көп тобы мына елдерге алынып кетті [20]:

Кесте - 1. Эмиграцияға кеткен кеңес тұтқындары

Қай елге	Қанша адам
АҚШ-қа	319 913
Австралияға	180 477
Израильге	131 987
Аргентинаға	32 519
Бразилияға	28 298
Канадаға	119 603
Англияға	86 202
Францияға	38 436
Бельгияға	28 460
Венесуэлаға	17 282

Шетелге әкетілгендердің көпшілік бөлігі КСРО азаматтары мен Шығыс Еуропа елдерінің кеңес әскерлері азат етіп, демократиялық қоғам орнатты деген елдерінен еді [21].

Батыс державалары саясатының насихатымен КСРО-ға қайтпай қалған кеңес азаматтары 24 елге бытырап кетті. Олардың жалпы саны 1952 жылдың басында 451 074 адамды құрады. Бұлардан 1174 адам Түркияға орныкты. Оның 31 орыс, 251 – украин, 47 – белорус, 6 адам латыш пен эстондықтар болды. Түркияда КСРО-ның мұсылман халықтарынан 839 адам орналасты. Міне, осылардың көпшілігі Түркістан, Татар, Кавказ, Әзірбайжан және басқа да Шығыс легиондарының қатарында болғандар [22].

Тұтқындар фильтрациялық лагерлерге әр жерден жиналды. Түркістан легионында болып, АҚШ пен Англияның қолына түскендер Италия мен Франция, Югославия, Грекия, Голландия, Бельгия жерінде көптеп кездесті. Олар Одақтастар тұтқынына Атлантика қабырғасын қорғау үшін немістер салған ұрыстарға қатынасқанда, Италияда ағылшын әскерінің қолына оларға қарсы соғысқан кезде түсті.

Батыс елдері, ең алдымен АҚШ пен Ұлыбритания барлауы, тұтқындағыларды еліне қайтпауға, өздеріне тыңшылық агент болуға көндіру мақсатында барлық идеологиялық айла-тәсілдерді пайдалануға тырысты. Бірінші кезекте олар «сендер

фашистердің формасын киіп, әскери антты бұзып, өз елдеріңе қарсы қару қолданып соғыстыңдар. Сол үшін КСРО-ға қайтып барған кезде сендерді атып тастайды», – деп барынша қорқытты. Одан басқа батыстық демократияның артықшылықтары алға тартылды.

Бірақ көпшілік тұтқындар елге қайтуға асықты. Мысалы, Италияда тағдыр төлкегіне түскен тұтқындар кеңес өкілдеріне жеке топтармен тапсырылды. 1944 жылы 20 қарашада кеңес өкілдігіне 11 адам өткізілді: олар лейтенант Жұмабаев Хамза (1918 жылы туған), аға лейтенант Жораев Саид (1924 жылы туған), сержант Бұзаубаев Сұлтан (1924 жылы туған), сержант Сейсенғалиев Андрей (1911), қатардағы жауынгерлер Толғанбаев Әйткеш (1922), Аббасов Омар (1918), Ермеков Тишқұл (1916), Сұлтанов Сапа (1920), Иманқұлов Қабыкен (1917), Лиалин Владимир (1925) [23].

Енді бір топта тағы алты адам бар, олар бұрын 101 атқыштар дивизиясында әртүрлі полктарда қызмет еткен [24].

1944 жылы 9 желтоқсанда тағы 24 адам, 2 қазанда 14 адам кеңес жағына берілді. Бірен-саран өзбектер, тәжіктер болмаса барлығы да қазақ [25]. Неаполь қаласында госпитальдерде жатқан түркістандықтар да ең алдымен ағылшындардың қолында болып, артынан кеңес жағына тапсырылды.

Репатриация ісі барысында кеңес жағына өз азаматтарын қайтару үлкен қиындықтармен өтті. Алғашында АҚШ пен Англия барлау органдары еліне қайтқысы келгендерді сол елдердің барлау қызметіне көмектесеміз деген қолхат берсе ғана жіберуге тырысты.

Белгілі қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың 1991 жылы өлеңдер жинағын түңғыш рет қайта бастырған Хамза Абдуллин 1992 жылы 21 ақпанда осы жолдар авторымен төмендегідей естелікпен бөліскен еді:

«Мен ағылшындар әскері енген Италия жеріндегі лагерьде болдым. Алдында Францияның Альби қаласына Түркістан легиондарының штабын орналастырған кезде астыртын сөз байласып, партизандарға өтпекші болдық. Бірақ арамызда жүрген неміс тыңшысы оны жеткізген соң, біз қамауға алынып, жазаға – тіптен атылуға душар болдық. Бізді босатып алған ағылшын әскерлерінің лагеріне әкеліп, теңіз жолымен елге қайтарып жатты. Бірақ біздерді қайтсаңдар немістерге қызмет еткендерің үшін КСРО-ға барған бойда атыласыңдар, сондықтан қалыңдар, деп үгіттеумен болды. Біз көнбеген соң жеке-жеке шақырып, елдеріңе қайтқың келе ме, онда ағылшын барлауына қызмет етемін деген қолхат бер. Ойланбастан Англия қайда? Қазақстан қайда? Одан да елге жетіп алайық деп, сондай қолхатқа қол қоюға мәжбүр болдық» [26]. Дәл осындай әңгімені авторға А. Жәмкен де айтқан еді.

Тұтқындардың ішінде герман үкіметіне адал қызмет еткен орыс-казак әскери корпусының адамдары, власовшылар қайтқысы келмеді. Бірақ оларды кемеге тиеп, 1945 жылы жазда Италиядағы Неапольден жіберген кезде кейбірі теңізге секіріп, суға батып өлген. А. Жәмкеннің көзі тірі кезінде 1992 жылы қазанда авторға айтқан естеліктері бойынша: «Одессаға келген кемеден жаралыларды түсіріп, госпитальге жіберді. Ішінде бір аяғым кесілген мен де бармын. Кейін естідік жаңағы кеме әлдебір себептермен тұтқындармен қоса теңізге батып кетіпті деп» [27]. Бұл оқиғаны басқа орыс зерттеушілері де баяндайды.

Тұтқында болған А. Жәмкен Ақмолада құрылған 106 қазақ атты әскер дивизиясының пулеметшілер эскадронының жауынгері болған. Харьков түбінде үш-ақ күн ұрыста болып, қоршаудан кейін тұтқынға түскен. Ал ол дивизия Ақмола, Қарағанды, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Семей облыстарының қазақтарынан құралған. Тек Қарағанды облысынан ол дивизияға 400-ден астам адам алынған [28]. Солардың ішінде Қарқаралы ауданынан алынған 33 адамның тұтқыннан екеуі ғана оралған. Бірі А. Жәмкен, екіншісі Оспанов (Маяқин) Қызылбай [29].

КСРО адамдарын отанына қайтару жұмысы тұтқындар шоғырланған 85 лагерде жүргізілді. Еліне оралған соң тұтқындар кеңес жерінде НКВД органдарының

тексеруіне қайтадан түсті. Мысалы, 1945 жылы шілдеде кеңес жағына 1 млн 222 мың 767 адам берілсе, біртіндеп ол көбейе түсті [30].

1944 жылы желтоқсанда Ресей Федерациясына 1 206 107 адам, Украинаға 1 466 565 адам, басқа да КСРО республикаларына 790 593 тұтқын келді. Ал жалпы соғыс кезінде Германияға құлдыққа 4 794 087 адам айдап әкетілді. Оған 2 016 480 әскери тұтқындар қосылды. Енді мына дерекке назар аударайық: КСРО әскерлері ұрыс жүргізген жерлерде 3 млн 277 мың өз адамдарын азат етті. Ал Одақтастар әскері 2 352 686 кеңес азаматын азат еткен. Олардың 2 038 700 адамы кеңес жағына майдандар түйіскен жерлерде беріліп, 313 986 адам темір жолдар мен теңіз порттары арқылы қайтарылған [31].

КСРО-ға қайтарылғандардың 1945 жылдың соңындағы ақпарат бойынша дерегі: 5 352 963 адам, олардың ішінде 1 825 774 әскери тұтқында болғандар, 3 527 189 адам қарапайым халық (олардың 1 293 095 ер адамдар, 1 536 650 – әйелдер, 702 444 – балалар). Еліне қайта оралған репатрианттардың ұлттық құрамы келесідей [32]:

Кесте - 2. Тұтқыннан қайтып оралғандар

Ұлты	**Әскери тұтқындар саны**
Орыстар	740 114
Украиндар	460 208
Белорустар	134 776
Грузиндер	25 541
Армяндар	20 657
Еврейлер	4 762
Татарлар	32 178
Өзбектер	29588
Қазақтар	24 448
қалмақтар	4 087
Башқұрттар	4 578
Түрікмендер	3 791
Карелдер	2 194
Әзірбайжандар	21 985
Молдовандар	5 094
Тәжіктер	4 258
Қырғыздар	4 299
Литвалықтар	3 019
Эстондар	2 749
Латыштар	3 456
Финдер	583
Поляктар	2 702
КСРО-ның басқа халықтары	31 586

Тұтқыннан босатылған бейбіт халықтың ішінде 2 455 қазақ, 1 446 өзбек, 1 500 башқұрт азаматтары еліне қайтарылғаны үлкен мәселе тудырды [33]. Анықтай келе автор бұл адамдардың бір бөлігі кезінде сотталып, Украина мен Белоруссия және кейін жау басып алған басқа да жерлерде жазасын өтегендер екеніне көзі жетті. Сонымен бірге 30-жылдардағы ашаршылық кезінде босқын болып Ресейдің Сталинград өлкесіне, Ростов облысына көп қазақтардың көшкені белгілі. Жау басып алған кезде оларды фашистер басқалармен қатар құлдыққа айдап кеткені еш талас тудырмайды.

Еліне қайтып оралған Түркістандық қазақ легионерлері және басқалары немістер жағында қандай әрекет еткеніне байланысты жазаға тартылды. Көпшілігі көсіпорындарға міндетті жұмыс істеуге жіберілді. Мерзімі үш жылдан 7 жылға

дейін. Ал фашистер жағында көрнекті қызмет еткендер қатаң жазаланды. Он жылдан 25 жылға дейінгі мерзімге сотталды. Өздерінің немістер құрған легионда болғандығынан басқа, түтқыннан еліне қайтар кезде АҚШ пен Англия барлауына қызмет етуге келісім бергендер ретінде міндетті түрде әр түрлі ұзақ мерзімге сотталды.

Түркістан легионында жүріп, немістер құрған Түркістан ұлттық комитетінің «Милли Түркістан» журналын, оның қазақ тіліндегі нұсқалары мен газетіне редактор болған Хакім Тыныбеков бастаған 49 адам соғыстан кейін Алматыға әкелініп жауапқа тартылды [34].

Олардың қатарында соғысқа дейін Қазақ КСР жеңіл және тамақ өнеркәсібі халық комиссары (министрі) болған Нұрхан Сейітов, ақын, журналист, соғысқа дейін Алматыда журналистика институтын бітірген Хамза Абдуллин, музыкант Әйткеш Толғанбаев және басқалары бар болатын. Соңғы екеуі түтқыннан босап, үйлеріне оралған соң 6 айдан кейін түтқындалды.

Нұрхан Сейітов 1941 жылы қарашадан бастап Ақмолада құрылған қазақтың 106 атты әскер дивизиясында комиссар болған адам. Ал Хакім Тыныбеков соғысқа дейін Алматыдағы педагогикалық институтты бітіріп, тілші маман ретінде КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалында ғылыми қызметкер болып істеген. Білімді тіл маманы болғандықтан немістер шығарған «Милли Түркістанға» бас редактор болып тағайындалған. Нұрхан Сейітов Түркістан комитетінде аға нұсқаушы болып, түтқында жүргенде кеңес өкіметіне қарсы бірнеше кітапшалар жазған насихатшы қызметін атқарды. Бұларды НКВД органдары сол түтқыннан бері алған бойда бостандыққа шығармай Алматыға әкеліп, тергеуге тапсырған.

Хамза Абдуллин де журналист ретінде Түркістан комитетінің қазақ газетінде өзіне дейін түтқынға түскен Мәжит Айтбаев, Мәулекеш Қайболдиндермен бірге істейді. «Мені Түркістан комитеті газет жұмысына жіберді. Редакцияға кіріп келсем, соғыстың алдында ғана өзім қызмет еткен «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясына қайта келгендей болдым. Онда өзіммен бірге істеген Мәжит Айтбаев пен Мәулекеш Қайболдиндер отыр екен» деп еске алған еді осы жолдар авторына 1992 ж. ақпанда Х. Абдуллин.

Сотқа қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен ұлтының өкілдері түтқында жүріп немістер құрған Түркістан комитетінде жауапты жұмыстарды атқарғандар да тартылды. Барлығы 49 адам. 1947 жылы 18 сәуірде бәрі сотталып, өлім жазасына кесілгендер КСРО-да сол кезде мұндай жаза алынып тасталғандықтан 25 жылға лагерге айдалды. Х. Абдуллин 10 жылға сотталды.

КСРО барлау органдары Түркістан легионын құруға қатысқан неміс мамандарын да ұстап, жауапқа тартты. Олардың ішінде профессор фон Мендеден жауап алынған. Азиялықтардан легион құруға тікелей қатысы бар Райнер Ольцшаны да Алматыға әкеліп тергеуге алған.

Жергілікті НКВД органдары облыстарда да түтқыннан үйіне оралғандарды біртіндеп соттай бастады. Магадан, Иркутск облысының Черемхово, Колыма және басқа лагерлері енді түтқында болғандардың тұрағына айналды. Қиналған Х. Тыныбеков лагерде қайтыс болды.

1955 жылы 18 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Кеңесі соғыс кезінде немістерге жәрдемдескендерге амнистия жариялап, 1955 жылдың желтоқсанында олар үйлеріне қайтарылды. Ауыр науқаспен ауруханада жатқан Н. Сейітов бостандыққа шығуға шамасы жетпей, 1956 жылы ақпанда Колымадағы лагерь ауруханасында көз жұмды.

Түтқында болғандар үйлеріне қайтарылып, рақымшылық алғанымен, олардың соғыста болды деген құқы қайтарылмады. Бұл әділетсіздік 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін жалғасты. Дегенмен, егемендік алғаннан кейін де, неміс түтқынында болған қазақ жауынгерлерінің тағдыры айтарлықтай өзгеріске ұшырай қоймады. Бұған дәлел ретінде Ұлы Отан соғысы жылдарында жау түтқынында,

Түркістан легионында болған Баба Әлімжановтың өмірі мен тағдырын келтіруге болады. Жастайынан жетім қалған Баба Әлімжанов Жалаңаштағы орта мектепті үздік аяқтаған соң туған ауылы– Үзынбұлаққа қайта оралады. Біраз уақыт бойы мұғалімдердің жетіспеушілігі салдарынан балаларға математика пәнінен сабақ береді. Бірнеше рет Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтына оқуға түсуге талпынады. Соғыс басталмастан бұрын 1940 жылдың өзінде мобилизацияға ұшырап, Беларусь жеріне әскери міндеткерлігін өтеуге жіберіледі. Осы жерде Әлімжанов Баба танкистердің оқуын оқып, сержант атағына қол жеткізеді.

1941 жылы маусымда соғыс басталғанда неміс әскерінің алғашқы соққысына ұшыраған әскери бөлімдердің қатарында болып, жанын аман сақтап қалу үшін кері шегініп, Смоленск түбінде орын алған ұрыстардың бірінде оң мыңдаған кеңес солдаттарымен жау қолына түседі. Кеңес түтқындарын неміс басшылығы алдымен Брест-Литовск лагерінде біраз ұстап, артынан Польшаның территориясындағы Остров-Мозавец лагеріне аттандырады. Бұл лагерьде 1942 жылдың мамырына дейін немістердің тепкісіне шыдаған Әлімжанов Баба бір топ әскери тұтқындармен Селенка ауылына қара жұмысқа жіберіледі. Осы жерде тұтқындардың ішінен жұмыс батальондары жасақталып, ерекше еңбекқорлығымен көзге түскен Әлімжанов Баба батальонның командирі қызметіне тағайындалады.

1942 жылы маусымда әр түрлі ұлт өкілдерінен құралған бұл жұмыс батальонын Ромны қаласына көшіріп, осы жерде ол әскери батальон ретінде автоматты түрде Түркістан легионына қосылады. Осы кезден бастап әскери тұтқындар қара жұмыстан босатылып, сапқа жүру дайындығынан өтеді. Қолдарына әр түрлі маркадағы оқу қаруларын берді. Әлімжанов Бабаның еске алуы бойынша, немістер олардан ешқандай ант талап етпеді, бірақ легионға күштеп кіргізді. 1943 жылы наурызда бұл батальонды Германиядағы Нейгаммер қаласына аттандырды. Әлімжанов Баба жау қолына түскен күннен бастап тұтқын азабын өз майдандастарымен бірге тартты. Адам құқықтарының аяққа тапталуы, бассыздық пен кемсіту, негізсіз соққыға жығу, бірнеше күн бойы аш қалдыру қасіретін бастан өткізген Әлімжанов Баба Түркістан легионының бір батальонының құрамында болған кезде де неміс солдаттарының тарапынан тұрақты түрде кемсіту нысанына айналды. Тұтқындардың өмірін құнсыз деп санаған неміс солдаттары оларды соққыға жығып, кеудеде ұялап жатқан өмір сүру ұмтылысын жоюға күш салды. Бір күні шыдамы таусылған қарапайым қазақ баласы неміс ефрейторын жағадан ұстап, өшін алды. Бұл әрекеті үшін неміс солдаттары Әлімжанов Бабаны аяусыз соққыға жығып, Кручинада орналасқан айыптылардың лагеріне айдап жіберген.

Осы лагерьде шоғырланып, айыптылардың есебінен жасақталған Түркістан легионының 191 батальоны Томашев пен Радомның арасындағы өтетін темір жолды күзетті. Бұл жерде жүріп орыс тілін де жетік білмеген Әлімжанов Баба ормандарда неміс әскеріне қарсы әрекет етіп жүрген поляк партизандарымен байланыс орнатып, сәт тауып лагерьден қашып құтылады. Партизандармен бірге неміс әскеріне қарсы әскери әрекет жасайды. Осындай операцияның бірінде Әлімжанов Баба және оның қасындағы партизандар СС әскерлерінің қолына түседі. Радомға алып келген тұтқындардың әскери шендері анықталғаннан кейін, офицерлер бірден атылып, қатардағы жауынгерлер Австрияның жеріндегі Маутхаузен («Өлім үйі») концлагеріне жіберіледі. Адам айтқысыз сұмдықтармен әйгілі бұл лагерьдегі өмірі туралы Әлімжанов Баба айта отырып, көз жасын ұстай алмады: «адам баласына немістердің айуандықтарына шыдау мүмкін емес». Осы лагерьде болған уақытында Әлімжанов Баба басқа кеңес әскери тұтқындарымен бірге атақты генерал Карбышевтің өлімін өз көзімен көрді. Лагерьден Әлімжанов Бабаны 1945 жылы 5 мамырда американдық әскер босатты. Денсаулығы әбден нашарлаған Б. Әлімжанов тіпті өз бетімен тұрып, тамақ ішуге де шамасы болмады. Американдық әскери дәрігерлер оны және басқа да мыңдаған тұтқындарды арнайы лазареттерде емдеп, бірнеше айдан кейін аяққа тұрғызды. Денсаулығы

шартты түрде жарамды деп танылған соң, бұл кеңес солдаттарын Отанына қайтару туралы мәселе көтеріліп, оларды 1945 жылы Донбасқа темір жолмен жібереді. Осы жерде өз еркімен Б. Әлімжанов бір жылдай шахтада жұмыс істеп, туған жеріне тек 1946 жылы мамырда ғана оралады. Кіндік тамы тамған ауылында Әлімжанов Баба бұрынғы кәсібі – бала оқытуға қайта кіріседі. Алайда, оның бейбіт өмірі ұзаққа созыла қойған жоқ. 1948 жылы жазда оның мемлекеттік қауіпсіздік қызметкерлері абақтыға әкеліп отырғызады. Тергеу кезінде бұл қызметкерлер Әлімжанов Бабаны соққыға жығып, тамақ пен үйқы бермей ақыры оған «түтқынға түскен сатқын» және «халық жауы» айыптарын зорлап мойындаттырып, соттың шешімімен 25 жылға еңбек түзету жұмыстарына соттап, Степлагқа аттандырады. Онсыз да өмірде талай қиыншылықтарды көріп, тағдырдың төлкегіне түскен қарапайым қазақ мұғалімі қайтадан лагерьге оралды, бірақ енді неміс емес, өзі жан беріп, жан қорғаған Отандағы кеңес лагеріне түсті.

Сталин қайтыс болғаннан кейін орын алған оқиғалардың сарынымен Б. Әлімжанов лагерьден 1955 жылы босап шығады. 36 жасқа дейін көрмегені қалған Б. Әлімжанов енді бейбіт өмірге оралуға, отбасын құруға, бала сүюге қорықты. Оны түсінуге болады. Егер жау түтқынындағы көрген азап соғыстан туындаған салдар болса, туған жерін қолына қару алып қорғаған Отаны оны «сатқын» әрі «халық жауы» ретінде 25 жылға соттауы ешбір адамның есінен өшпейтіні анық. Дегенмен, Б. Әлімжанов халық арасында білікті мұғалім, ауылдастары арасында қайырымды да сыйлы азамат, отбасын берік ұстаған отағасы ретінде танылды.

2015 жылы, яғни Жеңістің 70-жылдық мерейтойына орай ҚР Президенті архивінің күш салуымен неміс түтқынында болған, көзі тірі қазақ жауынгерлеріне Германия жағынан өтемақы қайтару бағытында ауқымды жұмыс атқарылды. Өкінішке орай, Б. Әлімжанов ол күнге жете алмай, биылғы көктемде дүниеден озды [35].

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ГАРФ. 5446-қ. 86а-т. 12345 іс. 1-112 п.

2. Боздақтар – Книга памяти Казахстана. – Алматы: Казахстан, 1995. – С. 272.

3. Гилязов И.А. Легион «Идель-Урал». Представители народов Поволжья и Приуралья под знаменами «Третьего Рейха». – Казань: Татарское книжное издательство, 2005. – С. 104-105.

4. Конасов В.Б., Терещук А.В. К истории советских и немецких военнопленных (1941-1943 гг.) // Новая и новейшая история. – 1996. – №5. – С. 54-72.

5. Автордың 1974 жылы жазып алған естеліктерінен.

6. Гальдер Ф. Военный дневник. 1939-1942. В 3-х томах. Т.3, кн. 1. – Москва, 1970. – С. 60.

7. РГВА. 461к-қ., 405; 406-істер, 36-п.; 108-іс. Объяснительная записка М. Чокаева по поводу разногласий среди тюркской эмиграции; 381-іс. Переписка с резидентурой «Мартель» о сотрудничестве деятелей тюркской эмиграции с Польской разведкой. 175-п., т.б.

8. Дробязко С., Романько О., Семенов К. Иностранные формирования третьего рейха. – Москва: Астрель, 2009. – С. 402-403; РГАСПИ. 17-қ., 125-т., 94 іс, 48-п.

9. Дробязко С., Романько О., Семенов К. Иностранные формирования третьего рейха – Москва: Астрель, 2099. – С. 439.

10. РГАСПИ. 17-қ., 125(6)-т., 165-іс, 34, 71-72, 75, 91-пп.; Қ. Алдажұмановтың 1983 ж. соғыс ардагері Б. Садықовтан, т.ғ.к., Қазақ КСР ҒА қызметкері Жағыпар Ахановтың қатысуымен жазып алған материалынан.

11. Қ. Алдажұмановтың 1983 ж. соғыс ардагері С. Ақпанбетовтен жазып алған материалынан.

12. История органов безопасности Казахстана (1917-1991). Книга первая. – Алматы, 2003. – С. 193-243, т.б..

13. Оралтай Хасан. Елім-айлап өткен өмір. – Алматы: Білім, 2005. – 222-244-бб.
14. ҚР ҰҚК арнайы архиві. Архив №5221.
15. ҚР ҰҚК арнайы архиві. Архив №5221.
16. ГАРФ). 9526-қ., 9-т., 25 іс, 28-п.
17. РГАНИ. 89-қ., 40-т., 5-іс, 1-9-пп.
18. РГАНИ. 89-қ., 40-т., 2-іс, 1-4-пп.
19. РГАСПИ. 17-қ., 125-т., 94-іс, 46-п.
20. ГАРФ. 5446-қ., 86 а-т., 12345-іс, 90-п.
21. ГАРФ. 5446-қ., 86 а-т., 12345-іс, 68-п.
22. ГАРФ. 5446-қ., 86 а-т., 12345-іс, 8-9-пп.
23. ГАРФ. 9526-қ., 9-т., 21-іс, 92-п.
24. ГАРФ. 9526-қ., 9-т., 21-іс, 77-78-пп.
25. ГАРФ. 9526-қ., 9-т., 20-іс, 6, 111, 112-пп.
26. Қ. Алдажұмановтың Х. Абдуллинен жазып алған материалынан.
27. Қ. Алдажұмановтың А. Жәмкеннен жазып алған материалынан.
28. Қарағанды облыстық мемлекеттік архиві. 67-қ., 3-т., 196-іс, 1232-1283-пп.; 65-қ., 2-т., 54-іс, 14- п. т.б.
29. Қарағанды облыстық мемлекеттік архиві. 67-қ., 3-т., 196-іс, 1237- а.п.
30. РГАНИ. 89-қ., 40-т., 2-іс, 3-5-пп.
31. РГАНИ. 89-қ., 40-т., 4-іс, 1-12-пп.; 5-іс, 2-п.
32. РГАНИ. 89-қ., 40-т., 5-іс, 5-6-пп.
33. РГАНИ. 89-қ., 40-т., 5-іс, 8-п.
34. ҚР ҰҚК арнайы архиві. Архив №5221.
35. Белгілі жас ғалым Алмас Жүнісбаевтың 2015 ж. Баба Әлімжановтан жазып алған естелігі.

References

1. GARF. 5446-q., 86a-t., 12345-is, 1-112 p.
2. Bozdaqtar – Kniga pamyati Kazakhstana. – Almaty: Kazakhstan, 1995. – S. 272.
3. Gilyazov I.A. Legion «Idel'-Ural». Predstaviteli narodov Povolzh'ya i Priural'ya pod znamenami «Tret'yego Reiha». – Kazan': Tatarskoe knizhnoe izdatel'stvo, 2005. – S. 104-105.
4. Konassov V.B., Tereshchuk A.V. K istorii sovetskih i nemetskih voennoplennyh (1941-1943 gg.) // Novaya i noveyshaya istoriya. – 1996. – №5. – S. 54-72.
5. Avtordyn 1974 zhyly zhazyp algan estelikterinen.
6. Gal'der F. Voennyi dnevnik. 1939-1942. V 3-h tomah. T.3, kn. 1. – Moskva, 1970. – S. 60.
7. RGVA. 461k-q., 405; 406-ister, 36-p.; 108-is. Ob'yasnitel'naya zapiska M. Chokaeva po povodu raznoglasiy sredi tyurkskoy emigracii; 381-is. Perepiska s rezidenturoy «Martel'» o sotrudnichestve deyateley tyurkskoy emigracii s Pol'skoy razvedkoy. 175-p., t.b.
8. Drobyazko S., Roman'ko O., Semenov K. Inostrannye formirovaniya tret'yego reiha. – Moskva: Astrel', 2009. – S. 402-403; RGASPI. 17-q., 125-t., 94-is, 48-p.
9. Drobyazko S., Roman'ko O., Semenov K. Inostrannye formirovaniya tret'yego reiha – Moskva: Astrel', 2099. – S. 439.
10. RGASPI. 17-q., 125(6)-t., 165-is, 34, 71-72, 75, 91-pp.; Q. Aldazhumanovtyn 1983 zh. sogys ardageri, B. Sadyqovtan, t.g.k., Qazaq KSR GA qyzmetkeri Zhagypar Akhanovtyn qatysuymen zhazyp algan materialynan.
11. Q. Aldazhmanovtyn 1983 zh. sogys ardageri S. Aqpanbetovten zhazyp algan materialynan.
12. Qaranyz: Istoriya organov bezopasnosti Kazakhstana (1917-1991). Kniga pervaya. – Almaty, 2003. – S. 193-243, t.b..
13. Oraltay Khassan. Elim-ailap otken omir. – Almaty: Bilim, 2005. – 222-244-bb.

14. QR UQK arnayi arkhivi. Arkhiv №5221.
15. QR UQK arnayi arkhivi. Arkhiv №5221.
16. GARF. 9526-q., 9-t., 25-is, 28-p.
17. RGANI. 89-q., 40-t., 5-is, 1-9-pp.
18. RGANI. 89-q., 40-t., 2-is, 1-4-pp.
19. RGASPI. 17-q., 125-t., 94-is, 46-p.
20. GARF. 5446-q., 86 a-t., 12345-is, 90-p.
21. GARF. 5446-q., 86 a-t., 12345-is, 68-p.
22. GARF. 5446-q., 86 a-t., 12345-is, 8-9-pp.
23. GARF. 9526-q., 9-t., 21-is, 92-p.
24. GARF. 9526-q., 9-t., 21-is, 77-78-pp.
25. GARF. 9526-q., 9-t., 20-is. 6, 111, 112-pp.
26. Q. Aldazhumanovtyn Kh. Abdullinen zhazyp algan materialynan.
27. Q. Aldazhumanovtyn A. Zhamkennen zhazyp algan materialynan.
28. Qaragandy oblystyq memlekettik arkhivi. 67-қ., 3-t., 196-is, 1232-1283-pp.; 65-q., 2-t., 54-is, 14-p. t.b.
29. Qaragandy oblystyq memlekettik arkhivi. 67-q., 3-t., 196-is, 1237- a.p.
30. RGANI. 89-q., 40-t., 2-is, 3-5-pp.
31. RGANI. 89-q., 40-t., 4-is, 1-12-pp.; 5-is, 2-p.
32. RGANI. 89-q., 40-t., 5-is. 5-6-pp.
33. RGANI. 89-q., 40-t., 5-is. 8-p.
34. QR UQK arnayi arkhivi. Arkhiv №5221.
35. Belgili zhas galym Almas Zhunisbayevtyn 2015 zh. Baba Alimzhanovtan zhazyp alan esteligi.

К. Алдажуманов[1]
[1]Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова,
г. Алматы, Казахстан

ВОЕННОПЛЕННЫЕ КАЗАХИ И ТУРКЕСТАНСКИЙ ЛЕГИОН

Резюме

Статья посвящена истории военнопленных казахов, попавших в руки гитлеровской Германии во время войны 1941-1945 гг. В ней рассмотрены история создания немцами Туркестанского легиона, репатриация военнопленных в конце войны, а также их судьбы после возвращения на Родину.

Ключевые слова: война, военнопленные, легион, репатриация.

K. Aldazhumanov[1]
[1]Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
Almaty, Kazakhstan

KAZAKH PRISONERS OF WAR AND THE TURKESTAN LEGION

Summary

The article focuses on the history of Kazakh prisoners captured by Nazi Germany during the war of 1941-1945. It examines the history of Turkestan Legion formation by the Germans, the repatriation of prisoners of war at the end of the war and their fate after their return to the homeland.

Keywords: war, prisoners of war, the legion repatriation.

УДК 94(470.4/.5)

Д.Ш. Муфтахутдинова[1], к.и.н.,
доцент кафедры истории Татарстана, археологии и этнологии [1]К(П)ФУ
г. Казань, Российская Федерация

ПОЛИТИКА РОССИЙСКОГО ГОСУДАРСТВА ПО ОТНОШЕНИЮ К ТАТАРАМ - МУСУЛЬМАНАМ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Актуальность исследуемой проблемы обусловлена тем, что изучая проблемы расширения границ Российской империи, открываются весьма любопытные факты взаимодействия мусульманской конфессии с органами государственной власти, а также использования татарского служилого сословия в деле расширения восточных границ империи. Уникальный и весьма ценный исторический опыт мирного сосуществования православия и ислама на сегодняшний день весьма востребован в связи с ростом международной напряженности и конфликтов цивилизаций.

Ведущим подходом к исследованию данной проблемы стал проблемно-хронологический метод. Статья написана на основе изучения Полного свода законов Российской империи и опубликованных источников XVIII-XIX веков. Материалы статьи могут быть полезными для дальнейшей разработки темы исследования, а также в ходе преподавания спецкурсов на исторических факультетах университетов и преподавания Отечественной истории в высших и средних учебных заведениях страны.

Ключевые слова: этноконфессиональная политика, христианизация, русификация, мусульмане, миссионеры.

В 30-40 годах XVIII века началось договорное присоединение к России Казахских жузов (завершилось в 1845-1863 гг.). Казахстан в то время представлял собой отсталый в социально-экономическом отношении регион, но с очень большим ресурсным потенциалом. Кроме России на эти земли прицеливались Англия, Османская империя, Джунгарское и Кокандское ханства. Через данную территорию проходила караванная дорога в Среднюю Азию и Индию. Россия стремилась взять этот путь под свой контроль, кроме того Казахстан был «интересен» развивающейся российской промышленности как источник сырья.

Таким образом, в 40-е годы XVIII века через казахстанские степи впервые открывалась русско-азиатская караванная торговля. Как пишет П.Е. Матвеевский: «В целях извлечения государственных доходов и торговой прибыли для купцов, её организует, кодифицирует и поощряет правительство и власти на местах, вовлекает в неё энергичных и предприимчивых людей из татар» [1, с.160]. Караванная торговля была очень опасным мероприятием, и обеспечить безопасность в этом деле было очень сложно. Прежде всего, из-за того, что мусульманское население Туркестана относилось весьма враждебно к России и православным купцам. Как сообщает М.А. Терентьев «…русские купцы всегда старались заполучить в компанию какого-нибудь татарина, или доверяли караваны приказчикам из татар. Так, одно имя какого-нибудь Абдуллы или Нияза служило талисманом, и способно было охранять караван в кочевьях дикарей» [2, с.20]. Кроме того сильно отличались пошлины, которые брались с купцов, принадлежащих к различным народам и верованиям. Как отмечает С.А. Аникин: «с мусульман полагалось брать пошлину в размере 1 червонца с каждых 40, с «неверных» – вдвое больше; с армян и индийцев – по 5 червонцев с сотни» [3, с.126].

Русские очень неуверено чувствовали себя в городах Средней Азии. Вот что об этом сообщают современники: «Жизнь русских купцов в Коканде далеко не привлекательна: большей частью они живут и проводят все время в закет-сарае

(таможне), весьма редко выходя из этого здания, потому, что каждое появление их сопровождается ругательствами, на которые так щедры сарты в отношении иноземцев. Ходят они по городу не иначе, как переодетые в татар или сартов» [4, с.438].

Присоединение к России казахских земель было задумано мирным путем, во-первых, путем дипломатии, во-вторых, с помощью исламизации казахской элиты, а затем и всего населения. К этому процессу Екатерина II решила привлечь не только татарское и башкирское служилое сословие, но и татарское духовенство. Целью правительства было объединить разрозненные казахские племена с помощью единой религии и тем самым держать их под неусыпным контролем. П.П. Литвинов по этому поводу пишет: «Екатерина II полагала, что православное христианство является слишком «возвышенной религией», которую «дикие», по её мнению, кочевники не смогут воспринять должным образом. Более подходящей для них религией она считала мусульманскую, казавшуюся ей простой и безыскусной, которую «отсталый» в духовном отношении степняк может усвоить без труда» [5, с. 268]. С другой стороны, русское правительство боялось проникновения на эти территории среднеазиатских проповедников из Бухарского, Хивинского, и Кокандского ханства. Казанские татары были «свои» и их можно было держать под контролем. Татары довольно энергично начали проводить решение правительства в жизнь. Тем более что казна щедро отпускала на это средства, а императрица поддерживала курс, направленный на покровительственное отношение к мусульманам во вновь приобретённых землях.

Губернатор Оренбурга Неплюев, комментируя один из случаев обращения к посредничеству местных татар для переговоров с Казахской степью, писал: «В сию посылку я употребляю магометан, татар слободы Сеитовой, и как сей народ может быть ослеплен корыстью, то я сих татар наградил изобильно» [6, с.241].

Укреплению и расширению связей России с Туркестаном способствовало также возникновение города Оренбурга и оренбургской засечной линии. Вскоре были построены две большие мечети: одна в Оренбурге, другая между Павлодаром и Семипалатинском, у выселка Подпускного. 4 сентября 1785 г. Екатерина II посылает именной указ барону Игельстрому. «Видев из донесения Вашего от 6 августа, что построенная для подданных наших магометанского закона мечети в крепости Троицкой и в Оренбурге открыты, не сомневаемся, что таковые сооружения мест для публичной молитвы привлечет и прочих в близости кочующих и обитающих по границам нашим, сие и может послужить со временем способом к воздержанию их от своевольства лучше всяких строгих мер. Вследствие того нужно есть: 1) при помянутых мечетях построить татарские школы по примеру Казанских и тут же завести караван-сараи или гостиные дворы каменные для выгоды торгующих магометан; 2) мечети обвести каменным забором, осведомося от татар, как то пристойно по их обычаю; 3) где же вновь следует построить мечети и особливо в таких местах, кои удобнее других посещаемы быть могут, стараться оные так расположить, чтобы, хотя и до 1500 человек в них вместиться могло, ...о людях потребных для татарских школ, не оставьте снестися с нашим генералом и казанским генерал-губернатором князем Мещерским» [7].

Облыстар өз кезегінде уездерге бөлінді. Уездік басқарманың басшылығына орыс шенеуніктерінің ішінен таңдап алынып, олар уезд бастығы лауазымына облыстық әскери-губернатордың ұсынысы бойынша генерал-губернатор бекіткен жағдайда тағайындалды. Жаңа әкімшілік жүйеге сай уездегі барлық билік жүйесі уезд бастығының қолына толығымен шоғырландырылды. Мысалы ереженің 42 және 65 баптары бойынша, уезд бастықтарына мынадай міндеттер жүктелді: жергілікті басқару орындарына жүктелген міндеттердің орындалуын қадағалау, уезде тыныштық пен тәртіпті сақтау, алым-салықтың жиналуын бақылау және халықтың денсаулығын сақтау. Уезде орналасқан әскери бөлімшелер, мекемелер мен бекіністер уезд бастықтарына бағынышты болды.

1867-1868 жылдардағы реформа ел мен жерді басқарудағы патшалық үкіметтің алғашқы буыны болып табылатын жергілікті басшылардың тағайындалуы мен қызметіне көңіл бөлді. Әрбір уезд болыстарға, ал болыстар ауылдарға бөлінді. Е.Г. Федоров «Қазақстан – патша үкіметінің отары» атты еңбегінде: «Патшалық қазақ түрғындарының орталықтарын әдейі бөлшектеді, барлық басқару жүйесін бөлшектеу арқылы қазақ халқының мәдени дамуын тежеп, халықты қараңғылықта үстауды көздеді», – деп көрсетеді [2, с. 68-71].

Ережеге сай уездер территориялық белгі бойынша бір болысқа 1000-2000 киіз үй және бір ауылға 100-ден 200-ге киіз үй кіретіндей болып есептеле келе, өлке болыстар мен ауылдарға бөлінді. Болыстар көбінесе шаруашылық жағынан біріккен ауылдардан түрды. Осыған байланысты жаңа Ереже қазақтардың рулық қатынастар бойынша тарихи бөлінуі заңды түрде жойыла бастады. Ру басында ақсақал түрғанда, оның сөзі мен ісі билік күшке ие жағдайында патша үкіметінің дала тыныштығы үшін қорқуы заңды нәрсе болатын.

1867 жылғы Ереженің 85-бабына сәйкес болыстардың басында қазақтардан сайланған болыс басқарушылары, ал ауылдардың басында сол сияқты сайланатын старшиналар болды. Осы жылдардағы Ережелерде «болыстық және ауылдық старшиналарды халық сайлайды» деп нақты көрсетілген. Бір қарағанда сайлау демократиялық негізде жолға қойылған ретінде сипатталғанымен, іс жүзінде патша үкіметі сайлауды өз мақсатына орай жүргізіп отырғаны белгілі болып отыр. Сайланған болыс басқарушыларын – облыстық әскери губернаторы, ал ауылдық старшиналарды уезд бастығы бекітетін еді. Отаршылар әкімшілігі ұсынылған үміткерлер көңілінен шықпаса бекітпей тастап, жаңа сайлау белгілеудің де мүмкіндігі жоғары болды. Болыс басқарушыларын сайлауға – уезд бастықтары, ал ауылдық старшиналарды сайлауға болыс басқарушылары міндетті түрде қатысатын болып бекітілді. Болыс басқарушылары тікелей уезд бастығына бағынышты болса, оның барлық бүйрықтарын орындауға міндетті еді. Ал ауыл старшиналары болыс басқарушысына тікелей бағынышты бола отырып, болыс басқарушысына жүктелетіндей міндеттерді орындауға міндеттенді.

Елде орын алып жатқан территориялық-әкімшілік үрдістер Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай өзгерістер әкеліп, отарлық саясаттың жаңа салық жүйесі енгізілді. Қазақстанда отырықшылық пен жер шаруашылығының көлемінің үлғайғандығына қарамастан салық төлеушілердің басым бөлігін көшпенділер құрап отырды. Мәселен, олардың пайыздық көрсеткіші 1880 жылы 90,5 % құраса, 1897 жылы 82,0 %-ға жетті.

1867-1868 жылдардағы реформалар нәтижесі көрсетіп бергендей патшалық Ресей халық тағдырына немқұрайлы қарады. Отаршылдық саясаттың белсенді жүруі үшін қызмет еткен генерал-губернаторлар қызметі мүлдем қадағаланбады. 1867-1868 жылдардағы әкімшілік басқару реформасы негізінде Оңтүстік Қазақстанда құрылған жаңа басқару жүйесі әскери басқыншылық сипат алды. Орыс әкімшілігі аппаратының билігі әскери күшпен, қарулы күзетпен нығайтылды, бұл жағдай өлкедегі халықтың отарлық езгіге түсуін күшейтіп рухани және материалдық жағынан қысым көрсетуіне жол ашқаны белгілі болып отыр [3, с.28-41].

«Уақытша Ереже» бойынша, қазаққа ең ауыр, қауіпті тигені ормандарды Ресей империясының мемлекеттік меншігі деп жариялауы еді. Бұдан былай патша үкіметі қазақтың өз жерін өзіне тек «қоғамдық пайдалануға» ғана беретін болды. Жер мәселесінің осылай шешілуі патша үкіметін қазақ жерлерін жаппай отарлауға мүмкіндік берді. Ресейден қоныс аударып келгендерге құрылыс жұмыстары үшін, егіншілікпен, саудамен, қолөнермен айналысу үшін тегіннен-тегін жерлер, ағаштар алу құқығының берілуі жаппай отарлаудың бастамасы еді [4, 19-22-бб.].

1867-1868 жылдардағы реформаларды дайындауға қатысып, Жетісуды ол шетінен бұл шетіне дейін аралап өткен А. Гейнс қазақ қоныстанушыларының бейбастық әрекеттерін былай деп баяндаған: «Жақын маңдағы ағаш атаулыны түп

тамырымен қазып алып, тып-типыл еткені сондай бұрын орман өсіп түрған жерге келген кезде бір шыбық та көрінбейді». Сонымен бірге, казактар жаңа қоныс орнын тандаған кезде қазақтардан ең шұрайлы жерді тартып алып отырды, ал жергілікті халықты құнсыз, қуаңшылық жерге ығыстырып отырды. Толық жазасыздық жағдайда казак әскерлерінің жүгенсіздігі олардың кейде «қазақтар малын алуға шығып» оны тартып алып, ол жергілікті халықты құнсыз, ал «қарусыз қазақ өз құқығының қорғаушы құрбандығына ұшырап қалатын» жағдайға дейін жетті,-деп Жетісуда болған саяхатшы П.П. Семенев Тянь-Шанский ашу-ызамен жазған [5, 147-151-бб.].

1867-1868 жылдардағы әскери тірек пункті міндетін атқарған казак қоныстары қазақтарды шұрайлы да құнарлы мекендерінен айырумен бірге, оның егіншілік мәдениетінің де дамуына кедергі жасады, мал шаруашылығының дәстүрлі қоныс аудару жүйесін бұзды. Патша үкіметі түрлі артықшылықтар берген казактар панасыз қазақ жұртына түрлі зорлық-зомбылықтар жасап отырды. Казактар қазақ жеріне, табиғатына немқұрайлы қарап, орманды ысырапсыз пайдаланып, біразын тып-типыл жоқ етті. Жоғарыда айтқанымыздай жергілікті халықтан тартып алынған егіншілікке жарамды жерлерді күнары таусылғанша пайдаланып, содан соң оларды тастап басқа жерлерге кетіп отырған.

Казактардың ормандарды ысырапсыз пайдаланып, Жетісудың әсем табиғатына ауыр зардаптар тигізіп жатқанын Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфман 1867 жылы қазан айында Жетісу өңірінде болған кезінде өз көзімен көрген болатын. Ол казактардың мынандай әрекетіне ашуланып, 1867 жылы жазды: «Түркістан генерал-губернаторы құрылғаннан бері мен Жетісу облысындағы ормандардың сақталуына, олардың жөн-жосықсыз шабылуына, құрып кетуіне көңіл бөліп келемін. Дегенмен, соңғы 10 жыл ішінде өңірде ормандар азайып, құрып кету жағдайына жетіп отыр. Ормандарды сақтау түрғындардың отынға, құрылысқа деген күнделік қажеттіліктерін өтеу үшін ғана қажет емес. Ормандар жердің құнарлығын, тозбауын қамтамасыз ету үшін аса маңызды. Ормандардың оталуы жердің өнімділігіне тікелей әсер етіп отырғаны байқалуда. Оған Қапал қаласы мен станциясының бүгінгі жағдайы дәлел бола алады. Онда казактардың көргенсіз әрекетінен ормандар жойылып, егістік алқаптар жарамсыз күйге түсті. Мен осыған 1867 жылы сапарымның кезінде облыс басшысына орманды шабуға шек қою үшін тиісті шаралар қолдануды тапсыруға мәжбүр болдым», – деп жазған болатын [1, 95-97- бб.]

Сонымен қатар, әскери күш ретінде отарлау саясатында белсенді рөл атқарған казактар, жергілікті халықты күшпен ығыстыру нәтижесінде алған құнарлы жерлерді игеруге келгенде айтарлықтай егіншілік мәдениетін таныта алмады. Оны мынандай мәліметтерден аңғаруға болады: XIX ғасырдың 80 жылдары Жетісу облыс басшылығы облыста түратын казактардың шектен тыс артық жер иеменденіп отырғандығын, ал жерлердің игерусіз жатқандығын мойындауға мәжбүр болып, казактар иеленген 214511 десятина жерді алып, оның 7529 десятинасын қалаларға, ал қалған бөлігін қазақтарға қайтарған.

Сонымен қатар, отаршыл билік орындары рухани саладан отарлауды көздеп, нығайтумен болды. Осы мақсатта шіркеу, монастырь салу үшін жерлерді талап, сонымен қатар, оған қаржыны аямай бөлді. Қулық-сұмдықтың түрлі жолдарын қолданған патшалық әкімшілік христиан дінін қабылдағандарға түрлі артықшылықтар жасап, оларға қолдау көрсететіндігін айтып үгіттеумен болды. Православие дініне өткендерге жәрдем ақша бөлінеді деп қызықтырды. Орыстандыру, шоқындыру ісі жоғарыда айтылғандай жер мәселесімен де тығыз байланыстырылды. Мәселен генерал-губернатор Колпоковскийдің қоныс аударған орыс шаруаларын қазақтар арасына село етіп қоныстандыруға берілетін түрлі жеңілдіктерді де жасауға тырысты .

Дегенмен де отаршылдық саясат түрлі жолдармен жүргізілді. Соның ішінде жергілікті халықты қанау, мазақ ету, ұрып-соғу сынды әдіс-тәсілдер барынша

жүргізілді. «Уақытша ережелердің» негізімен салық жүйесіне де өзгерістер енгізілді. Түтін салығы екі есе ұлғайтылып, әр шаңырақ жылына 3 сом төлеуі тиіс болды. Онымен қоса жергілікті әкімшілікті және ауылдарға келген патша шенеуніктерін «асырау», «баптап күту», халық ағарту ісін, жолдар мен көпірлер құрылысын өтеу сияқты міндеткерліктер де халықтың мойнына жүктелді.

Жоғарыда айтылғандай «Уақытша ережені» даярлағанда қарапайым халықтың жағдайы мүлдем ескерілмеді. Ата-қоныс жерлерінен айырылған халық адам айтқысыз мүшкіл жағдайда қалды. «Шағынатын, арызданатын жерің жоқ. Ауызыңды ашсаң итжеккеннен бірақ шығасың» деп өз наразылығын білдірген Өмірқалиев ақын өлең шумақтарында былай дейді:

Жауға шабар елің жоқ,
Сақадай болып сайланып.
Төсек жады мырзалар,
Ала баспақ байланып,
Үй күшіктей үреді.
Отының басын айланып,
Жердің алды құрайып.
Дуан салып жайланып.
Датыңды айтсаң орысқа
Сібірге кеттің айдалып.
Бейнең қандай болды екен
Қарасаңшы бір мезгіл
Қолдарына айна алып – деп жыр жолдарына қосқан болатын [6, 47-49-бб.].

Сонымен империялық басқару жүйесін жетілдіру мақсатында жүргізілген бұл реформалар отаршыл әкімшілік шендерін әлдеқайда кеңейтіп, қазақ даласында Ресей империясының мемлекеттік аппаратының белгілі бөлігін құрады. Патша үкіметі әкімшілік билігін түгелімен өз қолына жинақтады, сөйтіп қазақ халқын Ресей империясының отарлау саясатының құрамына айналдырды.

Ал патшалық Ресейдің қазақ өлкесін басқаруға арналған келесі әкімшілік реформалар XIX ғасырдың аяқ кезіндегі Қазақстанда 1886 және 1891 жылдардағы Түркістан және Дала өлкелерін басқару туралы «Ережелер» бойынша жүзеге асырылды. 1886 жылы 2 маусымда «Түркістан өлкесін басқару туралы ереже», 1891 жылы 25 наурызда «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Төрғай облыстарын басқару туралы ереже» қабылданды.

Түркістан өлкесі жерінің құрамына Ферғана, Самарқанд және Сырдария облыстары кірді. Орталығы Ташкент қаласы болды. Сырдария облысы 5 уезден, Ферғана – 5, Самарқанд – 4 уезден турды. 1891 жылғы «Ереже» бойынша Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының орнына орталығы Омбы болған Далалық генерал-губернаторлығы құрылды. Демек генерал-губернаторлықтардың саны қысқарғанын байқауға болады. Оның құрамына Ақмола, Семей, Орал, Торғай және Жетісу облыстары кірді. Жетісу облысы 1897 жылы қайтадан Түркістан генерал-губернаторлығының қарауына берілді [7, 47-55-бб.].

Өлке шеңберінде генерал-губернаторға шексіз билік берілді. Басқару аппараты – кеңсе, әскери губернаторлар өздеріне бағынышты облыстық басқармаларымен қоса генерал-губернаторға бағынды, ал облыстық басқармаларға жалпы жиналыс және кеңсе кірді. 1891 жылғы «Ереже» бойынша ірі облыстық орталықтарда, нақтырақ айтқанда Верный, Орал, Петропавл, Семейде полиция басқармасы құрылды, ал уездік қалаларда полициялық пристав құрылды. Болыстық басқарушылар мен ауыл старшындарын бекіту әскери-губернатор құзырында болды.

XIX ғасырдың аяқ кезіндегі Қазақстанда 1886 және 1891 жылдардағы Түркістан және Дала өлкелерін басқару туралы «Ережелер» бойынша жүзеге асырылды. Түркістан және Далалық өлкелерінде жалпы империялық соттар жүйесі - әлемдік соттар, облыстық соттар және жоғарғы сот инстанциясы қалыптасты. Соттардың төтенше съезі әскери губернатордың рұқсатымен шақырылды және өлкелік құқығы берілген орыс шенеунігінің қатысуымен өткізілді.

Төменгі сот буыны – халықтық сот болды. Халықтық сот – империялық сотқа қосалқы, өз бетінше мәселені шеше алмайтын тәуелді буын [8].

Сонымен 1886-1891 жылдардағы сот ісіндегі өзгерістер «Ережелерде» әкімшілік, сот істерінің жүйесі бекітілген болатын. 1891 жылғы «Ережеде» сот істері 17 баптан құрылса, сот жүйелері Ресейдегі үлгімен құрылды. Халық соты үстем тап өкілдерінің мүддесін қорғайтын және жергілікті мұсылмандардың ісін қарайтын ең төменгі сот буыны болды.

Патша өкіметінің отарына айналған еңбекші қазақ халқы оған ақшалай алымсалық төледі. Олардың мөлшері әр турлі болып өзгеріп отырды. Мысалы, 1844 жылғы «Ереже» бойынша әр түтіннен 1,5 сом жиналса, 1891 жылғы «Ереже» бойынша 4 сомға жеткендігін байқауға болады [9, с.56-62].

Тұтас алғанда 1886-1891 жылдардағы реформалар отаршылдық және феодалдық езгіні күшейте түсуге бағытталған еді.

Жалпы XIX ғасырдың екінші жартысындағы реформалардың болмысы туралы, қорыта айтқанда, мынандай түйін жасауға болады. Патша үкіметі Қазақстанға енгізген әкімшілік реформалары негізінде оның саяси дербестігін толығымен жойып, қазақ жерінде империя құрамындағы әкімшілік басқару жүйесін орнатты.

Демек Ресей мемлекетінің қазақ халқының саяси билігінен біржола айырып, өзінің толық отарына айналдыруға белсене кіріскен кезі XIX ғасырдың 60-шы жылдары болатын деп тұжырым жасауға болады. Ғасырлар бойы Орта Азияны жаулап алуға ұмтылып келген патшалық Ресейге әуелі осы бағыттағы тек экономикалық қана емес, стратегиялық тұрғысынан сенімді қалқаны болып табылатын Қазақстанды империяның толыққанды отарына айналдыру қажет деп саналды. Ол үшін тек қазақ даласындағы әкімшілік басқаруды өзгерту арқылы ғана қол жеткізу мүмкін болатын. Міне 1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформалардың түпкі мәні де осында болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қойгелдиев М. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ. 1917 ж.). – Астана: Елорда, 2004. – 214 б.
2. Федоров Е.Г. Казахстан-колония царизма // Ученые записки. – Алма-Ата: КазПИ, 1941. – №43. – С. 160-258.
3. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX вв. Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Наука, 1964. – 574 с.
4. Материалы по истории Казахской ССР / Под ред. М.П. Вяткина. – Т. II. – Ч. 2. (1741-1751 г.г.). – Алма-Ата: АН КазССР, 1948. – 457 с.
5. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. – Алматы, 1971. – 224 с.
6. Қазақ газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
7. Әбенова Б.С. 1868 ж. әкімшілік басқару реформасының Орынбор өлкесіне енгізілуі және оның зардаптары // ҚазҰПУ хабаршысы. – 2009. – №4(26). – 149 б.
8. Шуланбекова Г.К. 1867 жылғы Оңтүстік Қазақстанның саяси жағдайы // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2004. – №3. – 40-43-бб.
9. Жакыпбек С.К. Царские законы 1886 и 1891 гг. и усиление колониальной власти в Казахстане // Вестник КазНУ. – Серия историческая. – 2000. – №2 (17). – С. 39-43.

References

1. Koigeldiev M. Zhetysudagy Resei biligy (XIX gasyr 1917 zhyl.). – Astana: Elorda, 2004. – 214 b.
2. Fedorov E.G. Kazakhstan-koloniya tsarizma // Uchenye zapiski. – Alma-Ata: KazPI, 1941. – №43. – 160-258 ss.
3. Kazakhsko-russkie otnoshenia v XVIII-XIX vv. Sbornik dokumentov i materialov. – Alma-Ata: Nauka, 1964. – 574 s.

4. Materialy po istorii Kazakhskoy SSR, pod red. M.P. Viatkina. – T.II. – Ch. 2. (1741-1751). – Alma-Ata, 1948. – 21s.
5. Proshloe Kazakhstana v istoshnikah i materialah. – Almaty, 1971. – 224s.
6. Qazaq gazeti / Bas redactor A. Nyssanbayev. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 1998. – 560 b.
7. Abenova B. S. 1868 zhyl akimshilik baskaru reformasynyn Orynbor olkesyne engiziluy zhane onyn zardaptary. // KazUPU habarshysy. – 2009. – № 4 (26). – 149 b.
8. Shulanbekova G.K. 1867 zhylgy Ontustyk Qazaqstannyn sayasi zhagdaiy // KazUU Khabarshysy. Shygystanu seriyasi. – 2004. – №3. – 40-43 ss.
9. Zhakypbek S. K. Tsarskie zakony 1886 i 1891 GG. I usilenie kolonialnoi vlasti v Kazakhstane // Vestnik KazNU. – Seria istoricheskaya. – 2000. – № 2. – s. 39-43

А.Т. Каипбаева[1]
[1]Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, Казахстан
А.А. Нурмухамбетов[2]
[2]Казахская Национальная Академия Искусств им. Т.К. Жургенова
г. Алматы, Казахстан

**АДМИНИСТРАТИВНЫЕ РЕФОРМЫ 1867-1868 гг.:
ХОД И ЗНАЧЕНИЕ**

Резюме

В статье речь идет о колониальной политике царского правительства во II-й половине XIX века. Во II-й половине XIX века царская Россия полностью колонизировала казахские земли, в целях склонить к своей системе управления, проводила административные реформы.

Широко проводилась и подготовка к проведению административных реформ 1867-1868 годов. По поручению царя была создана специальная комиссия, при этом совершенно не учитывались традиции и обряды казахского народа. В статье подчеркивается, что несмотря на временное внедрение данных административных реформ, они затянулись надолго. Также приведены высказывания передовой интеллигенции о колониальной политике административных реформ. Наряду с этим приводятся мнения современных исследователей о колониальном характере административных реформ. Административные реформы в казахских степях во второй половине XIX века позволили объявить казахскую степь государственной собственностью царской России. Также сформулированы изменения в государственных органах.

Ключевые слова: административная реформа, «Временные Уложения», колониальная политика, генерал-губернатор, правительство округа.

A.T. Kaipbaeva[1]
[1]Kazakh State Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan
A.A. Nurmukhametov[2]
[2] T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts
Almaty, Kazakhstan

**THE ADMINISTRATIVE REFORMS OF 1867-1868:
PROGRESS AND SIGNIFICANCE**

Summary

The article deals with the colonial policy of the tsarist government in the II-nd half of the XIX century. In the II-nd half of the XIX century the tsarist Russia fully colonized Kazakh lands, in order to persuade them to the Russian control system, and carried out

administrative reforms. Besides there were widely held preparations for the administrative reforms of 1867-1868.

By the Tsar's order there was formed a special commission, at that the traditions and customs of the Kazakh people were not taken into account at all.

The paper stresses that despite these administrative reforms were introduced temporarily, for a limited period of time, they lasted for a long time.

There also given the statements of progressive intelligentsia about the colonial policy of administrative reforms. Along with this the authors adduce the opinions of modern scholars about colonial nature of the administrative reforms. The administrative reforms in the Kazakh steppes in the second half of the nineteenth century allowed declaring the Kazakh steppe the ownership of Tsarist Russia. Besides the author formulated the changes in governing bodies.

Keywords: administrative reforms, 'Temporary Regulations', colonial policy, Governor General, county government.

УДК 94(5)

А.П. Ермухамедова[1]
[1]Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова,
г. Алматы, Казахстан

ИНСТИТУТ СУЛТАНА В ИМПЕРИИ ВЕЛИКИХ СЕЛЬДЖУКОВ

Аннотация

В данной статье рассматривается институт султана, существовавший в ряде средневековых мусульманских государств, в том числе и в империи Великих сельджуков. Сельджукский султан являлся самым высшим сановником громоздкого государственного аппарата, находясь на вершине иерархической лестницы. Ему принадлежала абсолютная власть в государстве. Все решения по важнейшим вопросам жизни страны он принимал единолично. Консультативным и исполнительным органом при султане был Большой диван. Тем не менее, несмотря на неограниченность власти, султан должен был чувствовать ответственность за народ и государство перед Богом, так как именно Всевышним ему вручалось право на главенство. Наряду с огромными привилегиями, которыми обладал султан-сельджукид, существовали и некоторые обязанности, которые ему надлежало выполнять.

Появлению термина «султан», значению данного титула, званиям и лакабам первых великих сельджукидов, их фукциональным обязанностям, атрибутам и символам власти посвящена настоящая статья.

Ключевые слова: султан, империя Великих сельджуков, сельджукиды, сельджуки, административная система, титул, средневековый Восток.

Самым высшим сановником в империи Великих сельджуков являлся ее правитель – султан. Первым сельджукидом, принявшим этот титул, стал Тогрул бек [1, с. 211], который после очередной победы над Месудом Газневи в 1038 г. взошел на престол в Нишапуре, ставшим его столицей [2, с. 28]. В Нишапуре и Бейхаке была прочитана хутба. В ней наряду с именем аббасидского халифа упоминалось и его имя [2, с. 500], а также титул – «Великий султан»*(«sultan-ı a'zam»*) [3, с. 329]. Таким образом, в среде огузов, каковыми были относившиеся к племени кынык сельджуки, касательно правителя, ранее носившего название ябгу, впервые стал применяться новый, уже не тюркский, а арабский титул – султан.

В.В. Бартольд писал, что «как в Коране, так и вообще в первые века ислама этим словом обозначалось только отвлеченное понятие власти; в этом смысле слово употребляется и позже, но вместе с тем им стали обозначать и единоличного

представителя светской власти, в противоположность имаму, представителю религиозного авторитета» [4, с. 27-28]. Далее он продолжал: «Рядом с халифом... теперь был «султан», власти которого были подчинены все те области (кроме отдаленной Испании), где население признавало аббасидского халифа своим духовным главой. Вследствие этого титул «султан» теперь получил иное значение, чем раньше. Теперь уже не называли султанами, как в X в., всяких мелких владетелей; султаном теперь мог называть себя только глава независимой династии, тогда как его родичи и вассалы носили персидский (шах) или арабский (мелик) царский титул. «Заместителем бога» еще оставался лишенный светской власти имам, но султан уже сделался «тенью бога» [4, с. 30-31].

Использование термина «султан» по отношению к представителю светской власти можно отнести к XI веку. Так, например, Низам ал-Мульк называет Махмуда Газневи «первым лицом, который во времена ислама назвал себя султаном», и добавляет, что «после него это стало обычаем» [5, с. 50]. На это указывает и Бартольд, считавший, что титул султана был введен, по крайней мере, в придворную жизнь при вышеупомянутом газневиде, при этом отмечая, что титул султана носили и Фатимиды [6, с. 333] – династия шиитских халифов.

Почти все султаны-сельджукиды имели два имени – тюркское и арабское, т.е. мусульманское. В частности, полное имя Тогрул бека было Рукн ад-Даула ва-д-Дин Абу Талиб Мухаммад Тогрул-бек ибн Микаил, его преемника Алп Арслана – Мухаммед ибн Дауд, а сына последнего – Малик-шаха – Абуль-Фатх Джалал ад-Дин Мелик-шах ибн Алп-Арслан [7, с. 88, 110, 125].

Титул султан был не единственным почетным званием Великих сельджукидов. Они носили и титул «шаханшаха» [4, с. 31]. К тому же существовало множество лакабов, эпитетов, которыми за те или иные заслуги награждали их суннитские халифы. Очень часто султаны-сельджукиды присваивали их себе самостоятельно. Лакабы можно увидеть не только в работах средневековых авторов, но и в различных указах, документах, а также на монетах, дошедших до нас от сельджукской эпохи. Во всех эдиктах сельджукских правителей встречается следующая формулировка, относящаяся к ним – *«Zill'ullahifi'l-arz»*, что в переводе означает «Тень Аллаха на земле» [8, с. 71]. Большинство сельджукских султанов носили эпитет *«el-Sultan el-ʙdil»* («Справедливый султан») [2, с. 498]. Сельджукские султаны называли себя также *«Hodʙuegʙn-i rʏy-i zemin»* («Властитель мира»), *«Hodʙvend-i ʙlem»* («Правитель вселенной»), *«Pʁdişah-ı Şark ve Garb»* («Падишах Востока и Запада») [8, с. 71], *«Rьkneddin»* («Столп религии»), *«Sultanь'l-Mağrib ve'l-Maşrık»* («Султан Магриба и Машрика»), *«Sultanu'l-Alem»* («Султан мира»), *«Sultan-ı Galip»* («Побеждающий султан»), *«Sultan-ı Kaahır»* («Могущественный султан») [9] и другими именами. Но только султаны Великой империи сельджуков называли себя уже упомянутым нами выше эпитетом –*«Sultan-ı a'zam»* («Великий султан») [8, с. 71]. Первые два сельджукских султана имели следующие лакабы:

1) Султан Тогрул бек – *«Rьkneddin»*. Кроме того, халифом ему был пожалован псевдоним *«Melikьl-Maşrık vel-Mağrib»*;

2) Султан Алп Арслан – *«Melik ʿAdudu'd-devle»* и *«Ebul-Feth»*. Последний был дан халифом после захвата султаном христианского центра – города Ани [10, с. 74-75; 2, с. 500].

До Малик-шаха, третьего правителя-сельджукида, образ жизни султанов, проводивших почти всю свою жизнь в военных походах, был относительно прост и лишен особой пышности. Однако начиная с Малик-шаха (1072-1092), по мере расширения границ империи и усиления ее могущества, жизненный уклад властителя стал меняться [9]. Кем же являлся султан, каковы были его полномочия и символы власти?

Сельджукскому султану принадлежала абсолютная власть в государстве. Все решения по важнейшим вопросам жизни страны он принимал единолично. Консультативным и исполнительным органом при султане был диван, или Большой диван [11]. Тем не менее, несмотря на неограниченность власти, султан должен

был чувствовать ответственность за народ и государство перед Богом, так как именно Всевышним ему вручалось право на главенство. Во многих сельджукских документах упоминается о том, что султану наказано Аллахом оберегать народ [8, с. 72-73]. Об этом говорится и в известном трактате Низам ал-Мулька – «Сиясет-намэ»: «Всевышний в каждую эпоху избирает одного из людей, прославляет и украшает его достоинствами государя. Он связывает с ним благо вселенной и спокойствие рабов; от него же зависят смута, разруха, мятежи. Страх и трепет перед ним распространяет он пред сердцами и очами тварей, дабы люди проводили дни в его правосудности, были бы спокойны и жаждали бы продления его державы» [5, с. 11].

Для того чтобы стать законным государем Сельджукской империи султану необходимо было заручиться официальным одобрением аббасидского халифа. В связи с этим, каждый из них, как только восходил на престол, посылал к правителю правоверных своих послов с дарами и просьбой о признании. Халиф же, в свою очередь, вместе с одобрением отправлял султану свое письменное разрешение – меншур *(«menşur»)*, халат *(«hil'at»)*, трость (*«asa»*), зонт (*«zetr»*), флаг (*«alem»*, *«sancak»*, *«bayrak»*), тюрбан (*«sarık»*) и другие знаки отличия правителя [9]. Зачитывалась хутба, в которой после имени халифа упоминалось имя нового правителя и чеканилась новая монета с его именем. На торжественном мероприятии в честь взошедшего на трон обязательно присутствовали правители соседних государств, подвластные ему мелики, эмиры, вассалы и подданные [9]. Таким образом, все присутствующие признавали власть нового главы государства. Несмотря на то, что главенство в правлении принадлежало султану, землями империи владела вся правящая династия, они делились между всеми ее членами [12, с. 10].

Наряду с большими привилегиями, которыми обладал султан-сельджукид, существовали и некоторые обязанности, которые ему надлежало выполнять. Так, например, в определенные дни недели он, принимая у себя высших государственных сановников и представителей военного командования, ознакамливался с положением в стране, обсуждал и решал государственные проблемы. Несмотря на то, что важные вопросы, как правило, обсуждались, последнее слово оставалось за султаном, который принимал по ним окончательное решение [12, с. 11].

Ссылаясь на трактат Низам ал-Мулька историк Кеймен выделяет следующий круг вопросов, находившихся в ведении султана:

- дела по управлению государством;
- финансовые дела;
- дела мира и войны;
- дела армии и подданных;
- дела по строительству и обустройству;
- продовольственные дела;
- благотворительность и другие [10, с. 73-74].

Автор «Сиасет-намэ» писал: «Еще к нему (государю. – *Е.А.*) имеет отношение все, что связано с благоустройством мира: проведение каризов, откапывание каналов, построение мостов над великими токами вод, устроение селений, пашен, построение крепостей, новых городов» [5, с. 12].

В управлении империей сельджукский султан опирался на Великий диван, который в случае его отсутствия возглавлял Великий визирь. Данный государственный орган состоял из следующих диванов:

- *Divan-ı Tuğra ve İnşв* (Диван-и тугра ве инша). Основной задачей этого департамента была подготовка текстов указов султана, других документов, имевших государственное значение, ведение дипломатической переписки, переписки с правителями вассальных государств, с губернаторами провинций и тд. Документы обретали законную силу после того, как скреплялись печатью (тугрой) султана. Хранителем печати являлся возглавлявший диван сановник – *tuğrayo* (туграи).
- *Divan-ı İstifв* (Диван-и истифа). Департамент занимался финансовыми

вопросами, вел учет доходов и расходов государства, составлял бюджет и т.п. Диван имел широко разветвленный аппарат в провинциях. Его предназначением было обеспечение сбора налогов в установленные сроки и в определенных для каждой провинции размерах. Лицом, отвечавшим перед визиром и султаном за сбор налогов в каждой провинции, был ее губернатор – *amid* (амид). Представителем дивана в провинциях был сановник, именовавшийся *mьstevfo* (мюстевфи).

− *Divan-ı İşrɐf-ı Memɐlik* (Диван-и ишраф ве мемалик). Он осуществлял контроль над деятельностью государственных должностных лиц в столице (и даже во дворце) и в провинциях. Департамент также занимался сбором информации о внутриполитической обстановке в стране. Сановник, возглавлявший диван, именовался *mьşrif* (мушриф).

− *Divan-ı Arz* (Диван-и арз). Основными функциями дивана являлись учет списочного состава вооруженных сил, расчет и выплата жалования постоянной армии, обеспечение армии вооружением, снаряжением, обмундированием, продовольствием, фуражом и т.п. Диван не осуществлял командных функций, не принимал участия в решении вопросов применения вооруженных сил. Он отвечал за их состояние. В этих целях данный диван был обязан осуществлять регулярное инспектирование армии, проведение смотров и парадов. Его возглавлял *ɐrız* (арыз) [2, с. 509-510; 10, с. 156; 11].

Кроме того, функционировали и другие ведомства, среди которых наиболее важными были *Divan-ı Mezalim* (Диван-и мезалим), занимавшийся тяжелыми преступлениями политического характера, и *Niyabet-i Saltanat* (Ниабет-и салтанат), который был ответственен за ведение государственных дел в период отсутствия правителя в столице [2, с. 510-512].

В случае отсутствия султана на указах и решениях Великого дивана ставилась *tuğra* (тугра) и *tevkio* (тевкии) – печати, которые являлись отличительными знаками, символами султанской власти. После этого данное постановление входило в силу. Существовали две категории символов власти султана: духовные и материальные. К первой из них относились:

− *unvan* и *lakab* (титул и эпитет);
− *hutbe* (хутба).

Вторую же составляли:

− *sıkke* (сикке);
− *taht* (трон);
− *taз* (корона);
− *зetr* (зонт*)*;
− *tıraz* (одеяние);
− *sancak* (флаг);
− *nevbet* (невбет) [10, с. 74-88].
− *tevki, tuğra* (печать, тугра);
− *otağ* (шатер султана);
− *gaşiye* (попона).

Стрела, лук, меч, кольцо и дворец – тоже являлись атрибутами власти султана [2, с. 501-505].

Остановимся на каждом из этих атрибутов власти сельджукского султана, начиная с элементов, составлявших духовную категорию. Так как ранее о титулах и эпитетах султанов мы уже упоминали, начнем непосредственно с хутбы.

Хутба– молитва, произносившаяся по пятницам и праздникам. По всей империи в хутбе после имени халифа должны были упоминаться имя, титул и эпитеты султана, их прославление и молитва. Впервые хутба при сельджукидах была прочитана в Мерве в 1037 г. в честь Чагры бека.

Перейдем к рассмотрению материальной категории атрибутов власти.

Сикке – чеканка собственной монеты новым правителем, на которой также, как и в случае с хутбой, после имени халифа упоминались имя, титул и эпитеты султана. Самый первый отчеканенный сульджуками динар принадлежал султану Тогрулу. Он был выпущен в Нишапуре в 1041/42 г. [2, с. 501]. Вассалы вносили свои

имена только после имен первых двух лиц. В случае если подданный чеканил свою монету без упоминания имени султана, это указывало на мятежность последнего [10, с. 79].

Трон – символ власти. Любое правление начиналось с восхождения представителя династии на трон [10, с. 80]. Престол изготавливали иззолотаили серебра и покрывали драгоценными камнями [2, с. 501].

Корона – символ, который надевался султаном в торжественных случаях [10, с. 83]. Вместе с другими атрибутами власти, украшенная драгоценными камнями корона была вручена халифом Тогрул беку во время церемонии передачи султану политической власти [2, с. 501].

Зонт – символ власти, который держали над головой султана. Он изготавливался из атласа, шелка, парчи или бархата, украшался гербом султана, состоявшего из стрелы и лука [9].

Тыраз (*tıraz*) – роскошное одеяние правителя, по краям которого вышивались имя, лакаб и специальные знаки султана, которое он получал от халифа и надевал на официальных приемах [9]. В случае если тыраз дарил султан, он назывался халатом *(hil'at)* [2, с. 503].

Стяг, флаг – знамя красного цвета [10, с. 88].

Невбет – большой барабан (*davul-mehter*). Он находился у входа в дворец или шатер правителя. В него били пять раз в день во время намаза [10, с. 89], был использован впервые во времена Тогрул бека [2, с. 502].

Печать, тугра – символ власти, имевшийся у всех сельджукских правителей. Символизировала собой решение и волю султана. ПечатьТогрула походила на тамгу огузского племени кыныk, то есть имела стрелу и лук. Во время правления Алп Арслана ее заменили печати с изображением письменных выражений. Тугра ставилась в верхней части документа, подготовленного от имени султана. Она состояла из имени, эпитета султана, а также молитвы [2, с. 501-502].

Шатер султана – хранился в специальной комнате дворца. Его вынос и разбивка говорили о запланированном походе или о скором движении. Его устанавливали также при радостном событии [2, с. 504-505]. Во время военных действий шатер являлся ставкой султана. В нем имелось несколько отделений, которые использовались по назначению [9].

Попона – покрывало, украшавшее лошадь султана. Вероятно, была обшита золотом [2, с. 504].

Дворец – место проживания султана, его семьи и свиты. Второе название – *dergвh* (дергях) [2, с. 505].

В своем распоряжении султан имел огромный штат слуг, который согласно Кеймену можно разделилить на две группы: старшие (*hвcibler*, *emir-i hares*, *vekil-i hass*, *silвhвr*, *вbdвr*, *zaşnigir*, *şarabdвr*, *cвmedвr*, *sвki'ler*) и младшие *(звvuşвn*, *pвsbвnвn*, *nevbetiувn*, *derbвnвn*, *ferrвşвn)* [10, с. 90-91].

Рассмотрим вкратце функциональные обязанности некоторых должностных лиц первой группы, бывших в услужении у султана.

Вьуьk Нвcib (буюк хаджиб*)* – лицо, являвшееся посредником между султаном и диванами. Одна из самых влиятельных позиций. Назначался только из самых доверенных людей.

Emir-i hares (эмир-и харес) – одна из высших должностей сельджукского периода, ответственная за исполнение указаний, касающихся тех или иных наказаний, будь то избиение, заключение в тюрьму и т.п. [2, с. 506].

Vekil-i hass (векил-и хасс) – лицо, контролировавшее прислугу кухни, винной.

Emir-i Silвh (эмир-и силях) – оруженосец султана, несущий оружие правителя на торжественных мероприятиях, а также присматривающий за *silвh-hane* (силях-ханэ) – оружейным хранилищем [2, с. 506].

Bbdвr (абдар) – человек, держащий кувшин и таз во время омовения султаном рук [2, с. 506].

Zaşnigir (чашнигир) – лицо, ответственное за пробу еды прежде султана и сервировку стола [2, с. 506].

Şarabdɐr (шарабдар) – лицо, ответственное за приготовление питья (вина) и щербета, а также контролировавшее кладовую султана – şarab-hbne (шараб-ханэ).

Cɐmedɐr (джамедар) – лицо, ответственное за гардероб султана.

Sɐki'ler (саки'лер) – рабы, разливающие вино и щербет султану и приглашенным во время торжественных трапез [2, с. 506-507].

Cubdar (джубдар) – личная охрана султана [12, с. 14].

Emir-i Alem (эмир-и алем) – знаменосец султана.

Nedim (недим) – лицо, с которым султан вел беседы и проводил время в развлечениях. Им становились люди очень разносторонне образованные, сведующие в поэзии, искусстве и т.п. сферах.

Исходя из всего высшесказанного можно сделать следующий вывод: термин «султан» появился в первые века ислама и первоначально означал отвлеченное понятие власти, однако со временем он стал употребляться в отношении сначала мусульманских имамов, а со временем и светских правителей Востока, вскоре ставших носителями абсолютной власти в своих государствах, чему ярким примером служат султаны империи Великих сельджуков, находившиеся на вершине громоздкого имперского аппарата.

Список использованной литературы

1 Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв / Под ред. А.А. Рослякова. – Ашхабад, 1969. – 296 с.

2 Sevim A., Merɜil E. Selɜuklu Devleti Tarihi. Siyaset, Teşkilɐt ve Kьltьr. – Ankara: TTK, 1995. – 599 s.

3 Ahmet Ocak. Selɜukluların Dino Siyaseti (1040-1092). – İstanbul, 2002. – 445 s.

4 Бартольд В.В. Султан и халиф. Сочинения. Т.6. – М., 1966. – С. 15-78.

5 Сиасет-намэ. Книга о правлении вазира XI столетия Низам ал-Мулька / Под ред. Б.Заходера. – Москва-Ленинград, 1949. – 380 с.

6 Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Сочинения. Т.1. – М., 1963. – С. 43-584.

7 Reşodь'd-Don Fazlullah. Cami'ь't-Tevɐrih. Selɜuklu Devleti. Farsɜadan ɜevirenler Erkan Gцksu, H. Hьseyin Gьneş. – İstanbul, 2010. – 311 s.

8 Kurpalidis G. M. Bьyьk Selɜuklu Devletinin İdari, Sosyal ve Ekonomik Tarihi. – İstanbul, 2007. – 192 s.

9 Refik Turan. Tьrkiye Selɜukluları ve Anadolu Beyliklerinde Teşkilɐt. [Электронный ресурс] / Режим доступа: https://www.tarihtarih.com/?Syf=26&Syz=373335

10 Kцymen M. A. Bьyьk Selɜuklu İmparatorluğu Tarihi. Cilt III. – Ankara, 2001. – 532 s.

11 Запорожец В. М. Сельджуки. – М.: Воениздат, 2011. [Электронный ресурс] / Режим доступа: http://oldevrasia.ru/library/V--M--Zaporozhets_Seldzhuki/20

12 Cengiz Ekiz. The Problematic of Administration in "Siyasatnama (The Book of Government)". TODAIE's Review of Public Administration, Volume 4, № 4, December 2010. – P.1-36.

References

1 Agadzanov S.G. Ocherkiistoriioguzovi Turkmen SredneyAziiIX-XIII vv. / Pod red. A.A. Roslyakova. – Ashhabad, 1969. – 296 s.

2 Sevim A.,Merɜil E. Selɜuklu Devleti Tarihi. Siyaset, Teşkilɐt ve Kьltьr. – Ankara: TTK, 1995. – 599 s.

3 Ahmet Ocak. Selɜukluların Dino Siyaseti (1040-1092). – İstanbul, 2002. – 445 s.

4 Bartold V.V. Sultan ikhalif. Sochineniya. T.6. – Moskva., 1966. – S. 15-78.

5 Siaset-name.Kniga o pravleniivaziraXI stoletiyaNizam al-Mulka / Pod red. B. Zakhodera. – Moskva-Leningrad, 1949. – 380 s.

6 Bartold V.V. Turkestan v epokhu mongolskogo nashestviya. Sochineniya. T.1. – M., 1963. – S. 43-584.

7 Reşodь'd-DonFazlullah. Cami'ь't-Tevɐrih. Selɜuklu Devleti. Farsɜadan ɜevirenler Erkan Gцksu, H. Hьseyin Gьneş. – İstanbul, 2010. – 311 s.

8 Kurpalidis G. M. Вьуьk Selɜuklu Devletinin İdari, Sosyal ve Ekonomik Tarihi. – İstanbul, 2007. – 192 s.

9 Refik Turan. Tьrkiye Selɜukluları ve Anadolu Beyliklerinde Teşkilвt. [Электронныйресурс] / Режимдоступа:https://www.tarihtarih.com/?Syf=26&Syz=373335

10 Kцymen M. A. Вьуьk Selɜuklu İmparatorluğu Tarihi. Cilt III. – Ankara, 2001. – 532 s.

11 Zaporozhets V.M.Seldzhuki. – M.:Voenizdat, 2011. [Elektronniyresurs] / Rezhimdostupa: http://oldevrasia.ru/library/V–M–Zaporozhets_Seldzhuki/20

Cengiz Ekiz. TheProblematic of Administration in "Siyasatnama (TheBookof Government)". TODAIE's Review of Public Administration, Volume 4, No 4, December 2010. – P.1-36.

А.П. Ермұхамедова[1]
[1]Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты,
Алматы қ., Қазақстан

ҰЛЫ СЕЛЖҰҚ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ СҰЛТАНДАР ИНСТИТУТЫ

Түйін

Бұл мақалада ортағасырлық кейбір мұсылман мемлекеттері, оның ішінде Ұлы Селжұқ империясындағы сұлтандар институты қарастырылады. Селжұқ сұлтаны мемлекеттік аппараттағы ең жоғарғы иерархиялық орынға ие. Селжұқ сұлтанына мемлекеттегі абсолютті билік тиесілі болды. Ел өміріндегі аса маңызды мәселелердің барлығын өзі тікелей шешіп отырды. Сұлтан жанында кеңес беруші және атқарушы орган Үлкен диуан болды. Үкімет билігінің шектеулігіне қарамастан сұлтан халқы мен мемлекет үшін Құдай алдында өзін жауапты сезінді. Себебі оған Жаратқан ие билік құқығын берген еді. Қолында бар көптеген артықшылықтан басқа сұлтан кейбір міндеттерді орындауға да тиіс болды.

Бұл мақала «сұлтан» терминінің шығуына, осы атақтың маңыздылығына, бірінші ұлы селжұқтардың атағы мен лақабына, олардың қызметтік міндеттеріне, биліктің рәміздері мен атрибуттарына арналады.

Түйінді сөздер: сұлтан, Ұлы селжұқтардың империясы, селжұқтықтар, әкімшілік жүйесі, атақ, ортағасырлық Шығыс.

A.P. Yermukhamedova[1]
[1]Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
Almaty, Kazakhstan

INSTITUTE OF SULTAN IN THE GREAT SELJUK EMPIRE

Summary

This article deals with an Institute of Sultan which existed in some medieval Muslim state including the Great Seljuk Empire. Seljuk Sultan was the highest dignitary in the huge state apparatus, being on the top of hierarchy. The Sultan had an absolute power in his state. He took all the decisions on the most important state issues by his own.

Big Divan was an advisory and executive body under the Sultan.

However, despite the unlimited power, the Sultan had to feel responsible for the people and state before God, as it was God who gave him the right to rule. Along with the great privileges the Seljukid Sultan had some duties.

This article is dedicated to the study of origination of the term «Sultan», the meaning of this title, the first great Seljukids' titles and lakaps, their functional responsibilities, attributes, and symbols of power.

Keywords: Sultan, Great Seljuk Empire, Seljukids, Seljuks, administration system, title, medieval East.

ӘОЖ: 930(73) «20»: 94 (560)

Қ.Т. Жұмағұлов[1]
[1]әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы қ., Қазақстан

Н.М. Абдукадыров[2]
[2]М.Х. Дулати атындағы ТарМУ,
Тараз қ., Қазақстан

XVIII-XIX Ғ.Ғ. ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЕУРОПА МЕМЛЕКЕТТЕРІМЕН САЯСИ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАДА ЗЕРТТЕЛУІ

Аннотация

Үсынылып отырған ғылыми мақала, XVIII-XIX ғасырлардағы Осман империясының Еуропа мемлекеттерімен сыртқы саяси-экономикалық және дипломатиялық қарым-қатынастары тарихының кеңестік тарихнамада зерттелу деңгейін көрсетуге арналады. Осман империясының Еуропадағы сыртқы саясатының бағыттарын зерттеу жұмыстары кеңестік османистикада маңызды орын иеленіп, соның негізінде көптеген ғылыми тақырыптар көтерілді. Кеңестік тарихшылар, шығыстанушылар мен османтанушы-ғалымдар аталған кезеңдегі Осман империясының Еуропа мемлекеттерімен жүргізген саяси, экономикалық және дипломатиялық қарым-қатынастары тарихы бойынша түрлі деңгейдегі зерттеу жұмыстарын жүргізді. Кеңестік ғалымдар Осман мемлекетінің Еуропа елдерімен сыртқы саясатына қатысты ғылыми тұжырымдарын өз зерттеулерінде ішінара көрсеткен болса, кейбір тарихшылар арнайы тақырып ретінде көтеріп зерттеген. Қарастырылып отырған ғылыми жұмыста, аталған мәселе бойынша, кеңес тарихшыларының ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ұстанған ғылыми-теориялық бағыттарына, методологиялық принциптеріне және ұсынған ғылыми тұжырымдарына тарихнамалық талдау жасалады.

Түйін сөздер: Осман империясы, Еуропа мемлекеттері, Кеңестік тарихнама, Османтану, экономика, дипломатия.

Кеңестік Ресейде Қазан революциясынан кейінгі кезеңде Шығыс халықтары мен мемлекеттерінің тарихы мен мәдениетін танып-білу мақсатында Шығыстану саласына баса назар аударыла бастады. 1921 жылы Мәскеуде Шығыстану институты ашылып, ол патшалық кезеңнен бері жұмыс істеп келе жатқан Лазарев шығыс тілдер институтының қарамағында ұйымдастырылды. Сонымен бірге, 1930 жылы Ленинград қаласында арнайы Шығыстану институты ашылды. Уақыт өте, екі институт шығыс тарихын зерттеу бойынша ірі ғылыми-зерттеу мекемесіне айналып, олар кейіннен КСРО Ғылым Академиясының құрамына кірді. Олардың басты міндеті Шығыс елдерін толығымен, әр қырынан – тілін, тарихын, әдебиетін танып, зерттеу болды. Соның ішінде Осман империясы тарихын зерттеу саласы қалыптасып, ғылыми жұмыстар атқара бастады. XX ғ. 30-шы жылдарынан Мәскеу мен Ленинградтың аталған Шығыстану институттарында Осман империясының XIX-XX ғасырлардағы саяси тарихы зерттелді. Осылайша, империя кезеңінде қалыптасқан Шығыс тарихын, оның ішінде Осман империясының тарихын зерттеу

жұмыстары кеңестік кезеңде өз жалғасын тауып, зерттеудің жаңа кеңестік «үлгісі» қалыптасты. Мұндағы маңызды жағдай, Осман империясының тарихын зерттеуде, КСРО-ның мемлекеттік идеологиясына байланысты тарих ғылымында жаңадан енгізіліп жатқан кеңестік методологияның рөлі үстем бола бастады. Онда, басты ғылыми принциптер таптық көзқарас түрғысына негізделіп, ғылыми түжырымдар марксизм-ленинизм идеологиясының аясында қабылдануы қажет болды. Бұл жағдай оңайға соққан жоқ. Себебі, мемлекетте жаңадан орнаған саяси жүйенің идеологиялық ұстанымдарымен санасу тарихшы-османтанушы ғалымдар үшін оңай болмады. Осыған байланысты өзге ғылым салаларында орын алған сталиндік саяси құдалау бұл саланы да айналмай өтпеді.

Мемлекеттегі жаппай саяси құдалауға қармастан, осман тарихын зерттеуші ғалымдар өз зерттеу жұмыстарын жалғастыра берді. Солардың бірі А. Алимов болып, ол өз жағына кеңестік османтанушыларды шақыра білді. Осыған байланысты кейбір кеңес тарихшылары А. Алимовты [1] кеңестік османистиканың негізін қалаған тұлға деп атап жүрді. Оның ең алғаш басылымға шыққан ғылыми жұмысы «Историк-марксист» атты журналдағы мақаласы болып, ол 1876 жылы империядағы алғаш рет жарияланған конституцияға арналған еді. 1934 жылы А. Алимов кеңестік кезеңде шыққан алғашқы Түркия тарихына арналған курстың авторы атанды. Сонымен қатар, Шығыс тарихы очерктері деп аталатын көлемді жинақта Түркияға арналған бөлімінің де авторы өзі болды. Сонымен қатар, Осман империясында еуропалық үлгідегі қоғам құру және конституция қабылдап, абсолюттік билікті жою туралы зерттеулер жүргізген кеңестік тарихшы Х. Муратов болды. Х. Муратов XIX ғасырдың 60-70-ші жылдарында Осман империясындағы конституционист идеологтардың ішінде Али Суванның саяси ойлары мен оның еуропалық көзқарастағы идеяларын танып білді. Х.И. Муратовтың Ленинградтық Шығыстану институтында бірнеше жыл жұмыс істеуіне қарамастан, ол өзін қызықтырған тақырып бойынша еңбек шығарып үлгермеді. Оның тақырып бойынша жазған жалғыз мақаласы – «Историк-марксист» атты журналда жарық көрді. Бұл мақалада, Осман мемлекетінде ағылшын дипломаттарының жүргізген істері мен соның нәтижесінде жарияланған бірінші түрік конституциясы және 1877-1878 жылдары болған орыс-түрік соғысы [2] туралы жазылған еді.

Негізінен, 30-шы жылдары жазылған осман тарихына байланысты жұмыстардың тақырыбы Шығыстану аясында зерттелді. Шығыстанушылар өздерінің алдына қойылған ғылыми мақсаттарға жаңа марксистік-лениндік зерттеу тәсілі арқылы жетуге тырысты және барлық ғалымдар осылай жасауға міндеттелді. Сол уақыттарда жазылып жатқан, османдық еңбектермен қатар жаңа түрік тарихын, яғни Түркияның республика кезеңін зерттеуді күшейтудің алғышарттары қабылданды. Бұған 1932 жылы Түркияның премьер-министрі Исмет Иненюдің Мәскеу мен Ленинградқа жасаған ресми сапары өз септігін тигізді. 1933 жылдың өзінде түрік өкіметінің шақыртуы бойынша Түркияға академиктер Н.Я. Марр мен А.Н. Самойловичтар барды, ал 30-жылдардың орта тұсында КСРО Ғылым Академиясы Президиумының қолдауымен «Түркиямен ғылыми байланыстар орнату миссиясы» атты бөлімі ашылды. Бұл комиссия 1937 жылға дейін жұмыс істеді. Оны академик Н.Я. Марр басқарды, кейіннен А.Н. Самойлович басқарды. Осы орайда кеңестік османтанушылардың Қазан төңкерісінен кейінгі жылдары жасаған жұмысын бағалай отырып, мына жағдайларды атап өтуге болады. Біріншіден олар өздерінің еңбектерінде үлт-азаттық көтерілістер мен революциялық процестерге көңіл бөліп, түрік қоғамындағы оның экономикалық дамуы мен үлт-азаттық күрестерге сипаттама берді, екіншіден, «жаңа шығыстану» ғылымын дамыту, жаңа методологияны ойлап табу секілді жұмыстарды атқарып, оларды ғылыми жүйеге енгізіп жатты.

Кеңестік османистикада осман тарихын шығыстанудың түркология бағыты бойынша зерттеуші ғалымдар қатары аз болған жоқ. Олардың бірі А.Ф. Миллер

болып, ол кеңестік османистика мен түркология саласында еңбек еткен ғалым ретінде танылды. Сондай-ақ, А.Ф. Миллер білікті тарихшы және саясаттанушы бола отырып, Осман империясы тарихының зерттелуіне өзіндік үлесін қосқан кеңестік тарихшылардың бірі болды [3]. А.Ф. Миллер 1943 жылы «Мустафа паша Байрактар» тақырыбында докторлық диссертация қорғап, ол 1947 жылы жарық көрді. Бұл зерттеу жұмысында ол III Селім сұлтан тұсында бас уәзір болған Мұстафа паша Байрактардың саяси қызметі туралы көрсетеді. Ол Мұстафа пашаның 1806-1812 ж.ж. болған орыс-түрік соғысындағы қызметі мен наполеондық Францияның күшеюіне қарсы Осман империясының ұтымды саясат ұстануына белсене қатысқандығы туралы тұжырым жасайды. А.Ф. Миллер 1941- 1965 жылдары КСРО ҒА-ның Тарих институтында, 1966-1973 жылдары Шығыстану институтында Түркия тарихының Жаңа кезеңінің зерттеуімен айналысты. Бұл ғылыми орталықтарда жұмыс істеу Миллер үшін табысты болып, ол 40-50 ж.ж. «Краткая история Турции»және «Очерки новейшей истории Турции» еңбектерін жариялады. «Краткая история Турции» ғылыми жағынан терең зерттеулердің нәтижесінде жазылған еңбек болып, онда көптеген ғылыми әдебиеттер және дерек қорлары пайдаланылған. Автор өз кітабында османтанушы-тарихшы ретінде Осман империясының өркендеу және құлдырау кезеңдерін анықтап, оның ерекшеліктерін зерттеді, сұлтандардың әр кезеңдегі жүргізген реформаларын бейнелеп, олардың империяның құлдырауына қарсы жасаған әрекеттерін зерделеген және империяны революцияға итермелеген қоғамдағы қозғалыстардың басты ерекшеліктерін анықтаған. А.Ф. Миллердің бұл еңбектерінде XVIII-XIX ғ.ғ. тарихи үдеріс пен осы кезеңдегі Осман империясын қоршаған еуропалық мемлекеттердің дипломатиялық ойындары жақсы бейнеленген, мемлекет басшылары арасындағы саяси қатынастарға көңіл бөлінген. А.Ф. Миллердің бұл еңбектері марксистік ілім негіздеріне сүйеніп, онда Еуропа елдерімен байланысты болған экономикалық факторлар мен қоғамдағы қозғалыстар революциялық өзгерістерге әкелгендігі бейнеленді. Дегенмен оның зерттеулеріндегі тұжырымдар марксистік көзқарастың экономоцентристік қағидаларына сүйенуіне қарамастан, Миллердің еңбектері кеңестік тарихнамаға көп табыс әкелді.

Ә.Ш. Бимендиевтің мақаласында әр түрлі дереккөздердің (жазба, бейне, заттай) кең аясының негізінде XV–XIX ғғ. дәстүрлі қазақ қоғамындағы билеуші элитасының - төре-ақсүйектерінің бас киімдері алғаш рет зерттелуде. Алайда, ең маңызды әрі жиі қолданылатын түрлерге мыналар жатады: «дұлыға», «кулах» және «айыр-қалпақ». Автордың пікірінше, бас киімдердің нақ осы үш түрі олардың иесінің ерекше ақсүйек мәртебесіне, Шыңғыс-ханның „алтын тұқымына“ жататынын айқындайтын басты белгілері болып табылады. Мақалада, сондай-ақ, ең көлемді тарихи-мезгілдік ауқымдағы мысалдар негізінде, „тәңір берген жоғары биліктің“ атрибуты ретінде конустық бас киімнің пішіні бойынша „үшкір үштының“ идеалогиялық негіздерін анықтауға да талпыныс жасалады.

Түйін сөздер: Жошы Ұлысы, Қазақ хандығы, сұлтан, бас киімдер, конустық және үшкір басты бөрік, елтаңба, m белгісі, құт.

A. Sh. Bimendiyev[1]
[1]Independent Researcher, Candidate of Technical Sciences,
Almaty, Kazakhstan

«THE GREAT HAT» AS A SYMBOL OF POWER OF KAZAKH GENGHISIDES

Summary

The article of Bimendiev A.Sh. is based on the analysis of an extensive range of various sources (written, visual, material), first investigated the hats of ruling elite of the Kazakh traditional society in XV-XIX centuries – the clan of tore-genghisides. The most important and commonly used types are: "dulyğa", "kulah" and "ayr-kalpak". Precisely, these three kinds of hats, according to the author, are the main markers of a particular noble status of the owner, indicating that it belongs to the Genghis Khan's "golden family". The article also attempts to trace the ideological origins of "pointed hat" in the form of a conical headdress as an attribute of the "divine supreme power" in the examples of the wide range of historical sources.

Keywords: Ulus Jochi, Kazakh Khanate, sultan, hats, conical and peaked cap, coat of arms, m sign, qut.

ӘОЖ

Б.К. Қалшабаева[1]
[1]әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

РЕСЕЙ ҒАЛЫМДАРЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ БАТЫС СІБІР ҚАЗАҚТАРЫ (XIX ғ. II жартысы - XXI ғ. басы)

Аннотация

Мақалада автор XIX ғ. II жартысы мен XXI ғасырдың бас кезеңіндегі Ресей зерттеушілерінің Батыс Сібір қазақтары жөніндегі еңбектеріне тарихи-этнографиялық тұрғыдан талдау жасалынады. Автор бұрын ғылыми айналымға көп түспеген зерттеулердегі мәліметтерге көңіл бөледі. Оның ішінде орыс патшалығы тұсындағы еңбектердегі А.Ф. Леопольдовтың қазақ-орыс қарым-қатынасына деген көз қарасын, К. Ельницкийдің қазақтың үш жүзі жөнінде, мерзімдік баспасөздегі «Тобольские епархиальные ведомости» газетіндегі мәліметтер жөнінде, Кенес дәуірі кезеңіндегі Н.А. Томиловтың, Ш. Ахметованың, қазіргі кезеңдегі Г.А. Ташпековтың еңбектеріндегі Батыс Сібір қазақтарының тарихы мен этнографиясы жөніндегі еңбектерді зерделей отырып, ондағы қазақтардың орналасуы, саны, көші -қоны, рулық құрамы және қазіргі кезеңдегі әлеуметтік-мәдени дамуы жөніндегі мәліметтерді талдайды. Мақалада көрсетілген еңбектердің бір бөлегі қазақстандық зерттеулерде ғылыми айналымға көп ене қоймаған.

Түйін сөздер: Ресей зерттеушілері, батыс Сібір қазақтары, қазақ этнографиясы, қазақтардың орналасуы, рулық құрамы.

XIX ғ. II жартысы XX ғ. бас кезеңіндегі зерттеулердегі Батыс Сібір қазақтары.

Ресейдің Батыс Сібіріндегі қазақтардың да бір бөлегі ертеден келе жатқан ата-бабасының жерінде отыр деп есептегенмен де, ендігі бір тобының белгілі оқиғаларға байланысты Ресей империясының әкімшілік-территорияларға бөлу саясаты, отаршылық мақсат, онан кейінгі қызыл террор, ашаршылық, т.б. тарихи себептердің нәтижесінде қалыптасқандығын жоққа шығара алмаймыз. Жалпы, Батыс Сібірдегі қазақтар жөнінде XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. бас кезеңінде орыс миссионерлері, саяхатшылары, тарихшыларының сипаттама түрінде болса да жарияланған еңбектері бар. Біз кітапханамызда көп кездеспейтін, әлі де болса ғылыми айналымға көп түсе қоймаған кейбір еңбектер мен зерттеулерге тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Алғашқы жарияланған И.Г. Андреевтің «Описание Средней орды киргиз-кайсаков, касающимися до сего народа, так, же и прилегающих к Российской границе по части Колыванской и Тобольской губерний крепостей дополнениями» еңбегі [1, с.15]. Бұл еңбекте қазақтардың үй саны, Сібір линиясы бойынша орналасқан қазақ рударының көші-қоны, Железинскіден Омбы бекінісіне дейін көшіп қонатын қазақтардың шөп оруға өтуі жөніндегі мәліметтер бар. XIX ғ. ортасындағы саратовтық тарихшы А.Ф. Леопольдовтың [2, с.197] мақаласында қазақ пен орыс қарым қатынасына да талдау жасай отырып, қазақ пен орыс мәдениетінің жақындасуын, бір-бірінің мәдениет элементтерін екі жақтың да қабылдағаны жөнінде жазады. Мәселен, қазақтар өзінің үй түрмысы жабдығын, жағдайын орыстарға қарап, жақсартты. Кейбірі қыста сырты қапталып, жылытылған жеркепе үйлер салды, соның нәтижесінде қыстаулар пайда болды. Ал, тағамдарына өсімдік түрлері мен үнды қосты. Ал, орыстар да қазақтардан көп нәрсе үйренді. Мәселен, жылқы өсіруді, ас тағамдарына ет, бауырсақ, қуырдақ сияқты ас түрлері қосылды, деп жазады. 1867 жылы И.И. Завалишиннің [3, с.25] Москвада шыққан еңбегін сараптайтын болсақ, XIX ғ. I жартысындағы қазақтардың тарихы, шаруашылығы

және мәдениеті жөнінде жаза келіп, Ресейдің өз империясының шекарасын кеңейтуге бағытталған саяси курсы яғни көршілес елдерді өз иелігіне бағындыру саясатын қолдайтындығын білдіреді. Тіпті қазақ тілін орыс әліппесіне жақындату, сондай тілге бейімделген кітап, Омбыда газет шығару керектігі айтылады Сол сияқты Ресей иелігіндегі қазақтар жөніндегі мәліметтерді мерзімдік баспасөз беттерінен де көптеп кездестіруге болады.

1860 жылы «Томские губернские ведомости» газетінде И. Русанов қазақтардың экономикалық және қоғамдық түрмысы және қазақтардың Томск губерниясы иелігіне қалай өткендігі жөнінде жазады [4, с. 48.].Сол сияқты қазақтардың әдет-ғұрпы, қоғамдық түрмысы, шаруашылығы, олардың орыстармен қарым-қатынасы жөніндегі көптеген мәліметтерді «Томские епархиальные ведомости», «Отчет об алтайской и киргизской миссий Томской епархии», «Московские церковные ведомости», «Тобольские епархиальные ведомости», т.б. баспасөз беттерінен жарық көреді. Мәселен, 1885 жылы №15, 18 сандарында «Томские епархиальные ведомости» газетінде Батыс Сібірдегі қазақтардың, оның ішінде, Томск аумағындағы қазақтардың қоныстануы, саны, жергілікті халықтармен қарым-қатынасы жөнінде жан-жақты мағлұматтар береді [5, с.5]. Бұл баспасөз жарияланымдары біздің Қазақстан зерттеушілерінің назарына көп іліге қоймаған деуге болады. Сондықтан Батыс Сібірдегі қазақтарды зерттейтін болсақ, болашақта осындай баспасөз жарияланымдарынан да көптеген деректер табуға болады.

1879 жылы Санкт-Петербург қаласынан басылып шыққан «Народы России» кітабының IV-бөлімі қазақтардың этникалық тарихына, түрмысы мен мәдениетіне, жергілікті халықтармен қарым-қатынасы мәселелеріне арналған. «Киргизы» (қазақ - *Қ.Б.К.*) атты осы бөлімде қазақ халқындағы барымта, «тамыр болу (достасу)» аңшылық, шаруашылығы, түрмысы мен мәдениеті жөнінде мәліметтер бар. Онда екі адам достасқысы келсе кеуделеріне жалаңаш қылыштарын қойып, ант беріседі. Бірақ екеуі бір-бірінен қалау алады, яғни ең қимас заттарын беру керек, егер оған қарсы болса, достықтары екіге айырылады, дей келе қазақтағы барымташылық осындай келіспеушілік нәтижесінде болады. Орыстардың келуімен бұл әдетке тиым салынды деген мағлұматтар бар [6, с.20]. Сол сияқты қазақ халқының аңшылық кәсібі жөнінде айта келіп, бұл кәсіп қазақтарда күн көрістің қамымен емес, саятшылық, көңіл көтеру мақсатында қазақ кәсіптеріне енген деп түжырым жасайды. Қазақтар аңға аң құстарының 7 түқым түрлерін салады - деп нақтылай беріледі. Мәселен, қасқыр мен түлкіге бүркіт, тау ешкісі және аққуға қыран, үйрек пен қаздарға қаршыға құстарымен шығатынын айтады. Сондай ақ, аң құстары қазақтар арасында құны жоғары бағаланатын, мәселен, жақсы бүркіт 5-6 түйе, қыран 1-2 түйе, ал қаршыға арзандау болып келеді. Сонымен қатар аң құстарын күтіп-баптау, оны аңға салу жөнінде де көптеген мәліметтер алуға болады [6, с.20]. Ал, енді қазақтардың егіншілікке өтуі жөнінде, ол табиғи жолмен жүрген жоқ, негізінен қазақтардың ең кедейленген жатақтар тобының егіншілікпен айналысуы, орыс жер иеленушілеріне жалдануынан отырықшылыққа өтті, - деп келтіреді. Сонымен бірге көптеген қазақтар керуеншілікпен айналысу үшін түйе көп өсіргендігі жөнінде айтады [6, с.26]. Қазақтар керуеншілікпен саудагерлердің товарын тасығанымен, бірақ өздері саудамен айналыспағандығын байқатады.

К. Ельницкий өзінің еңбегінде қазақтарды көші-қонына қарай Кіші жүз, Орта жүз және Үлы жүз деп бөледі дей отырып, барлық қазақтардың саны 2,5 млн. Олар екі жікке ақсүйектер мен үш жүзге бөлінеді деп көрсетеді [7, с.78]. Ол сонымен қатар қазақтардың материалдық мәдениетіне ерекше көңіл бөледі. Бұл кезеңде қазақтың материалдық мәдениеті айтарлықтай өзгеріске түсе қойған жоқ. Сондықтан, Ельницкий өз еңбегінде жалпы қазаққа тән ұлттық киім үлгілерін, киіз үй құрылысын мал шаруашылығы жөнінде жан-жақты сипаттап жазады. Бірақ біз, бұл еңбектен сол кезеңнің өзінде дөңгелек үстелдің болғандығын және қазақтардың көбінің қыс түссе қыстауға кететінің жазады. Қыстаудағы баспана

қамыстан іші-сырты балшықпен сыланып, бөренелермен жабылғандығы олардың 1-2 кішкене ғана терезесі, пәс есігі бар екендігін айтады [7, с.102]. Сондай ақ адам суықтанғанда қалай емделетіндігі айтылады. Ол үшін ауырған адамды ақ киізге орап, әбден терлегенше қозғайды. Сосын оны суытып, киізді орай бастайды, бірақ денені орап, қымтап отырады, -деп көрсетеді [7, с.103].

1877 жылы Омбыда Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің (ЗСО РГО) ашылуы Батыс Сібірде этнографиялық ізденістер мен зерттеулердің жандануына жол ашты. Аймақтағы этнографиялық жұмыстардың идеологы әрі ұйымдастырушысы Н.М. Ядринцев болды. Ол «Батыс Сібір халықтарын зерттеу бағдарламасын» жасады [8, с.30]. Жалпы, бұл тараушада ең алдымен, келтірілген зерттеулер мен мерзімдік басылымдар біздің кітапхана қорларынан көп кездеспейді. Екіншіден, Сібірдегі қазақтардың отырықшылықпен, егіншілікпен айналысуын орыстармен жақын қарым-қатынаста болуымен байланыстырады. Үшіншіден, алынған мәліметтердің көпшілігі Батыс Сібірдегі қазақтардың тарихы, мәдениетімен байланысты құнды деректер деуге болады.

Кеңес дәуірі мен XXI г. бас кезеңіндегі Ресей ғалымдарының зерттеулеріндегі қазақтар.

Кеңес дәуірінде басқа этникалық кеңістіктегі этностар «диаспора», «ирредент» ретінде зерттеле қойған жоқ. Әрине бұл кезеңдегі әміршіл-тоталитарлық биліктің мақсаты «совет халқы» деген бір этникалық қауымға біріктіру саясаты болғандығын бәріміз білеміз. Сондықтан басқа мемлекет не республика аясындағы халықтар тарихи-этнографиялық жағынан жеке-дара зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Дегенмен де, осы кезеңде Ресейге қарайтын аймақтардағы қазақтар мен орыстардың өзара қарым-қатынасы, даму ерекшеліктері, этникалық тарихы жөнінде жазылған еңбектер бар.

Кеңес дәуірінде ОГҚ (РГО – Русское географическое общество) қызметін зерттеген И.В. Захарова [9, с.35], қоғамның зерттеушілері аса маман болған жоқ, сондықтан олардың жұмысы көбіне сипаттау түрінде берілді, дегенмен де ондағы мақалалардың кейбір материалдары мен қорытындыларының деректік маңызы бар. Мұнда қазақ халқының тарихы мен этнографиясына қатысты шыққан мақалаларға талдау жасалды. 1960 жылдардың II жартысында А.Д. Колесников пен А.Ф. Палашенковтың мақалалары жарық көрді. Олардан Омбы облысындағы қазақтардың қалыптасу тарихы мен санына қатысты мәліметтер берілсе [10, с.44], О.М. Проваторова Омбы қазақтарының этникалық өзіндік санасы, этномәдени үдерістері, шаруашылық ерекшелігі жөніндегі өзінің еңбектерін жариялайды [11, с. 21]. 1983 жылы алғаш рет архив құжаттары мен материалдары және т.б. деректердің негізінде Н.А. Томиловтың еңбегінің бірінші тарауы XVI ғ. мен XIX бірінші ширегіндегі Сібір қазақтарының этникалық тарихына арналған зерттеу жұмысы жарық көрді [12, с. 46]. Еңбектің құндылығы сонда, ол Сібір қазақтарының қалыптасу тарихынан бастап олардың рулық құрамы, орналасуы, саны жөнінде көптеген мәліметтер береді. Қазақтар жөніндегі мәліметтер архив құжатында кездеседі. Мәселен, мына бір құжатта 1939 жылы Саратов облысында 23436 қазақ, оның ауылдық жерде тұратыны 20929, ал қалада 2507 адам өмір сүрді. Ал, Поволжьедегі неміс Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасында 8988 қазақ өмір сүрді [13, 151 л.]. Жалпы, 1984 жылы Астрахан облысында 126,5 мың қазақ, Саратовта 73,4 мың, Волгоградта 41,5 мың қазақ өмір сүргендігі көрсетіледі [14, с.119,122,120]. XX-XXI ғғ. Батыс Сібір қазақтарының этникалық тарихы мен мәдениеті көптеген Ресей тарихшылары мен этнографтарының зерттеу нысанына айналды. Оңтүстік Алтайдағы локальдық топ (Қошағаш, Турата және Шу қазақтары) қазақтардың этнодемографиялық және этномәдени дамуы И.В. Октябрскаяның және Н.А. Тадинаның зерттеулерінде орын алған [15, с.61].

Ресей ғалымдары, соның ішінде, өз қандастарымыз да бар тарихшылар бүгінде Ресейдегі аз санды этникалық топтардың тарихын, мәдениетін зерттеуге де

ерекше көңіл бөліп келе жатыр деуге болады. Бұл Ресейдегі өз қандастарымыздың өз халқының тарихына, мәдениетіне деген ынтасы болса, бір жағынан болашақ ұрпақтың өзіндік ұлттық болмысын жоғалтпай, ұлттық тарихын білуге деген құштарлығын арттыруға ықпал ету болса, енді бірінің кәсіби қызметімен де байланысты деуге болады. Сондай еңбектерге Курган облысы қазақтары жөніндегі көпшілік оқырман қауымға арналған кітапты жатқызуға болады. Ол энциклопедия түрінде жазылған ұжымдық еңбек деуге болады. Мұнда ең алдымен қазақтардың шоғырланған орталықтары көрсетілген. Қазақтардың шоғырланған орталықтарына (компактно) Астрахан, Орынбор, Самара, Саратов, Волгоград, Омбы облыстары болса, ал Курган, Челябинск, Новосибирск және Тюмен облыстары, Алтай республикасы, Саха (Якутия), Башқұрстан, Татарстан, Калмыкия және Мәскеу мен Санкт-Петербург сияқты ірі қалалар шашыраңқы (дисперсно) орналасқандығы жөнінде көрсетеді. Аталған еңбекте Оңтүстік Орал облыстарындағы қазақтарға жалпы сипаттама берілген. Оңтүстік Оралды қазақтар ертеден ата-бабасының жері деп есептейді. Оңтүстік Оралмен қатар жатқан Кичигино поселкасынан археологтар II-IV ғасырға жататын сақ әскерінің қабірін тапқан. Ал, сақтардың Орта Азия, Қазақстан, Оңтүстік Орал территориясына дейін мекендегені бізге белгілі. Кейінірек Оңтүстік Орал Алтын Орданың солтүстік Шығыс бөлігі болды. Ал Жайық (Орал) өзені Ресей империясы мен қазақ ордасының шекара өзені болғандығы белгілі. Челябі облысында орта және кіші жүз ұрпақтары өмір сүреді. Онда Орта жүздің – арғын, қыпшақ, уақ және Кіші жүздің – жағалбайлы, тама, телеу, әлімұлы, кете рулары мекендейді. Қазақтардың бұл рулары ғасырлар бойы Челябі, Орынбор, Қостанай, Свердлов, Курган облыстары мен Жайық өзені жағасында мал шаруашылығымен айналысқандығын көрсетеді. Сондай ақ, жұмыста қазақтардың саны жөнінде де мәліметтер кездеседі. Мәселен, 2002 жылғы Халықтардың Бүкілресейлік санағының мәліметі бойынша Оңтүстік Оралда 36219 қазақ, ол жалпы халықтың 1 пайызын құрайды. Осы кезеңдегі берілген мәлімет бойынша Челябинскіде – 2117 адам, Магнитогорскіде-3014, Тройцкіде – 1720, ал Нагайбак ауданындағы Арсланбай елді мекенде тек қазақтар ғана тұрады. 2010 ж. санақ бойынша Курган облысында 15 мың қазақты құрап, ол облыстағы барлық халықтың 1,5 пайызын алатындығы беріледі [16, с.17-19]. Ал, енді Г.А. Ташпековтың Саратов қазақтары жөніндегі еңбегіне келетін болсақ, мұнда қазақтардың этникалық тарихына саяси, әлеуметтік-мәдени дамуы мәселелерін жақсы көрсете білген, бірақ олардың қазіргі кезеңдегі этномәдени мұраларының сақталуы не өзгерісі, тарихи-этнографиялық ерекшелігі, этномәдени мұраларының сақталуы жөніндегі мәселелерге тереңдей алмаған деуге болады. Оның себебі, ондағы қазақтардың өз-өзінің этномәдени мұраларының сақталуы мен өзгерісін салыстыра отырып зерттеуге жетік емес. Яғни, бұл зерттеу тәсілін емес, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін біле бермейді деген сөз. Біздің қолымызға түскен қай еңбекті алсақ та қазақ мәдениеті сол баяғы XIX-XX ғғ. бас кезеңінде жазылған зерттеулер негізінде беріледі. Десек те, бұл еңбектерден сол аймақтағы қазақтардың орналасуы, саны жөніндегі мәліметтерді алуға болады. Г.А. Ташпеков, қазақтардың Саратовқа қоныс аударуын негізінен XVIII ғ. II жартысында 1771 жылы қалмақтардың тастап кеткен жерлеріне орналасуынан басталады деген тұжырымды айтады. Ол А.Г. Догалоковтың мәліметін келтіре отырып, қалмақтар мен ноғай тайпаларының тастап кеткен жеріне ертеректе орыстар половецтер, ал олар өздерін қыпшақтар, кейінірек қазақтар деп аталған халықтар қоныстанды - деп көрсетеді [17, с.35]. Г.А. Ташпеков Саратовтағы қазақтардың қоныстануына қатысты деректер мен зерттеулерді салыстыра отырып, қарастырады. Ол О.Б. Наумованың «Казахская диаспора в России: этническое самосознание и миграционное поведение» деген мақаласында Саратовтағы қазақтардың қоныстануын 200-300 жылға жатқызатындығын, 1771 жылы қалмақтар кеткеннен кейін Саратовтың Заволжья жерін қазақтар да орыстармен қатар игергендігін дәлелдейді, деп көрсетеді [18,

с.184]. Сонымен Г.А. Ташпеков қорыта келіп, қазіргі Саратов облысындағы қазақтар Ішкі (Бөкей) Ордасының тікелей үрпақтары, олардың мекен еткеніне 200 жылдан асқан деп көрсетеді [18, с.188]. 1993 жылы 1 қаңтарда статбасқарманың берген мәліметі бойынша қазақ диаспорасының саны 77725 құрап, олар Заволжьяның ауылдық жерлерінде Алгай, Дергачевск, Маркс, Ершов, Озинск, Перелюбск, Питер, Новоузен, Пугачев, Краснопартизан, Ровен, Совет, Краснокутск, Энгельс аудандарында шоғырланды. Олар қазақтың қаракесек, жаппас, байбақты, беріш, шеркеш, тана, тама, кердері, қызыл құр, төленгіт, т.б. Бірақ қазіргі кезеңде жастар өз руларын білмек түгілі жүзге бөлінетіндіктерін де білмейді. Қазіргі кезеңдегі қазақ жастарының тілін білмеуі тіпті ата-анасымен тілдесуде де қиындық тудырып отырғанын айтады [19, 40-41-бб.]. Дегенмен де бүгінде онда көптеген қазақ мәдени орталықтарының (Қазақстан – мәдени-ұлттық орталық жетекшісі ғылым докторы Е.Т. Жунельбаев), қоғамдық үйымдар (Поволжье қазақтарының лигасы жетекшісі Р.С. Бисенғалиев), т.б. жұмыс істейді.

XIX-XXI ғғ. бас кезеңіндегі Ресей және Қазақстан ғалымдарының Батыс Сібір қазақтарын зерттеген еңбектерге талдау жүргізген, сараптама берген Ш.К. Ахметова мен Н.А. Томиловтың мақалаларын айта кеткен дұрыс [20, 255 б.]. Ал, Ш.К. Ахметованың монографиясы XVIII ғасырдан XXI ғасырға дейінгі Батыс Сібірдегі қала халқының қалыптасу үдерісін, әкімшілік-территориалдық бөлініс бойынша орналасқан қазақтардың сандық динамикасы анықталады. Сондай-ақ, бұл еңбекте алғаш рет бұрын белгісіз болып келген қазақтың «Үш жүз» социалистік партиясы, оның көшбасшылары М. Айтпенова мен Ш. Әлжанов, К. Төгісовтің қызметі, жастар ағартушылық-мәдени қоғамы «Бірлік», оның белсенді мүшелері А. Досов, Х. Кемеңгеров, т.б. жөнінде мәліметтер береді [20, с.42]. Омбы университетінің ғалымы Б.А. Тынысов XX ғ. бірінші ширегінде Омбы Ертіс өңірі территориясына қазақтардың қоныстануы жөнінде жазады [21, с.190]. Омбы уезіне қазақтардың оның ішінде Атығай, Қарауыл, Қыпшақ және Керей руларының белсенді түрде қоныс аударуы XVIII ғасырда басталады. Онда негізінен Орта жүздің Керей, Найман, Қыпшақ және Арғын рулары мекендейді. Айта кету керек, қазақтар тек Омбы округімен ғана шектеліп қоймай, солтүстікке қарай жылжи отырып, Тобыл және Томбы губернияларының оңтүстік бөлігіне және Тюкалы және Тарск уездеріне дейін өздерінің көші-қон жайылымын бекітіп алады. Қазақтардың рулық тобымен қоныстанғаны белгілі, уақыт өте келе қазақтардың ішкі қозғалысының нәтижесінде ірі рулық топтың белгілі территорияны бекітіп алуымен қатар жүрді. Мәселен, Атығай руы - Омбы болыстығын, Қарауыл-Николаевск, Қыпшақтар-Черлаковск, Керей-Покровск және Курган болыстығын құрды [21, с.191-192]. Бірақ, 1921 жылы Омбы губерниясының оңтүстік бөлігі Қазақстанға өтеді. Қазақтардың қоныстануында 1930 жылға қарай өзгерістер болып, поселок типінде орналаса бастайды.

Қазақтың әдет-ғұрыптары жөнінде Алтай Мемлекеттік университетінің ғалымы Е.А. Белгібаев, т.б. еңбектерінен алуға болады [23, с.118]. Ол Алтай өлкесінің Михайлов ауданындағы неке құрылымы динамикасына қатысты өзінің мақаласында статистикалық мәліметтерді келтіре отырып, 1970-1979 жж. қазақтардың қатысуымен 117 неке құрылса, оның 88 (75,2%) бірұлтпен (қазақ-қазаққа), 29 (24,8%) – аралас некені құраса, сонымен қатар 1970-2002 жж. 479 некенің 312-і бірұлтпен (қазақ-қазаққа) неке құруы 65,1% құрады [23, с.219-221].

Сонымен бірге Батыс Сібір қазақтарының мәдениетіне қатысты қорғалған кандидаттық диссертацияларды да айта кеткен жөн. Солардың бірі А.В. Смелякованың «Казахские этнографические коллекции в музейных собраниях Западной Сибири» деген кандидаттық диссертациясы. Диссертацияда автор Омбы, Новосібір, Томск және Тюменнің оңтүстік облысындағы қазақтарынан жиналған этнографиялық коллекциялардың тарихы мен семантикалық мән-сағынасын аша отырып, сипаттама беріледі. Ол музейдегі

қазақ халқының этномәдени мұраларын катологқа енгізіп, оны зерттеп, әр заттың мән-мағынасын ашып, олардың қазақ этносының мәдениетін көрсетуде жаңа деректік роліне көңіл бөледі. Сондай ақ Батыс Сібірдегі қазақтардың музей коллекцияларына айналған мәдениет элементтерін қазақ мәдениетімен салыстыра көрсетеді [24, с.23]. А.А. Дайрабаеваның 2010 ж. Омбыда тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалып қорғалған диссертациясы «XIX ғ. аяғы –XX ғ. бас кезеңіндегі Батыс Сібірдің далалық зонасындағы қазақтардың дәстүрлі ою-өрнектегі өнері (Традиционное орнаментальное искусство казахов степной зоны Западной Сибири конца XIX-XX веков)» тақырыбына арналады. Онда автор алдымен Батыс Сібір территориясында қазақтардың пайда болуына қысқаша экскурсия жасай отырып, кейбір кәсіпкершіліктің дамуына XIX ғ. аяғы –XX ғ. бас кезеңіндегі Батыс Сібірдегі тарихи жағдайдың өзгерісі контекстінде қарастырады. XIX ғ. аяғы –XX ғ. бас кезеңі Батыс Сібірдегі қазақтардың жаппай отырықшылыққа көшуімен байланысты материалдық мәдениетінің түбегейлі өзгерісіне әкелді. Баспананың дәстүрлі түрінен (киіз үй) тұрақты баспана түрлеріне көшу, мал санының қысқаруы әрине текемет, киіз басудың қысқаруына әкелді. Есесіне сәндік-қолданбалы өнердің жаңа түрі пайда болды. Кестелеу өнері дамыды. Көрпе, сырмақ, төсеніштер түрі көбейгендігін айтылады [25, с.13]. Талдау жүргізілген мұндағы зерттеулердің барлығы дерлік сол Батыс Сібір қазақтарының тарихы мен мәдениетін көрсететін Ресей ғалымдарының еңбектері.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков, касающимися до сего народа, також и прилегающих к Российской границе по части Колыванской и Тобольской губерний крепостей дополнениями. – СПб: Полиздат, 1989. – 300 с.
2. Леопольдов А.Ф. Отношение русских к киргизам // Саратовские губернские ведомости. –1853. – №43. – С.197-200.
3. Завалишин И.И. Сибирско-киргизская степь // Описание Западной Сибири. – М.: Наука,1867. – Т.3. – С. 89-93.
4. Русанов И. Взгляд на экономический и общественный быт киргизов. Из путевых заметок // Томские губернские ведомости. – Томск, 1861. – №34-44. – С. 48-49.
5. Материалы для истории отношений татар, киргиз и других инородцев к русским XVII и отчасти XVIII веков в пределах, главным образом Томской епархии // Томские епархиальные ведомости. –1885. – № 15. – С.25-33.
6. Народы России. – СПб: Книга по Требованию, 1880. – С. 20.
7. Ельницкий К. Инородцы Сибири и Среднеазиатских владении России. Этнографические очерки. – СПб: изд-во Д.Д. Полубояринова, 1895. – С.136.
8. Ядринцев Н.М. Программа для описания сибирских инородцев // Вестник Европы. – 1880. – № 6. – С.12
9. Захарова И.В. Работа Западно-Сибирского отдела РГО по изучению Казахстана (1877-1917 гг.) // Проблемы этнографии и социологии культуры. – Омск, 1988. – С. 35.
10. Колесников А.Д. Основание Омской крепости и ее роль в заселении Прииртышья // Известия Омского отдела географического общества Союза ССР. – Омск, 1965. – Вып. № 14. – С.156.
11. Проваторова О.М. Межэтнические контакты казахов Западной Сибири как фактор этнического развития // Этническая история тюркоязычных народов Сибири и сопредельных территорий. – Омск, 1984. – С.168.
12. Томилов Н.А. Казахи Западной Сибири в конце XVI-первой четверти XIX вв. // Этногенез и этническая история тюркских народов Сибири и сопредельных территорий. – Омск, 1983. – С.33-36

13. ГАСО. Ф.2052, оп. 9а, д.13, лл. 151, 160.

14. Национальный состав населения РСФСР по данным Всесоюзной переписи населения 1989 г. – М., 1990. – С.119, 122, 120.

15. Октябрьская И.В. Казахи Южного Алтая. История и современность // Аборигены Сибири: Проблемы изучения исчезающих языков и культур. – Новосибирск, 1995. – С.197-199.; Тадина Н.А. Об этнокультурном взаимовлиянии чуйских казахов и теленгитов // Этнография Алтая. – Барнаул, 1996. – С.61-65.

16. Казахи Курганской области. – Шумиха, 2013. – 184 с.

17. Ташпеков Г.А. Казахи Саратовской области: Историко-этнографические очерки. – Саратов: Детская книга, 2002. – 280 с.

18. Ташпеков Г.А. Казахи Саратовского Заволжья в XIX веке // Казахи России: История и современность. – Омск, 2010. –1 том. – 308 с.

19. Ахметова Ш.К., Томилов Н.А. Казахи западной Сибири в исследованиях российских и казахстанских ученых XIX-начала XXI веков // Казахи России: История и современность: Материалы международной научно-практической конференции (20-22 мая 2009 г., Омск. В 2-х томах). – Омск: Ом. Гос университет, 2010. –1 том. – 308 с.

20. Ахметова Ш.К. Казахи Западной Сибири и их этнокультурные связи в городской среде. – Новосибирск: Наука, 2002. – 392 с.

21. Тынысов Б.А. Расселение казахов на территории Омского Прииртышья в первой трети XX века // Казахи России. – Москва, 2010. – С.190-198.

22. Белгибаев Е.А. Погребальная обрядность казахов Барнаула // Исторический ежегодник. – Омск: Наука, 2002. – С.118-123.

23. Бельгибаев Е.А. Динамика Брачной структуры казахов Михайловского района Алтайского края (1970-2002 годы) // Казахи России. – Москва, 2010. – С.210-215.

24. Смелякова А.В. Казахские этнографические коллекции в музейных собраниях Западной Сибири: Автореф. ... канд. культурологии. Специальность 24.00.03 – музееведение, консервация и реставрация историко-культурных обьектов. – Кемерово, 2009. – 23 с.

25. Дайрабаева А.А. Традиционное орнаментальное искусство казахов степной зоны Западной Сибири конца XIX-XX веков: Автореферат ... – Омск, 2010. – 26 с.

References

1. Andreyev I.G. Opisanie Sredney ordy kirgiz-kaysakov, kasayushchimisya do sego naroda, takozh i prilegayushchih k Rossiyskoy granice po chasti Kolyvanskoy i Tobol'skoy guberniy krepostey dopolneniyami. – SPb: Polizdat, 1989. – 300 s.

2. Leopol'dov A.F. Otnoshenie russkih k kirgizam // Saratovskie gubernskie vedomosti. –1853. – №43. – S.197-200.

3. Zavalishin I.I. Sibirsko-kirgizskaya step' // Opisanie Zapadnoy Sibiri. – M.: Nauka,1867. – T.3. – S. 89-93.

4. Russanov I. Vzglyad na ekonomicheskiy i obshhestvennyi byt kirgizov. Iz putevyh zametok // Tomskie gubernskie vedomosti. – Tomsk, 1861. – №34-44. – S. 48-49.

5. Materialy dlya istorii otnosheniy tatar, kirgiz i drugih inorodtsev k russkim XVII i otchasti XVIII vekov v predelah, glavnym obrazom Tomskoy yeparkhii // Tomskie yeparkhial'nye vedomosti. –1885. – № 15. – S.25-33.

6. Narody Rossii. – SPb: Kniga po Trebovaniyu, 1880. – C. 20.

7. Yel'nitskiy K. Inorodtsy Sibiri i Sredneaziatskih vladeniy Rossii. Etnograficheskie ocherki. – SPb: izd-vo D.D. Poluboyarinova, 1895. – S.136.

8. Yadrintsev N.M. Programma dlya opisaniya sibirskih inorodtsev // Vestnik Evropy. – 1880. – № 6. – S.12

9. Zakharova I.V. Rabota Zapadno-Sibirskogo otdela RGO po izucheniyu Kazakhstana (1877-1917 gg.) //Problemy etnografii i sociologii kul'tury. – Omsk, 1988. – S. 35.

10. Kolesnikov A.D. Osnovanie Omskoy kreposti i eyo rol' v zaselenii Priirtysh'ya// Izvestiya Omskogo otdela geograficheskogo obshvchestva Soyuza SSR. – Omsk, 1965. – Vyp. № 14. – S.156.

11. Provatorova O.M. Mezhetnicheskie kontakty kazakhov Zapadnoy Sibiri kak faktor etnicheskogo razvitiya // Etnicheskaya istoriya tyurkoyazychnyh narodov Sibiri i sopredel'nyh territoriy. – Omsk, 1984. – S.168.

12. Tomilov N.A. Kazakhi Zapadnoy Sibiri v konce XVI-pervoy chetverti XIX vv. // Etnogenez i etnicheskaya istoriya tyurkskih narodov Sibiri i sopredel'nyh territoriy. – Omsk, 1983. – S.33-36

13. GASO. F.2052, op. 9a, d.13, ll. 151, 160.

14. Nacional'nyi sostav naseleniya RSFSR po dannym Vsesoyuznoy perepisi naseleniya 1989 g. – M., 1990. – S.119, 122, 120.

15. Oktyabr'skaya I.V. Kazakhi Yuzhnogo Altaya. Istoriya i sovremennost' // Aborigeny Sibiri: Problemy izucheniya ischezayushchih yazykov i kul'tur. – Novosibirsk, 1995. – S.197-199.; Tadina N.A. Ob etnokul'turnom vzaimovliyanii chuyskih kazakhov i telengitov // Etnografija Altaya. – Barnaul, 1996. – S.61-65.

16. Kazakhi Kurganskoy oblasti. – Shumikha, 2013. – 184 s.

17. Tashpekov G.A. Kazakhi Saratovskoy oblasti: Istoriko-etnograficheskie ocherki. – Saratov: Detskaya kniga, 2002. – 280 s.

18. Tashpekov G.A. Kazakhi Saratovskogo Zavolzh'ya v XIX veke // Kazakhi Rossii: Istoriya i sovremennost'. – Omsk, 2010. –1 tom. – 308 s.

19. Akhmetova Sh.K., Tomilov N.A. Kazakhi Zapadnoy Sibiri v issledovaniyah rossiyskih i kazakhstanskih uchenyh XIX-nachala XXI vekov // Kazakhi Rossii: Istoriya i sovremennost'. Materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferencii (20-22 maja 2009 g., Omsk. V 2-h tomah). – Omsk: Om. Gos universiteta, 2010. –1 tom. – 308 s.

20. Akhmetova Sh.K. Kazakhi Zapadnoy Sibiri i ih etnokul'turnye svyazi v gorodskoy srede. – Novosibirsk: Nauka, 2002. – 392 s.

21. Tynyssov B.A. Rasselenie kazakhov na territorii Omskogo Priirtysh'ya v pervoy treti XX veka // Kazakhi Rossii. – Moskva, 2010. – S.190-198.

22. Belgibayev E.A. Pogrebal'naya obryadnost' kazakhov Barnaula // Istoricheskiy ezhegodnik. – Omsk: Nauka, 2002. – S.118-123.

23. Bel'gibayev E.A. Dinamika Brachnoy struktury kazakhov Mikhailovskogo rayona Altayskogo kraya (1970-2002 gody) // Kazakhi Rossii. – Moskva, 2010. – S. 210-215.

24. Smelyakova A.V. Kazakhskie etnograficheskie kollekcii v muzeinyh sobraniyah Zapadnoy Sibiri: Avtoref. ... kand. kul'turologii. Special'nost' 24.00.03 – muzeyevedenie, konservaciya i restavraciya istoriko-kul'turnyh ob'ektov. – Kemerovo, 2009. – 23 s.

25. Dairabayeva A.A. Traditsionnoe ornamental'noe iskusstvo kazakhov stepnoy zony Zapadnoy Sibiri konca XIX-XX vekov: Avtoreferat ... k.i.n nauk. – Omsk, 2010. – 26 s.

Б.К. Калшабаева[1]
[1]КазНУ им. аль-Фараби

КАЗАХИ ЗАПАДНОЙ СИБИРИ В ИССЛЕДОВАНИЯХ РОССИЙСКИХ УЧЕНЫХ (2-я половина XIX – начало XXI вв)

Резюме

В статье автор с историко-этнографической точки зрения анализирует труды российских исследователей второй половины XIX - начала XX века, посвященные казахам Западной Сибири. Автор уделяет особое внимание сведениям, до сих пор не введенным в научный оборот, в том числе дореволюционным трудам. К примеру, в своих исследованиях А.Ф. Леопольдов выражает точку зрения по поводу казахско-русских взаимоотношений, К. Ельницкий рассказывает о трех

жузах. В периодических изданиях, в «Тобольских епархиальных ведомостях», в советское время – в трудах Н.А. Томилова, Ш. Ахметова, сегодня – в трудах Г.А. Ташпекова анализируются данные о казахах Западной Сибири; их расселение, численность, пути кочевок, родовой состав и социально-культурное развитие. В статье рассматриваются некоторые материалы которые почти не введены в научный оборот в казахстанских исследованиях. Поэтому некоторые из указанных трудов в перспективе можно использовать в научных исследованиях.

Ключевые слова: российские исследователи, казахи Западной Сибири, этнография казахов, расселение казахов, родовой состав.

B.K. Kalshabayeva[1]
[1]al-Farabi Kazakh National University

THE KAZAKHS OF WEST SIBERIA IN THE STUDIES OF RUSSIAN SCHOLARS (2-nd half of the XIX-early XXI century)

Summary

In this article the author from the historical and ethnographic point of view analyzes the works of the Russian researchers of the second half of XIX - the beginning of the XX century devoted to the Kazakhs of Western Siberia. The author pays special attention to the data which are still not introduced into scientific turn, including pre-revolutionary works. For example, in the researches of A.F. Leopoldov there expressed the point of view concerning the Kazakh-Russian relationship, K. Yelnitskiy tells about three zhuzes. In periodicals, in «The Tobolsk Diocesan Sheets». Besides, the in Soviet period in N.A. Tomilov's, Sh. Akhmetov`s works, today – in G.A. Tashpekov's works there analyzed the data on Kazakhs of Western Siberia; their resettlement, population, ways of movements, patrimonial structure and welfare development. The article considers some materials which are almost not introduced for scientific use in Kazakhstan studies. Therefore some of the mentioned works in the long term can be used in scientific research.

Keywords: Russian researchers, Kazakhs of Western Siberia, ethnography of Kazakhs, resettlement of Kazakhs, patrimonial structure.

УДК 316.35:39

А.Т. Абдулина[1], к.и.н.
[1]Казахская Академия труда и социальных отношений,
г. Алматы, Казахстан

ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ЭТНОКУЛЬТУРНЫХ И ЭТНОЯЗЫКОВЫХ ПРОЦЕССОВ В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРИОД НЕЗАВИСИМОСТИ

Аннотация

В статье была поставлена задача изучения основных тенденций этнокультурных и этноязыковых процессов в Казахстане с начала 1990-х годов, в сложный период становления суверенного государства и трансформации социально-экономических основ казахстанского общества. В области этнокультурных процессов, в первую очередь, интересовала динамика образовательных показателей населения Казахстана, имевшая положительные тенденции увеличения удельной доли лиц с высшим и средним специальным образованием, в особенности среди городского населения, в условиях расширения негосударственных форм образования. Причина престижности высшего и среднего специального образования среди всех этносов Казахстана связана с высокой безработицей и конкурентностью на рынке труда. Назрела задача решения проблемы расширения сети государственных профтехучилищ и выпуска рабочих кадров, в том числе из среды казахов, в силу исторических традиций слабо мотивированных на освоение рабочих специальностей. Система среднего образования в Казахстане в наибольшей степени реализует право 9 крупных этносов на получение образования на родных языках, в 2010 г. число учащихся на казахском языке практически в 2 раза превышало число учеников на русском.

Ключевые слова: межэтнические отношения, межэтническое согласие, система образования, толерантность, этнос, этнокультурные процессы, этноязыковые процессы, язык.

Введение. Важными индикаторами хода этнокультурных процессов являются показатели уровня образования населения Казахстана в период независимости. Кардинальные изменения произошли в сфере среднего профессионального и высшего образования, где вместо модели «бесплатное образование для всех» утвердилась модель «бесплатное образование на конкурсной основе плюс платное образование». Крушение государственной монополии в системе высшего образования было неизбежным следствием формирования в стране рыночной экономики, когда образовательные услуги стали предметом жесткой конкуренции частных структур. Процесс законодательного регулирования реформирования сферы образования проходил параллельно со структурными сдвигами, иногда опережая их, иногда подводя законодательную базу под уже существующие реалии. Главной целью образовательных реформ была гармонизация с международным образовательным пространством. В этой связи государственная политика в области образования осуществлялась в направлении реформирования законодательной базы, системы управления и финансирования образования в контексте поставленной задачи.

Методы. Полученные результаты исследования в данной работе, основанной на изучении государственной статистики и этносоциологических опросах,

могут быть использованы в развитии образовательного кластера и выработке государственной этнополитики.

Результаты. Несмотря на сложный период реформирования образовательной системы, в 1989-1999 гг. общий образовательный уровень населения республики в расчете на 1000 чел. в возрасте 15 лет и старше повысился с 941 человека до 988 промилле, причем у мужчин увеличился с 971 до 993 промилле, а у женщин с 915 до 982, демонстрируя существенный рост. Тенденция повышения уровня образования женщин характерна как для сельской местности, так и городской. Темпы роста образовательного уровня сельских жителей были гораздо выше, чем у горожан, соответственно увеличившись с 923 до 984 промилле и с 954 до 991 промилле [1, с. 26]. Хотя, как мы видим, в целом уровень образования городских жителей выше, чем сельских.

В следующий межпереписной период 1999-2009 гг. тенденция роста образовательного уровня населения была устойчивой. Так, в 2009 г. 47,9 населения в возрасте 15 лет и страше имели образование против 36,7% в 1999 г. В разрезе видов образования с 1999 г. по 2009 г. произошли следующие изменения: количество человек на 1000 с высшим образованием увеличилось со 126 до 198; с незаконченным высшим с 17 до 33; со средним специальным с 224 до 250, а в группах с более низким образованием соответственно наблюдалось понижение показателей – количество человек с общим средним образованием снизилось с 366 до 335; с основным средним с 180 до 133; с начальным с 74 до 49 [2, с. 34].

Отмеченный рост образовательного уровня населения Республики Казахстан связан с развитием негосударственных форм образования, появлением частных вузов, расширивших рамки доступности престижного высшего образования на платной основе для обеспеченных слоёв. Статистика свидетельствует, что с 1991 г. по 1999 г. число вузов увеличилось с 61 до 163, количество учащихся с 288,4 тыс.чел. до 365,4 тыс.чел., а в 2010 г. количество вузов сократилось до 149 с контингентом студентов в 620,4 тыс.чел. Причем, частных вузов в 1999 г. было 106 с контингентом в 94,4 тыс.чел. (в сравнении с государственными – 57 с контингентом 271 тыс.чел.), а в 2010 г. стало 96 с контингентом 310,3 тыс. чел. против 53 государственных с контингентом 310,1 тыс. чел. [3, с. 23-24]. Как мы видим, частные вузы опередили государственные по приёму студентов. Кроме того, казахская сельская молодежь получила возможность обучаться на государственном языке, что также отразилось на росте образованности. Так, в 1999 г. удельный вес казахов с высшим образованием среди общего количества обладателей дипломов достигал 54%, увеличившись до 66% в 2009 г., а русских снизился с 32% до 24% [4, с. 94], что также связано с активной эмиграцией русских. Тем не менее, как у казахов, так и русских показатель высшего образования вырос: с 13,9 до 21,7% у первых и с 12,3 до 18,3% у вторых [4, с. 94]. В Республике Казахстан наблюдался неуклонный рост количества студентов с казахским языком обучения. Так, на начало 2015/2016 учебного года общая численность студентов составляет 459369 человек, доля студентов обучающихся на казахском языке составляет 62,7%, на русском – 34,3% и на английском языке – 3,0% [5].

С 1995 г. вместе с образованием Ассамблеи народов Казахстана представителям национальным меньшинств выделяется 10-процентная квота на поступление в вузы. Следствием этой меры явился значительный рост за 10 лет среди других основных этносов Казахстана удельной доли людей с высшим образованием: у узбеков с 7,4 до 10,8; украинцев с 10,4 до 14,2; белорусов с 7,8 до 10,9; уйгуров с 7,7 до 13; у татар с 13,2 до 20; немцев с 6,4 до 11,7; корейцев с 26,2 до 36,2; турок с 4,2 до 7,9%. Данная тенденция показательна и для кавказских этносов, ранее не отличавшихся высоким уровнем образования [4, с. 99]. Однако представители многих этносов Казахстана лишены возможности получать высшее образование на родных языках. Так, в начале 2000-х годов в государственных вузах РК на

узбекском языке обучалось 401 человек, корейском – 11, немецком – 14, уйгурском – 16, других языках – 17 человек [6, с. 41].

На росте престижности высшего образования отразился фактор безработицы, усиливший конкуренцию на рынке труда, когда высшее образование рассматривалось как дополнительный бонус при поиске работы и трудоустройстве. Между тем, из общего контингента студентов в 2000/01 уч. г. более 71% студентов всех вузов учились на платной основе, из которых 61% составляли студенты государственных вузов [7, с. 201]. Эта тенденция отражает снижение доступности высшего образования для малообеспеченных слоев и падения компетентности многих выпускников, которые вынуждены работать для внесения оплаты за обучения в ущерб получению знаний. Этносоциологические исследования 2002 г. показали, что возможность для поступления в вузы имели лишь 27,9% сельчан, рейтинг причин нежелания продолжения образования выглядел следующим образом: 85,3% респондентов отметили отсутствие денег, 10,6% – отсутствие нужных связей для получения бесплатного образования, 10% – необходимость работы из-за отсутствия средств в семье [8, с. 46].

Тяжелый экономический кризис первых лет независимости, разрыв сложившихся хозяйственных связей привел к закрытию многих промышленных предприятий, спрос на рабочие специальности и их престиж в республике значительно упал, что привело к регрессу в развитии профессионально-технического образования и нехватке кадровых рабочих в настоящее время. В системе начального профессионального образования с 1994 г. число профессионально-технических школ плавно понижалось до 2000 г. с 415 до 282, а затем несколько увеличилось к 2007 г. до 313, а контингент учащихся в названные годы составлял 159,6 тыс. чел., 86,1 тыс. чел. и 106,8 тыс.чел. Причем, количество негосударственных профессиональных школ в 2007 г. было всего лишь 24 [3, с. 20]. В 2000/01 уч. г. в профтехшколах республики обучалось 67% горожан [7, с. 194], что связано с уменьшением мест в общежитиях в связи со сдачей в аренду, отменой государственных льгот на бесплатное питание и обмундирование студентов, низкими доходами сельских семей.

Более престижным было обучение в колледжах, относящихся к среднему профессиональному образованию, число которых возросло с 244 в 1991 г. до 460 в 2007 г., а количество учащихся увеличилось почти в два раза (с 238,3 тыс. чел. до 499,6 тыс. чел., из них 418,3 тыс. чел. получало платные образовательные услуги) [3, с. 21]. Исследователи отмечают неравномерную концентрацию колледжей по регионам республики, многие из которых были открыты в Восточно-Казахстанской, Карагандинской, Южно-Казахстанской, Павлодарской, Костанайской областях и г. Алматы, т.е. в местах традиционного развития системы среднего профессионального образования [7, с. 198]. Несмотря на то, что в 2009 г. среди учащихся колледжей преобладали казахи (361,1 тыс. чел. против 91,8 тыс. чел. русских, 7,4 тыс. чел. украинцев, 1,7 тыс. чел. белорусов [3, с. 22]), однако у русских и других этносов среди занятого населения доминировала удельная доля лиц со средним специальным образованием: так, если у русских было с высшим образованием – 24,4%, украинцев – 19,7%, белорусов – 15,8%, уйгуров – 17,1%, турок – 11,5%, а показатели среднего специального образования были соответственно 39,3%, 37,8%, 39,3%, 22,4% и 16,4%, у казахов же было 30,2% занятых с высшим образованием и 25,9% со средним специальным [2, с. 45]. Как мы видим, Национальная перепись населения Казахстана 2009 г. зафиксировала тенденцию на получение казахами высшего образования, причем, преимущественно гуманитарного профиля, что связано с традиционными стереотипами престижности гуманитарного знания и отсутствия в традиционном казахском обществе потребности в технических специалистах. Это, в свою очередь, приводит к сохранению диспропорции в национальном составе

квалифицированных рабочих кадров, где и в советское время всегда преобладали представители европейских этносов.

В 1990-е годы была проведена реорганизация системы среднего образования, приведшая к существенному сокращению количества школ. Уровень охвата детей обучением на первой (начальной) ступени образования в течение 1990–1999 гг. был достаточно высоким и составлял 98,7–99,6% [7, с. 181]. В то же время, в указанный период на второй (основной) ступени образования он имел тенденцию к снижению с 95 в 1991 г. до 78,7% в 1995 г., но к 1999 г. коэффициент охвата повысился до 93,4%. На начало 2000-х годов удельный вес начальных школ в общем количестве общеобразовательных составлял 16,9%, основных – 17,9%, средних – 63,9%. В сельской местности были расположены 94% начальных школ, 89% – основных и 67,6% – средних [7, с. 183].

В 1991–2001 гг. были закрыты 422 государственные общеобразовательные школы, последующая деградация многих сельских поселений, передача общеобразовательных школ в ведение местных властей с финансированием из местных бюджетов и государственная политика оптимизации малокомплектных школ привели к сокращению данного показателя на 515 ед. в 2001–2011 гг. В городах появились школы с тремя сменами обучения, 39% учащихся обучались во второй половине дня, а в сельской 30,3 % [7, с. 182]. В годы независимости с 1993/94 уч. г. стали открываться частные дневные общеобразовательные школы, в основном в городах, число которых увеличилось к 2011 г. с 11 до 117 с контингентом учащихся 117 тыс. чел. [3, с. 19-20] (1,51 % от общего числа учащихся школ). Как мы видим, частные школы относятся к элитному образованию, недоступному для большинства казахстанских семей в силу высокой стоимости образовательных услуг.

В отношении языков обучения надо отметить значительный рост количества учащихся с казахским языком обучения. Так, если в 1991 г. на казахском языке получали среднее образование 1063,6 тыс. чел. против 1975,3 тыс. чел. на русском, то в 2011 г. 1573,7 тыс. чел. против 843,4 тыс.чел. С целью реализации государственной языковой политики в дневных общеобразовательных школах обучение ведётся на 9 языках: казахском, русском, узбекском, уйгурском, таджикском, украинском, татарском, немецком и английском. В 2000/01 уч. г. в местах компактного проживания этнических меньшинств в имеются 82 узбекские, 13 уйгурских, 3 таджикских и 1 украинская школы, что обеспечивает обучение на родном языке 82,9% узбеков, 59% таджиков, 45,6% уйгуров, 0,1% украинцев. Часть детей получили возможность изучать родной язык на факультативных занятиях: 17186 учащихся изучают уйгурский, 6365 – узбекский, 6294 – дунганский, 4211 – турецкий, 1608 – польский, 496 – азербайджанский, 431 – таджикский, 477 – курдский, 257 – корейский, 113 – еврейский и др. языки [7, с. 187-188]. Кроме того, в начале 2000-х гг. в РК существовало 173 воскресные национальные школы от ассирийского, азербайджанского, армянского, чеченского, ингушского, греческого, грузинского, дунганского, карачаево-балкарского, корейского, курдского, немецкого, польского, татарского, турецкого, уйгурского республиканских национально-культурных центров, а также воскресная школа Русской общины. Основная часть этих школ финансируется из негосударственных источников: взносов родителей, помощи исторической родины и т.д., в Алматинской, Восточно-Казахстанской, Павлодарской областях, г. Астане ряд воскресных школ финансировались из областных и городского бюджетов [6, с. 37-38].

Качественный уровень образования определяется содержанием образовательных программ, кадровым и материально-техническим обеспечением. Наблюдаемое снижение образовательного уровня выпускников казахстанских школ было связано с частым обновлением содержания образовательных программ и, соответственно, учебников, имеющих множество как содержательных, так

и грамматических, орфографических ошибок в связи со сжатыми сроками их подготовки и выпуском частными издательствами. Кадровое обеспечение школ также значительно ухудшилось, поскольку молодежь перестала считать данную профессию почетной и привлекательной на рынке труда по причине низких окладов. В школах, в особенности сельских, наблюдались текучесть кадров, резкий дефицит учителей-предметников, многие учителя, не имея педагогического или, вообще, высшего, образования, а некоторые даже побывавшие в местах лишения свободы, были допущены к образовательному процессу. Повсеместно практиковалось совместительство, увеличение педагогической нагрузки при снижении ставок окладов по категориям, отрицательно отражавшиеся на качестве подготовки педагогов к занятиям. Что касается материально-технического обеспечения общеобразовательных школ, то здесь главной проблемой было размещение в ветхих, недостаточно оборудованных зданиях. В 2000 г. каждая десятая школа требовала капитального ремонта, а каждая третья была расположена в приспособленных помещениях. С 1997 г. стала внедряться программа информатизации среднего образования, на реализацию которой было выделено 154 млн. долларов США [7, с. 189-191]. Согласно данным МОН, к 2003 г. все школы закупили компьютерную технику и подключились к всемирной сети Интернет [9, с. 19].

Этнокультурные процессы в Казахстане определяются не только доступом к образовательным учреждениям, но и к общественно-финансируемым СМИ. В 2011 г. в республике действовало 2740 средств массовой информации, из которых 84% (2301) – негосударственные СМИ, 16% (439) – государственные. Подавляющее большинство средств массовой информации – 2494 или 91% – традиционно представлено газетами и журналами, 8,5% приходится на электронные СМИ – 233 и 0,5% (13) – информационные агентства. В разрезе языков ситуация выглядела следующим образом: на казахском языке издавались (выходили в эфир) 543 средства массовой информации, на русском языке – 920, на казахском и русском языке – 930, на казахском, русском и других языках – 347 [10]. В соответствии со Статьей 18 Закона РК «О Языках в РК» от 11 июля 1997 года №151-I, а также Статьей 3 Закона РК «О средствах массовой информации» от 23 июля 1999 года № 451- I за годы независимости 95% действующих теле и радиокомпаний 50% объема вещания программ осуществляли на государственном языке, однако сетка вещаний казахоязычных программ устанавливалась в утреннее и вечернее время, когда рейтинг просмотров телезрителями достаточно низкий. Представленная статистика показывает, что русский язык в Казахстане остается основным коммуникативным средством, тем более, что 5248 газет и журналов на русском языке поступают из Российской Федерации и других стран [11, с. 21].

4. Материалы поездки казачьего атамана подпоручика Дмитрия Телятникова и сержанта Алексея Безносикова с Иртышской линии в Ташкентское владение к правителю Юнус-ходже (30 мая 1796 г. – 23 июля 1797 г.) // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. – Т. VI. Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям. XVIII-XIX века. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – С. 153-179.

5. Соколов Ю. А. Первое русское посольство в Ташкенте // Вопросы истории. – 1959. – № 3. – С. 166-177.

6. Ходжиев Э. Важный источник по истории Ташкента // Общественные науки в Узбекистане. – 1961. – № 5. – С. 63-65.

7. Записки о некоторых народах и землях средней части Азии Филиппа Назарова, Отдельного Сибирского Корпуса переводчика, посланного в Коканд в 1813 и 1814 годах. – СПб., 1821. – 98 с.

8. Назаров Ф. Записки о некоторых народах и землях средней части Азии. – М.: ГВЛ, 1968. – 77 с.

9. Записки о Кокандском ханстве хорунжего Н.И. Потанина (12 августа 1829 -24 марта 1830 гг.) // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. – Т. VI. Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям. XVIII-XIX века. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – С. 254-299.

10. Записки о Коканском ханстве хорунжего Потанина (1830) / Прим. П.С. Савельева // Вестник Императорского Русского географического общества. – Ч. XVIII. – 1856. – Отд. II. – С. 255-289.

11. Киргизские степи и Кокандское ханство в начале XIX столетия по описанию хорунжего Н.И. Потанина // Юбилейный сборник Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества в честь Г.Н. Потанина. – Омск, 1909. – С. 192-258.

12. Оглоблин Н. Путешествие русских купцов в Ташкент. 1741-1742 // Русский архив. – 1888. – Вып. 8. – С. 401-416.

13. «Сказка» вятского купца татарина Шубая Арасланова о его поездке с торговым караваном в 1741-1742 гг. в Ташкент // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. – Т. VI. Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям. XVIII-XIX века. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – С. 86-100.

14. Ташкент в описании купца Шубая Арсланова // История Узбекистана в источниках. Известия путешественников, географов и ученых XVI – первой половины XIX в. / Сост. Б.В. Лунин. – Ташкент: Фан, 1988. – С. 107-109.

15. Кайдалов Е. Караван-записки во время похода в Бухарию российского каравана под воинским прикрытием в 1824 и 1825 годах. – Ч. 2. – М., 1828. – 149 с.

16. Кайдалов Е. Караван-записки во время похода в Бухарию российского каравана под воинским прикрытием в 1824 и 1825 годах. – Ч. 3. – М., 1828. – 123 с.

17. Неопубликованные записки о поездке горных чиновников Т.С. Бурнашева и М.С. Поспелова через Казахскую степь и Ташкент в 1800 г. / Подгот. к изд.

Б.Т. Жанаева) // История Казахстана в документах и материалах: Альманах. – Вып. 3. Караганда: Экожан, 2013. – С. 114-169.

18. Ханыков Я. Поездка Поспелова и Бурнашева в Ташкент в 1800 году // Вестник Императорского русского географического общества на 1851 год. – Ч. I. – Кн. 1. – Отд. VI. География историческая. – С. 1-56.

19. Галкин М.Н. Об исторических правах России на города Туркестан и Ташкент // Галкин М.Н. Этнографические и исторические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю. – СПб., 1868. – С. 190-198.

20. Соколов Ю. Ташкент, ташкентцы и Россия. – Ташкент: Узбекистан, 1965. – 190 с.

21. Зияев Х. Интересный источник по истории Ташкента XVIII века // Общественные науки в Узбекистане. – 1971. – № 7. – С. 51-53.

22. Зияев Х. Ташкент в XVIII – первой половине XIX века (По данным русских источников) // Общественные науки в Узбекистане. – 1983. – № 4. – С. 42-50.

23. Чехович О.Д. Сказание о Ташкенте // Письменные памятники Востока. 1968. – М.: Наука, 1970. – С. 172-176.

24. Набиев Р.Н. Ташкентское восстание 1847 г. и его социально-экономические предпосылки. – Ташкент: Фан, 1966. – 79 с.

25. Настич В.Н. Монеты «Ташкентской республики» (1784–1808) // Материалы 14-й ВНК: Санкт-Петербург, 16-21 апреля 2007 г. Тезисы докладов. – СПб., 2007. – С. 101-103.

26. Бейсембиев Т.К. Кокандская историография: Исследование по источниковедению Средней Азии XVIII-XIX веков. – Алматы: Print-S, 2009. – 1263 с.

27. Обозрение Коканского ханства в нынешнем его состоянии // Записки Русского географического общества. – Кн. III. – 1849. – С. 176-216

28. Халфин Н. А. Присоединение Средней Азии к России (60-90-е годы XIXв.). – М.: Наука, 1965. – 468 с.

29. Будрин И. Об установлении торгового сношения между Россиею и Ташкиниею // Труды Пермской губернской ученой архивной комиссии. – Вып. XII. – Пермь, 1915. – С. 251-263.

30. «Сказка» ташкентского сарта Нурмухаммеда Алимова о казахских ханах, городах Ташкенте, Туркестане и о прочих достопримечательностях этих мест от 15 марта 1735 г. // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. – Т. VI. Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям. XVIII-XIX века. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – С. 24-31.

31. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов / Введ., биогр., коммент., сост. и ред. И.В. Ерофеевой. – Т. I. Письма казахских правителей. 1675-1780 гг. – Алматы: АБДИ Компани, 2014. – 696 с.

References

1. Zhurnal poezdki mayora penzenskogo garnizonnogo pekhotnogo polka Karla Millera k dzhungarskomu khanu Galdan-Tserenu (3 sentyabrya 1742 g. – 2 maya 1743g.) // Istoriya Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI-XX vekov. – T. VI. Putevye dnevniki i sluzhebnye zapiski o poezdkakh po yuzhnym stepyam. XVIII-XIX veka. – Almaty: Dayk-Press, 2007. – S. 101-135.

2. Materialy poezdki poruchika Penzenskogo garnizonnogo pekhotnogo polka Karla Millera i geodezista podporuchika Alekseya Kusheleva s torgovym karavanom iz Orenburga v Tashkent (29 avgusta 1738 g. – 5 iyunya 1739 g.) // Istoriya Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI-XX vekov. – T. VI. Putevye dnevniki i sluzhebnye zapiski o poezdkakh po yuzhnym stepyam. XVIII-XIX veka. – Almaty: Dayk-Press, 2007. – S. 32-55.

3. Zhurnal pokhoda podporuchika i atamana Telyatnikova v Tashkeniyu s opisaniem puti, mestopolozheniya i prochego, opisannogo serzhantom Beznosikovym // Valikhanov Ch.Ch. Sobranie sochineniy v pyati tomakh. – T. 4. – Alma-Ata: Glavnaya redaktsiya Kazakhskoy sovetskoy entsiklopedii, 1985. – S. 240-257.

4. Materialy poezdki kazach'ego atamana podporuchika Dmitriya Telyatnikova i serzhanta Alekseya Beznosikova s Irtyshskoy linii v Tashkentskoe vladenie k pravitelyu Yunus-khodzhe (30 maya 1796 g.–23 iyulya 1797 g.) // Istoriya Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI-XX vekov. – T. VI. Putevye dnevniki i sluzhebnye zapiski o poezdkakh

po yuzhnym stepyam. XVIII-XIX veka. – Almaty: Dayk-Press, 2007. – S. 153-179.
5. Sokolov Yu. A. Pervoe russkoe posol'stvo v Tashkente // Voprosy istorii. – 1959. – № 3. – S. 166-177.
6. Khodzhiev E. Vazhnyy istochnik po istorii Tashkenta // Obshchestvennye nauki v Uzbekistane. – 1961. – № 5. – S. 63-65.
7. Zapiski o nekotorykh narodakh i zemlyakh sredney chasti Azii Filippa Nazarova, Otdel'nogo Sibirskogo Korpusa perevodchika, posylannogo v Kokand v 1813 i 1814 godakh. – SPb., 1821. – 98 s.
8. Nazarov F. Zapiski o nekotorykh narodakh i zemlyakh sredney chasti Azii. – M.: GVL, 1968. – 77 s.
9. Zapiski o Kokandskom khanstve khorunzhego N. I. Potanina (12 avgusta 1829 -24 marta 1830 gg.) // Istoriya Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI-XX vekov. – T. VI. Putevye dnevniki i sluzhebnye zapiski o poezdkakh po yuzhnym stepyam. XVIII-XIX veka. – Almaty: Dayk-Press, 2007. – S. 254-299.
10. Zapiski o Kokanskom khanstve khorunzhego Potanina (1830) / Prim. P.S. Savel'eva // Vestnik Imperatorskogo Russkogo geograficheskogo obshchestva. – Ch. XVIII. – 1856. – Otd. II. – S. 255-289.
11. Kirgizskie stepi i Kokandskoe khanstvo v nachale XIX stoletiya po opisaniyu khorunzhego N.I. Potanina // Yubileynyy sbornik Zapadno-Sibirskogo otdela Imperatorskogo Russkogo geograficheskogo obshchestva v chest' G.N. Potanina. – Omsk, 1909. – S. 192-258.
12. Ogloblin N. Puteshestvie russkikh kuptsov v Tashkent. 1741-1742 // Russkiy arkhiv. – 1888. – Vyp. 8. – S. 401-416.
13. «Skazka» vyatskogo kuptsa tatarina Shubaya Araslanova ego poezdke s torgovym karavanom v 1741-1742 gg. v Tashkent // Istoriya Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI-XX vekov. – T. VI. Putevye dnevniki i sluzhebnye zapiski o poezdkakh po yuzhnym stepyam. XVIII-XIX veka. – Almaty: Dayk-Press, 2007. – S. 86-100.
14. Tashkent v opisanii kuptsa Shubaya Arslanova // Istoriya Uzbekistana v istochnikakh. Izvestiya puteshestvennikov, geografov i uchenykh XVI – pervoy poloviny XIX v. / Sost. B.V. Lunin. – Tashkent: Fan, 1988. – S. 107-109.
15. Kaydalov E. Karavan-zapiski vo vremya pokhoda v Bukhariyu rossiyskogo karavana pod voinskim prikrytiem v 1824 i 1825 godakh. – Ch. 2. – M., 1828. – 149 s.
16. Kaydalov E. Karavan-zapiski vo vremya pokhoda v Bukhariyu rossiyskogo karavana pod voinskim prikrytiem v 1824 i 1825 godakh. – Ch. 3. – M., 1828. – 123 s.
17. Neopublikovannye zapiski o poezdke gornykh chinovnikov T.S. Burnasheva i M.S. Pospelova cherez Kazakhskuyu step' i Tashkent v 1800 g. / Podgot.k izd. B.T. Zhanaeva) // Istoriya Kazakhstana v dokumentakh i materialakh: Al'manakh. – Vyp. 3. – Karaganda: Ekozhan, 2013. – S. 114-169.
18. Khanykov Ya. Poezdka Pospelova i Burnasheva v Tashkent v 1800 godu // Vestnik Imperatorskogo russkogo geograficheskogo obshchestva na 1851 god. – Ch. I. – Kn. 1. – Otd. VI. Geografiya istoricheskaya. – S. 1-56.
19. Galkin M.N. Ob istoricheskikh pravakh Rossii na goroda Turkestan i Tashkent // Galkin M.N. Etnograficheskie i istoricheskie materialy po Sredney Azii i Orenburgskomu krayu. – SPb., 1868. – S. 190-198.
20. Sokolov Yu. Tashkent, tashkenttsy i Rossiya. – Tashkent: Uzbekistan, 1965. – 190 s.
21. Ziyaev Kh. Interesnyy istochnik po istorii Tashkenta XVIII veka // Obshchestvennye nauki v Uzbekistane. – 1971. – № 7. – S. 51-53.
22. Ziyaev Kh. Tashkent v XVIII – pervoy polovine XIX veka (Po dannym russkikh istochnikov) // Obshchestvennye nauki v Uzbekistane. – 1983. – № 4. – S. 42-50.
23. Chekhovich O.D. Skazanie o Tashkente // Pis'mennye pamyatniki Vostoka. 1968. – M.: Nauka, 1970. – S. 172-176.
24. Nabiev R.N. Tashkentskoe vosstanie 1847 g. i ego sotsial'no-ekonomicheskie predposylki. – Tashkent: Fan, 1966. – 79 s.
25. Nastich V.N. Monety «Tashkentskoy respubliki» (1784–1808) // Materialy 14-y VNK: Sankt-Peterburg, 16-21 aprelya 2007 g. Tezisy dokladov. – SPb., 2007. – S. 101-103.
26. Beysembiev T.K. Kokandskaya istoriografiya: Issledovanie po istochnikovedeniyu Sredney Azii XVIII-XIX vekov. – Almaty: Print-S, 2009. – 1263 s.
27. Obozrenie Kokanskogo khanstva v nyneshnem ego sostoyanii // Zapiski

Russkogo geograficheskogo obshchestva. – Kn. III. – 1849. – S. 176-216
28. Khalfin N. A. Prisoedinenie Sredney Azii k Rossii (60-90-e gody XIX v.). – M.: Nauka, 1965. – 468 s.
29. Budrin I. Ob ustanovlenii torgovogo snosheniya mezhdu Rossieyu i Tashkinieyu // Trudy Permskoy gubernskoy uchenoy arkhivnoy komissii. – Vyp. XII. – Perm', 1915. – S. 251-263.
30. «Skazka» tashkentskogo sarta Nurmukhammeda Alimova o kazakhskikh khanakh, gorodakh Tashkente, Turkestane i o prochikh dostoprimechatel'nostyakh etikh mest ot 15 marta 1735 g. // Istoriya Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI-XX vekov. – T. VI. Putevye dnevniki i sluzhebnye zapiski o poezdkakh po yuzhnym stepyam. XVIII-XIX veka. – Almaty: Dayk-Press, 2007. – S. 24-31.
31. Epistolyarnoe nasledie kazakhskoy pravyashchey elity 1675-1821 godov / Vved., biogr., komment., sost. i red. I.V. Erofeevoy. – T. I. Pis'ma kazakhskikh praviteley. 1675-1780 gg. – Almaty: ABDI Kompani, 2014. – 696 s.

Р.Ю. Почекаев[1]
[1] «Жоғары экономика мектебі» Ұлттық зерттеу университеті,
Санкт-Петербург, Ресей Федерациясы

ТАШҚЕНТ «ИЕЛІГІ» XVIII – XIX ғ. БАСЫНДАҒЫ РЕСЕЙ САЯХАТШЫЛАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫМЕН

Түйін

Мақалада 1730–1820 жж. Ташкент туралы саяхатшылардың мәліметтері сарапталады. Оларда сол түстағы қаланың даму кезеңдері – Ұлы жүздің астанасы ретінде, Жоңғар хандығының сюзеренитеттігіндегі өзін-өзі басқарған қала, қожалар билігі және Қоқан хандығының құрамындағы алғашқы кезең қамтылған. Ташкент отырықшы орталық-азиялық мәдениетке жатқандығына қарамастан, әлде ұзақ уақыт қазақ хандары мен сұлтандарының билігінде, әлде олардың саяси бақылауында болған. Қазақ шыңғысхандықтардың Ташкенттегі өз биліктеріне «ие» болуға соңғы ұмтылысы 1820 жж. басына жатады. Сол түстағы ресейліктердің жазбалары қарастырылып отырған кезеңдегі өлкенің құқықтық-саяси даму ерекшеліктері жөнінде құнды, кейде – өте бірегей ақпараттар береді.

Түйін сөздер: Ташкент, Ұлы жүз, Ресей империясы, Жоңғар хандығы, Қоқан хандығы, Орталық Азияның дәстүрлі мемлекеттілігі, мұсылмандық құқық, дәстүрлі құқық

R.Yu. Pochekaev[1]
[1]National Research University «Higher School of Economics»,
St. Petersburg, Russian Federation

TASHKENT «DOMAIN» THROUGH THE EYES OF THE RUSSIAN TRAVELERS OF THE XVIITH – BEGINNING OF THE XIXTH CENTURY

Summary

The article is devoted to the analysis of Russian travelers' information (1730s-1820s). They reflected the main stages of development of the city during this period: as a capital of the Kazakh Great Horde, self-governed city under the suzerainty of the Junghar Khanate, the rule of khojas and beginning of existing under the Khoqand rule. Despite the fact that Tashkent always belonged to sedentary Central Asiatic culture, during the long time it was either under direct rule of Kazakh khans and sultans or under their political control. The last attempts of Kazakh Chinggisids to regain their rule over Tashkent took place in the beginning of 1820s. The notes of Russian contemporaries contain valuable and sometimes even unique information on specific features of political and legal development of the region during the analyzed period.

Keywords: Tashkent, Great Horde, Russian Empire, Junghar Khanate, Khoqand Khanate, traditional state structure of the Central Asia, Islamic law, traditional law.

УДК 94(574)

Д. Нұрғазы
Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының
2 курс магистранты

ЗИЯТ ШӘКӘРІМҰЛЫ: ТАҒДЫРЫ ТЫЛСЫМ ТҰЛҒА

Аннотация

Мақалада танымал тұлғаларының әлі де болса назардан тыс қалып, осы уақытқа дейін жүйелі зерттелмей отырғандығы туралы айтыла келіп, Алаш қайраткерлерінің бірі, аса көрнекті ақын, ойшыл ғалым Шәкәрім Құдайбердіұлының ұлы, мұрагері, ұлт тарихында тағылымдық мектебі бар – Зият Шәкәрімұлының өмірі мен қызметінің кейбір тұстары сараланып, құжаттық мәліметтер берілген. Автор негізінен қазақстандық және Қытай еліндегі қазақ ғалымдарының еңбектеріне тарихнамалық талдау жасауға тырысады. Өмірінің соңғы кезеңін елден жырақта өткізген Зият Шәкәрімұлының қилы тағдыры мен шығармашылығы, қоғамдық қызметі әлі де болса өз бағасын алмай отырғандығын көтереді.

Түйін сөздер: Алаш, Шәкәрім, ұлт тағдыры, Семей, шығармашылық, қайраткер, кеңес билігі

ХХ ғасыр басындағы ұлт тарихына және қоғамдық ағымда бой көрсеткен қайраткерлер мен тұлғалар болмысына тереңірек бойлау үшін сол тұстағы тарихи аренада басымдылыққа ие болған Ресей империясындағы қоғамдық-саяси даму аясында қарастырамыз. Себебі аласұрған ХХ ғасыр басындағы өріс алған барлық қоғамдық-саяси қозғалыстардың бастауында түрған Ресей өзіндік конституциялық жолды таңдап, экономикалық жаңғыртулар арқылы еуропалық ізге түсуге ұмтылғаны анық. Сондықтан империялық бодандықта болғандықтан ұлт қайраткерлері, оқымыстылары мен зиялылары ресейлік жаңа реформаторлық буынның бір тармағы есебінде қалыптасып, бой көтерді. Міне, осындай аумалы-төкпелі заманда ұлт тарихының ең айшықты тұстарының бірі, тарихи-саяси және айрықша құбылыс – Алаш қозғалысы болса, сайын даладағы ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа бағытта қалыптасуына барынша ықпал еткен Алаш қайраткерлері болды. Осы қозғалыстың негізгі ошақтарының бірі болған Шығыс өңірінде дүниеге келіп, қызмет еткен, артында мол мұра қалдырған ұлт перзенттерінің бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы. Ұлт тарихын терең зерделейтін болсақ халқының болашағына қызмет еткен әрбір қайраткер-тұлғаның өмірі мен қызметі, шығармашылығы мен мұрасы ел өмірімен тығыз байланысты болғандығын ұғынамыз және сол жолда өз тағдырын құрбандыққа шала алған өр тұлғаны танимыз. Сондықтан болар еліміз тәуелсіздік алғалы бергі ширек ғасырға жуық уақыт аралығында олардың қызметі мен мұрасын толық тани алған жоқпыз, тұлғалық келбетін де аша алмадық. Әсіресе кеңестік билік салдарынан елден жырақта қалған ұлт қайраткерлерінің өмірі мен қоғамдық қызметін, шығармашылық мұрасын түгендеуде кешендеп келеміз. Оның жарқын дәлелі ретінде ұлттық рухани ойдың асыл қазынасы және ұлттық рухани құндылықтарымыздың қайнар бұлағы болып табылатын әрі ол өскен ортаның алтын діңгегі Шәкәрім, сол қатарлы Ыбырайым Жайнақов, Иса Тергеусізов секілді Зият, т.б. ғибратты ғұмыры мен мұрасын айтсақ болмақ. Ана сүтімен, Шәкәрімдей әкенің тағылымымен ұлттың болмысын, ауыз әдебиетін, ұстанымы мен барлық

рухани табиғатын бойына жиған, әке мен өскен орта арқылы Абай мектебінен өткен Зияттың артында қалған мұрасы мен үлт жолында еткен қызметі бүгінгі үрпақ үшін терең тағылым мектебі. Әкесі Шәкәрімдей аса мол терең ойлы мұра қалдыра алмасада, өзіндік қолтаңбасын қоғамдық өмірде де, шығармашылықта да біраз із тастады. Қаһарына мінген мен кеңестік билік қуғындауымен жастық шағын әкеге жабылған жалған қаракүйе салдарынан елден жырақ өткізсе де, қысқа ғұмырын саналылықпен үлт болашағына арнады. Сол қысқа ғұмырда ата аты мен әке аманатына сай қызмет қылып, алаштықтардың ісіне адал араласты.

Өйткені XX ғасырдың айбынды тегеуірініне айналған Алаш қозғалысын XIX ғасырдың төрінен орын алған Абай заманындағы ағартушылар қозғалысының жалғасы ретінде таныған Зиятың сол іске араласқанын байқауға болады. Осы түста айта кететініміз, Алаш қозғалысы туралы айтылғанда көбіне оның басшылығында жүргендер жайында жиі тоқталамызда, қатардағы жауынгерлердей болған түлғалар, оның ішінде елден ауып кеткен азаматтар назардан тыс қалып, осы уақытқа дейін жүйелі зерттелмей келеді. Сондықтанда үлт мүддесі жолында қысқа ғана қызмет қылса да, ұзақ жылдар өзі ашқан мектептерде тәрбие алған шәкірттердің ғана емес өз үлтының жадында да сақталып келген Зият Шәкәрімұлын танып білу, мұрасын зерделеу болашақ үрпақ тәрбиесі үшін аса қажет деп білеміз.

Отандық тарихнамада Зият Шәкәрімұлы туралы арнайы зерттеулер жоқтың қасы десек, Қытайдағы қазақ ғалымдары мен жазушылары арасында да естеліктер мен оның шығармашылық мұрасына қатысты үзік-үзік мақалалар ғылыми басылымдар мен күнделікті мерзімді баспасөз беттерінде ғана жарияланған. Дегенмен, Зият Шәкәрімұлының өмірі мен қызметі, шығармашылық мұрасы жайлы, жоғарыда айтып кеткеніміздей, арнайы толыққанды зерттеу еңбектері жоқ. Қайраткер туралы алтайлық Мидыхат Раздан, Асқар Татанайұлы, Көбен Асқарұлы және отандық энциклопедиялық анықтамалықтар мен С. Ізтілеуова, М. Мұхамедиұлы, Г. Омарова секілді зерттеушілердің бірді-екілі жарияланымдарын атап өтуге болады.

Ендігі кезекте Зият өскен ортаға шолу жасап көрелік. Оның әкесі аса көрнекті ақын, ойшыл ғалым Шәкәрім Құдайбердиев ескі жыл санау бойынша 1958 жылы 11 шілдеде Шыңғыс тауы бөктерінде қазіргі Семей облысының Абай ауданында туған. Оның әкесі Құдайберді Құнанбайдың үлкен бәйбішесі Күңкеден туған, Шәкәрім олардың немересі, яғни, Абайдың немере інісі. Шәкәрім Құдайбердіұлынан 7 ұл, 6 қыз тараған (2 ұл, 2 қыз жастай өлген) жиыны 13 үрпақ.

Бірінші әйелі Мәуеннен үлдары: Әбусуфиян (Суфиян), Ахметтауфиқ (Тауфиқ жастай өлген) және қыздары – Меймана, Ғалия. Шәкәрімнің екінші әйелі Айғаншадан: үлдары – Ғафур, Жебрәйіл (жастай өлген), Қабыш, Ахат, Зият, қыздары – Күлзия (жастай шетінеген), Жәкібала (Жәкім), Гүлләр [1, 84-б.].

Кеңестік қысаң идеологияның салдарынан өзі де, артында қалған үрпағы да көп қиындықтарға кезіккен Шәкәрім Құдайбердіұлының тағдыры мен шығармашылығы ғана емес, оның үрпақтарының тағдыр талайы да тәуелсіздік таңы атқанға дейін тылсым жұмбақ күйінде қалды. Осыдан болар Зияттың жастық шағына қатысты мәліметтер өте сирек кездеседі. Сондықтан да осы мақалада негізінен Зият Шәкәрімұлының елден тысқары кезеңдегі өміріне көбірек тоқталамыз.

Зият Шәкәрімұлы 1931 жылдың 1 қазанында әкесі Шәкәрім жанында Идаят, Ғылымбай деген жолдастарымен Шақпақтастағы қорасынан «Керегетас» деген жерге аттанады. Шәкәрім жолдастарына былай дейді: «Мен көп ойландым, барар жер, басар тауым қалмады. Ендігі ойым Қытайға кететіндерге Зиятты қосамын. Ондағы ойым менің өлімімді ол, оның өлімін мен көрмейін дегенім». Сөйтіп, Зият ел-жұртымен қоштасып, әкесінің өзінің мақұлдауымен Бердеш, Сапар деген азаматтарға еріп, Қытай еліне аттанады.

Шәкәрімның ұлы Ғафурдан туған немересі Камиланың Құдайберді үрпақтарына байланысты жазған мақаласында, Зият бір үйдегі он бір баланың

кенжесі болып 1908 жылы туғанын жазады [2, 2-б.], Ал Зияттың Қытайда жүргенде әкесін сағынып жазған «Әкеме» деген өлеңінде

«Жиырма сегіз жасымда,
Жалғанның көрдім тарлығын.
Қайғыны салдың басыма,
Ең ауырын, барлығын» деген сөздері егер әкесінің өліміне қатысты айтылған болса онда Зият 1930 жылы туылған дер едім, бұл туралы әлі де еңбектенуды қажет етеді.

Осы автордың келесі бір мақаласында Зияттың көзін көріп, одан тікелей тәрбие алған Мұратбек Мәңкей; Асқат Мәңкей, Уақит Оразов, Сәлімжан және Асқар Татанайұлы сияқты үлкендердің айтуы бойынша оның сыртқы келбеті мен тұлғасы туралы мынандай жолдар берілген: «Бойы ұзын, ерні жұқа, қабағы биіктеу, дөңестеу қыр мұрынды, дөңгелек көзділеу, ширатпа қара мұрт қойған қараторы жігіт болатын. Сақалын жасап (реттеп) самай шашына тұтастырып қоятын. Қыста қара түлкіден тіктірген арғын тымақ, саптама етік, жазда костюм-шалбар киіп, таза жүретін» [3, 18-б.]. Көне көз қариялардың суреттеуі бойынша Зияттің сыртқы келбетінің де әкесі Шәкәрімге келетіндігін байқаймыз. Ал келесі мақалада Зият Шәкәрімұлының шәкірттерінің бірі болған Қалдыбай Қанапияұлының естелігі бойынша ол ұзын бойлы, дауысы зор, өткір адам болған. Бет сүйектері әкесіне тартқандығын, өзінің 1935-1936 жылдары одан дәріс алғандығын айтады. Тағы бір Зиятты көзі көрген, қоян-қолтық араласқан азаматтардың бірі, Семей Ақсуат өңірінің тумасы Әнуар Көкейдің сипаттамасы бойынша Зият өте талантты адам болған. Өңі қарасұр, еңгезердей болған екен. Сондай-ақ оның айтуы бойынша Зият Шәкәрімұлы Үрімжідегі қазақ театрында қазақ-қырғыз үйымында режиссерлік еткен. Қазақ-қырғыз жастарын жинап, концерт қойып, әртүрлі қойылымдар мен спектакльдер дайындаған [4].

Қытай басылымдарындағы деректерге жіті көз жүгіртер болсақ Зият Шәкәрімұлы 1931 жылдың қазан айының соңында Тарбағатай аймағының Бақты шекарасы арқылы Қытай жеріне өтеді. Олар Шыңғыстаудан кетерінде жолшыбай Шұбартау жақтан қашып келе жатқан кезіндегі атақты батыр Шақантайдың бертінгі үрпақтары Жабағытай, Кенжебектермен үштасып, жиыны үш жүз адам Тарбағатай жеріне өтеді. Зиятпен бірге өткендердің ішінде Бердеш Әзімбайұлы Такежанов (азан шақырып қойған аты – Фердауси, жұрттар оны Бердеш немесе Бердауси деп атап кеткен екен) Манекеш Әзімбайұлы, Шәкәрімнің жиені Қожақапан (кейде Қожақан делінеді), орысша оқыған Төлеуғазы деген кісілер болған. Олар Тарбағатай өңірін екі жыл қыстағаннан кейін, ұзақ тұра беруге болмайтындықтан 1933 жылы Алтай аймағының Мәми Бейсі ауылына ат басын тірейді. Тарбағатай аймағында ұзақ тұрақтай алмауының себебі, ол жерде ізге түскен ОГПУ тыңшыларының барлығын сезгендіктен болуы мүмкін. Алтай шекаралық жолдан алыс болғандықтан қауіпсіз санап, сонда кетуді жөн санайды. Бұл тұста Бейсілік мәнсәп Мәмидің немересі Бұқаттың қолында тұрған. Ол Зияттарды қазіргі Алтай қаласының аяқ жағындағы Бейсі аралына орналастырады. Бұл аумалы-төкпелі заман дәл ашаршылық пен бүлікші дүңгендер Алтай өңірінен қудаланып, Шынжаңда Шың Шысай, Алтай өңірінде Шәріпхан бастаған біршама демократиялды сипат алған жаңа үкімет орын алған кез. Құрылған жаңа үкімет алдымен оқу-ағартуға барынша назар аударды. Мұнда ең маңыздысы ескіше оқымағандарды жаңаша оқыту және мектеп салу, оқытушыларды молынан қабылдау барысында Ресейден келген зиялы қауымды батылдықпен жұмысқа алуды бастап кетті. Ең алдымен қысқа мерзімдік курстар ашып, біліктілігін кһ оқытушы базасын қалыптастыру еді.

Зият сол кезде Алтайдың оқу-ағарту саласы мен мәдениет саласына аса зор еңбек сіңірген. Дәлел ретінде Алтай қалалық орта мектептің зейнеткері мархұм Мидыхат Разданұлы Зият туралы жазған мақаласында мынадай мәліметтер беріп кеткен: Зият анығында Алтай әкімшілік мекемесінің бір қызметтік саласы «Қазақ-

қырғыз мәдени ағарту үйымының» жұмысын істей жүріп, оқытушылық міндетін қосымша атқарды. Бұны сол жылдар одан сабақ алған кейін біз қатарлыларға үстаздық еткен Асқар Татанаев, Сәлімжан Кәкіжанов, Махмұт Өтелбайов, Мұратбек, Асхат Мәңкейұлдары, Рашат Әбілмәжінұлы және менің туған ағаларым Масғұт Разданұлы, Уақит Оразов тағы басқалар бұдан 10, 15жыл бұрын әңгімелеп берген болатын. Менің әкем Раздан Зияттың өз қолынан Шәкәрімның «Үш анық» деген кітәбін (қолжазба) көшіріп алыпты. Ал әкем арқылы Масау, Рашат, Уақит тағы басқалар көшіріп алғаны есімде. Әкем 20- ғасырдың 30- жылдар ішінде «Қазақ-қырғыз мәдени ағарту үйымында» Зиятпен бірге бір мезгіл қызметтес болған» [5, 3-б.], – деп жазады. Автордың жазуы бойынша Асқар Татанаев 1934 жылдың көктемінде Зиятпен танысады. Зияттың бастауыш мектеп мұғалімі болып жұмыс істеп жүрген кезі екен. Екеуі бірге сахыналық шығармалар жазып, оны оқушылар сахналаған. Замандастарының естеліктері бойынша Зияттың балалардың ұлттық рухын шыңдау, өнер-білімге шақырып, олардың ой-санасын ашуда көрсеткен еңбектері баршылық. Айта кетер болсақ, Зияттың өлкелік «Қазақ-қырғыз мәдени ағарту үйымында» атқарған жұмыстарымен бірге, мектепте оқушыларға сабақ бере жүріп, үстаздық қызметтен бөлек – сабақтан тыс оқушыларға сахна әдісін үйретіп, өзі «Аюбай» (1934), «Шал мен баланың айтысы» (1935) т.б. шағын пьесалар жазып, балаларға орындатып, сахынаға алып шыққандығын байқаймыз.

Бұл туралы «Ұлттық энциклопедияда»: «Ел-жұртынан еріксіз айрылу Зият шығармаларының негізгі тақырыбына айналды. Қытай қазақтары арасында тұңғыш рет "Аюбай үкірдай" деген атпен пьеса жазып (1934), Сарысүмбе қаласында сахнаға шығарды. Пьесада құлқынын көздейтін надан байлардың дөрекі қылықтары, қарапайым халыққа жасаған зорлық-зомбылықтары көрсетіледі. Оқу-білімге шақырып, ескі мен жаңаның тартысын бейнелеген «Шал мен баланың айтысы» пьесасы да сахнада қойылған (1935). 1935-36 жылы Үрімжі қаласындағы қазақ-қырғыз ағарту үйымының ойын-сауық бөлімінің меңгерушісі, «Шыңжаң» газетінің әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. Осында жүріп қазақстандық драматургтердің «Қаракөз», «Шұғаның белгісі», «Қалқаман-Мамыр», «Жалбыр» пьесаларын сахнаға шығарды» [6], – деп берілген. Зият Шыңжаңда қызмет еткен кезде (1934-37) Абай, Шәкәрім шығармаларын жан-жақты насихаттау мен ондағы қазақ жастарынан мұғалімдер даярлау ісіне мол үлес қосқан қайраткер.

Үрпақ тәрбиесіне баса көңіл бөлген Зият Шәкәрімұлы өзінің «Шал мен бала» пьесасында қоғамдық сананы қалыптастыру мақсатында көне мен жаңаның тартысын жас өспірімдердің рухани дүниесіне үлкен ой салатындай, әрі жеңіл, жаттауға ыңғайлап жазған. Сонымен қатар балаларға М. Жұмабаевтың, А. Байтұрсыновтың, Абай мен Шәкәрімнің өлеңдерін жаттатып, бұл шығармалардың ішінде, әсіресе, Абай мен Шәкәрімнің «Адам болу» мектебінен жас жеткіншектерге тәлім-тәрбие беріп, еңбекке баулып, баланың рухани дүниесінің шыңдалуына ықпал етіп, ұзақ уақытын балалармен бірге өткізген.

Әке тағылымын терең бойына сіңірген Зият атасы хакім Абай мен әкесі Шәкәрімнің шығармашылығын тынымсыз насихаттауы және қолындағы әке мұрасын-қолжазбаларын көзінің қарашығындай сақтап қалуы Өр Алтай халқының ауыр күндерде жұбанышына, бүгінде ұлт мақтанышына айналуына ықпал етті.

Сырт жерде жүріп ата мен әке рухына бағыттаған өлеңінде:

... Ырыздық болды ата даңқы,

Құрметтеу жақсыларды елдің салты.

Абай мен Шәкәрімді көрмеседе,

Оларды қадірлейді Керей халқы ..., – деп оларға деген халық құрметін бейнелейді.

Кеңестік жүйе зәбірінен Тарбағатай елінде паналап жүрген Зиятқа кенеттен келген әкесінің жазықсыз өлімі жайлы суық хабардан кейін қайғы қайығына мінген ол әкесіне арнап "Сілбі" дастанын жазады. Алтай аймақтық №1 орта мектептің

зейнеткер мұғалімі Медіғат Разданұлы хатқа түсірген дастанның үзіндісінде:

Сәлем де көп тобықты қауымына,
Қалды әкем Керегетас бауырында,
Қапыда тағдыр айдап оққа үшты,
Тұманның сілбі аралас жауынында.
Қажы еді әкем көрі шал,
Жетпіс үште жасы бар,
Арнап жеміс алғанға,
Шөлдеген жанға еді бал.
Сүйегің қалды қиырда-ай,
Басыңа халқың жиылмай,
Туысқан, бауыр-балаңнан,
Топырақ қолдан бұйырмай.
Алланың іс қып қағазын,
Өзгермей өткен сабазым,
Міндетін танып, жөн көрген,
Ораза, зекет, намазын.
Бейсенбі күні өттің бе?
Шейіттік жолға жеттің бе?
Айрылман деген әкекем,
Шынымен тастап кеттің бе?
Жиырма сегіз жасымда,
Жалғанның көрдім тарлығын,
Қайғыны салдың басыма,
Ең ауырын барлығын,
Әкекем сізді сағындым», –

деп әкесі Шәкәрім бойындағы барлық ізгі қасиеттерді сыйғыза алуы оның да асқан талант иесі екендігін көрсетеді. Сондай-ақ әке өлімінің жазықсыз екендігін де шеберлікпен береді.

Қолымызда бар оның мұрасын зерделеу барысында өз шәкірттерін тек білім мен мәдениетке ғана тәрбиелеп қоймай, олардың бойындағы қасиетінде аша алғандығын, қанша қиыншылық болса да ұлттық мүдде жолында қызмет етуге шақырғандығын көреміз. Соның бір жарқын бір дәлелі ретінде шәкірті Мұратбек Мәңкейұлына «Оян Алтай» өлеңін жаттатып, сахынада мәнерлеп оқытқандығын өз замандастары жазып кеткен. Зият өлеңдерінің барлығы да атасы Абай мен әке шығармашылығындай ұлтын оқу-білімге, мәдениетке, ынтымақ пен бірлікке шақыру бағытында жазылған. Мысалға, «Оян Алтайда»:

«Бұл Алтай өнер-білім қайнаған жер,
Бойынан надандықты айдаған жер.
Көз ашып мәдениет жолын танып,
Ғылымға белін бекем байлаған жер», – деп суреттеуі сол кезеңнің, қаймағы түнған қазақ қоғамының сипатын толық береді емес-пе!?.

Ағартушылық бағытты ұстанған Зият Шәкәрімұлының ұлт үшін жасаған көп еңбектерінің бірі ретінде Алтай өңірі мақтанышпен еске алатын тағылымды ісі – курсант мұғалімдерге Мағжан Жұмабай, Ахмет Байтұрсын, Мыржақып Дулат және орыс классиктерінің өлеңдерін жаттатып қана қоймай, әдебиет туралы кең білім беруі.

Егер мүмкіндік болып толыққанды іздеу жүргізілсе Зият Шәкәрімұлының Қытайда өткізген аз ғана жылдар ішінде артында қалдырған ұлағатты ісі мен мұрасын жинақтауға болар еді.

Қорытындылай келе айтарымыз, өмірден жастай озсада Зият Шәкәрімұлы хакім Абай мен Шәкәрімдей ұлт мақтаныштарының бар қасиетін ана сүтімен бойына сіңіре алған, сонымен қатар елден жырақ жүрседе ұлт болашағы жолында

өскелең ұрпақты білім мен мәдениет арқылы «адам» болуға тәрбиелеп, ғылым мен білімнің маңызын сөзі мен іс-әрекетімен толық дәлелдей алған бітімі биік тұлға, азамат, ұстаз, ақын.

Сөз соңын Зият Шәкәрімұлының «Көзден жасым» атты өлеңімен аяқтауды жөн көрдік:

Біздің ел, Шыңғыс таудың жайлауында,
Көп жылқы жайылатын қойнауында.
Халықты қансыратқан большевиктер,
Әкелген зеңбірегін қойды ауылға.
Осыдан үріккен ел оңалмады,
Аштықтан сан жетпейді жоғалғаны!
Сеңдей боп, селмен кеткен сезімдінің,
Олардың отқа өрттенді көп арманы.
Құнарлы Құндыздының жері қандай,
Орманды бұлағының суы балдай.
Кеткен соң, туған жерден күңіреніп,
Келемін содан бері шөлім қанбай.
Заңына сағыныштың төзген басым,
Тарайды мұңды күймен ішкен асым.
Туған жер табиғаты түссе есіме,
Нөсердей сан төгілді-ау көзден жасым.

Осынау өлең жолдарында халықтың қасіретін арқалаған XX ғасырдың басындағы қазақ даласының барлық зары мен мұңы жатыр. Бұл бір ғана Зият Шәкәрімұлының ғана емес бүкіл қазақ даласының мұңы, сол алмағайып заманда елден ауған барша халықтың қайғы-қасіретін бейнелеген өлеңмен өрілген тарих.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Раздануly Мидыхат. Шәкәрімнің өмірі мен өлімі // Шыңжаң қоғамдық ғылымы. – 1996. – №1. – 81-92-бб. – ғылыми журнал

2 Раздануly Мидыхат. Зияттың Шыңжаңдағы өмірі мен шығармашылығы туралы // Мұра. – 2008. – № 2. – 1-10-бб. – журнал

3. Раздануly Мидыхат. Шәкәрімнің өр Алтайда ізі бар // Мұра. – 1995. – № 3. – 3-29-б. – журнал

4. Ізтілеуова С.Д. Зият Шәкәрімұлы // Қазақ әлемі. qazaq-alemi.kz/more?page_id=37&id=451 – интернет ресурс. (11 желтоқсан 2016 жыл)

5. Омарова Г. Шәкәрімнің Қытай асқан ұлы Зияттың жастарға рухани тәрбие берудегі қызметі // Қазақ үні . – 2012. – 10.07. – 17.07.

6. Шәкәрімұлы Зият // Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2010. – 550-б. – Энциклопедиялық анықтамалық

References

1 Razdanuly Midykhat. Shakarimnin omiri men olimi // Shynzhan qogamdyq gylymy. – 1996. – №1. – 81-92-bb. – gylymi zhurnal

2 Razdanuly Midykhat. Ziyattyn Shynzhandagy omiri men shygarmashylygy turaly // Mura. – 2008. – № 2. – 1-10-bb. – zhurnal

3. Razdanuly Midykhat. Shakarimnin or Altayda izi bar // Mura. – 1995. – № 3. – 3-29-b. – zhurnal

4. Iztileuova S.D. Ziyat Shakarimuly // Qazaq alemi. qazaq-alemi.kz/more?page_id=37&id=451 – internet resurs. (11 zheltoқsan 2016 zhyl)

5. Omarova G. Shakarimnin Qytay asqan uly Ziyattyn zhastarga rukhani tarbie berudegi qyzmeti // Qazaq үni . – 2012. – 10.07. – 17.07.

6. Shakarimүly Ziyat // Qazaq adebieti. Enciklopediyalyq anyqtamalyq. – Almaty: «Aruna Ltd» ZhShS, 2010. – 550-b. – Enciklopediyalyq anyqtamalyq

Д. Нургазы[1], магистрант 2 курса
[1]Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

ЗИЯТ ШАКАРИМУЛЫ: ЛИЧНОСТЬ С ЗАГАДОЧНОЙ СУДЬБОЙ

Аннотация

В данной статье раскрывается идея о неизученности многих известных личностей. Один из них – сын великого поэта, мыслителя, ученого Шакарима Кудайбердыулы, его наследник З. Шакаримулы, который успел создать свою школу. Анализируются некоторые стороны жизни и деятельности З. Шакаримулы. Автор в основном делает историографический анализ работ отечественных ученых и представителей казахских ученых из Китая.

Тяжелая жизнь и творчество, общественная деятельность З. Шакаримулы, который провел последние годы жизни за границей, по настоящее время основательно не изучены.

Ключевые слова: «Алаш», Шакарим, судьба нации, Семей, творчество, деятель, власть Советов.

D. Nurgazy[1], 2-nd Year Master Student
[1]Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

ZIYAT SHAKARIMULY: A PERSON WITH MYSTERIOUS FATE

Summary

In this article the author reveals the idea of the obscurity of many famous personalities. One of them is the son of the great poet, thinker, scholar Shakarim Kudayberdyuly, his heir Z. Shakarimuly, who managed to establish his own school. The article analyzes some aspects of the life and work of Z. Shakarimuly. The author mainly makes historiographic analysis of the works of Kazakhstani scholars and representatives of the Kazakh scholars from China.

The hard life and work, social activities of Z. Shakarimuly who spent the last years of his life abroad have not been studied thoroughly up to now.

Keywords: “Alash”, Shakarim, fate of the nation, Semei, creativity, figure, the Soviet power.

ЕСТЕЛІК
ВОСПОМИНАНИЯ
MEMORIES

ЗАРДЫХАН ҚИНАЯТҰЛЫ



Қазақстан ғылымы ауыр қазаға ұшырады. 2016 жылғы 22 қарашада 77 жасқа қараған шағында көрнекті ғалым, Моңғолияның мемлекет және қоғам қайраткері, тарих ғылымдарының докторы Зардыхан Қинаятұлы дүниеден озды.

З. Қинаятұлы 1940 жылы 31 желтоқсанда Моңғолияның Қобда өлкесінде өмірге келді. Ол ата-анасынан ерте айырылып, өмірдің ауыртпалығын тартты. Еңбек ете жүріп, орта мектепті үздік бітірді. Моңғол мемлекеттік университетін тарих мамандығы бойынша Д. Сухэ-Батор атындағы стипендиямен 1965 жылы үздік тәмамдап, орталық партия органдарына қызметке жолдама алды. З. Қинаятұлы 1972–1975 жылдары Мәскеудегі КОКП Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғалымдар академиясының аспирантурасында оқуын жалғастырып, философия ғылымдарының кандидаты, ал 1987 жылы осы оқу орнында тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін қорғады.

Зардыхан Қинаятұлы 1997 жылға дейін Моңғол Халық Республикасының Орталық атқару органдарында түрлі қызметтерде болды. Атап айтқанда Қоғамдық ғылымдар институтында ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, елдің көсіподақтары Орталық кеңесінің хатшысы, МХР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Моңғолияның тұрақты Парламентінің вице-спикері, Моңғолияның Ташкенттегі Бас консулы, Алматыдағы МХР елшілігінің кеңесшісі лауазымдарын атқарды.

Қазақстан Тәуелсіздігін жариялағанда кеудесін қуаныш кернеген Зардыхан Қинаятұлы атажұртқа оралды. 1994 жылдан бері ол бүкіл еңбегін еліміздегі тарих ғылымын зерттеуге арнады.

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында істеген қызметі оның ғылыми ізденісіне үлкен серпін берді. Қазақ, моңғол, орыс, түңғыс тілдерін меңгерген тарихшы институттағы әріптестерімен бірге Қазақстанның тарихын қайта зерттеуге белсене атсалысты. Ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметін атқарған З. Қинаятұлы Қазақ мемлекеттілігі тарихына арналған іргелі зерттеу жұмысына жетекшілік етті. Моңғолиядағы қазақ диаспорасы туралы бірнеше іргелі монография жариялады.

Зардыхан Қинаятұлы Моңғолияның Еңбек Қызыл Ту орденімен, еліміздің «Ерен еңбегі үшін» және «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығы» медальдарымен марапатталды.

Тағдырдың талай тауқыметін басынан кешіріп, түрлі салаларды атқарған еңбегімен қоса, үрпақ өсіріп, ұлың ұяға, қызын қияға қондырған аяулы әке, өнегелі отағасы болды. Зардыхан Қинаятұлы өмірге ғашық, елін кіршіксіз сүйген үлкен жүректі азамат еді. Айтулы азамат Зардыхан Қинаятұлының есімі елінің жадында әрдайым сақталады.

Қамқор әке, ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым Зардыхан Қинаятұлының отбасына, үрпақтары мен туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
Абай атындағы Қазақ ұлттықпедагогикалық университеті,
«Қазақстан тарихшылар қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі

«Егемен Қазақстан». – 2016, – 25 қараша

ОТАНШЫЛ ӘМ МЕМЛЕКЕТШІЛ ҚАЙРАТКЕР ЕДІ

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері, саясаткер Зардыхан Қинаятұлы дүниеден өтті. 76 жасында.

Зардыхан Қинаятұлы ғажап білімді еді. Білімділігі жөнінен Әлкей Марғұланды еске түсіретін. Өте мәдениетті еді. Кезінде Моңғолия Парламенті төрағасының орынбасары секілді ірі мемлекеттік қызметтер атқарған Захаң Қазақстанға көшіп келгеннен кейін қайбіреулердей кергіген де жоқ, кісімсіген де жоқ, сол баяғы бетегеден биік, жусаннан аласа қалпында ғылыммен айналысты. «Қазақ мемлекеті және Жошы хан», «Жылаған жылдар шежіресі», «Көшпенділік ғұмыр» атты аса құнды еңбектерін жариялады.

Білімділігі мен мәдениеттілігінің үстіне Зардыхан Қинаятұлы керемет отаншыл еді. Мемлекетшіл еді. «Ұлтымның табанына кірген шөгір менің маңдайыма қадалсын!» дейтін зиялылардың қатарынан еді. 43-пе екен, жоқ әлде 57-ме екен, Қазақстанда тұратын диаспоралардың жаппай мәдени орталықтары (Грузин мәдени орталығы, Армян мәдени орталығы және т.т.) құрылып жатқан кезде редакциямызға арнайы кіріп, сүхбат берген-ді. «Бұл – ұлтты өрге емес, көрге сүйрейтін саясат. Күні өткен саясат. Мына құрылып жатқан әрбір мәдени орталық ертеңгі күні қазаққа қарсы жұмыс істейтін саяси орталыққа, саяси құрылымға айналып кетпесіне кім кепіл?!» дей келіп, осындай орталық құрып алып, артынан аузы күйген әлемнің талай елдерінің тарихынан деректер келтіріп еді.

Айтулы, өзіндік орны бар, салмағы бар ірі тұлғалар өмірден өткенде артында қалғандардың жетімсіреп қалатыны да бар. Біз де жетімсіреп қалдық, Зардыхан аға! Жанаңыз жәнатта болсын, нұрыңыз пейіште шалқысын!

«Жасалаштықтар»

«Жас Алаш». – 2016. – 24 қараша

ҒАЛЫМДЫҒЫ МЕН АЗАМАТТЫҒЫ КЕМЕЛ ЕДІ

Қазақ диаспорасының тарихи отанына оралуы еліміздің әлеуетін арттырғаны – айдай ақиқат. Бауырларымыз интеллектуалдық серпін де ала келді. Басқа салаларды қайдам, ал тарих ғылымына салған олжасына баға жетпейді. Байырғы түркі, қытай, парсы, моңғол тілдеріндегі деректерді түпнұсқада оқитын олар төл тарихымыздағы «ақтаңдақтарды» жоюға бірден кірісіп кетті.

Осы топтың ішінде Зардыхан Қинаятұлының орны ерекше еді. Ғасырлар тоғысында Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына қызметке орналаса салысымен қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы Шыңғыс ханның, Жошының миссиясын жаңаша зерделеген ол ұлттық тарихнамамыздағы жарқын беттерді аша алды.

Соңғы 5 жылда Зардыхан ағамен бір шаңырақтың астында еңбек еттік. Талай пікірталаста, жиында, дастархан басында кездесе жүріп, кемел ғалымдығына азаматтығы сай екеніне көзім әбден жетті. Жүріс-тұрысына, сөйлеген сөзіне қарап, тәуелсіз Моңғолия үкіметінің мүшесі, Парламенттің Вице-спикері деп ойламайсыз да. Шынтуайтына келгенде, атажұртқа оралғандардың ішінде Зақандай биік қызмет атқарғандары жоқ-ау, сірә!

Өмір бар жерде өлім де бар. Ағамыз дүниеден озды. Алды жарық, арты берекелі болғай.

Ханкелді Әбжанов,
Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі

«Қазақ әдебиеті». – 2016. –1 желтоқсан

МОҢҒОЛИЯ АТА ЗАҢЫНЫҢ ЖОБАСЫН ЖАСАУШЫЛАРДЫҢ БІРІ

Саясаткер әрі тарихшы Зардыхан Қинаятұлы өмірден озды.

Белгілі саясаткер, қоғам қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зардыхан Қинаятұлы 77 жасқа қарағанда шағында өмірден озды. Зардыхан Қинаятұлы Моңғолия еліне өте сыйлы тұлғалардың бірі болған. Ғалым осы Моңғолия елінде дүниеге келген. Моңғолия мемлекеттік университетін, Мәскеу қоғамдық ғылымдар академиясын бітірген. 1976–1987 жылдары Моңғолия көсіподағы орталық комитетінің хатшысы, 1990–1992 жылдары Моңғолия үкіметі басшысының орынбасары және Моңғолия Парламенті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған. Моңғолия Премьер-министрінің орынбасары қызметін атқарған жылдары моңғол елінің жаңа Ата заңын жасаушылардың бірі болды. Қазақстанға келген соң ұзақ жыл Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында ғылыми жұмыспен айналысты. Қазақстандағы ғылыми-зерттеу еңбектері ұлттану және ұлтаралық қатынастар мәселесіне арналды.

Зардыхан Қинаятұлы – Моңғолияның жаңа Конституциясын және сол елде жүргізілген саяси-экономикалық реформалардың құқықтық негізін жасаушылардың бірі. 1990 жылдары Моңғолияда сірескен коммунистік жүйенің сеңін қозғаушы тегеурінді қайраткер тұлға ретінде есімі тарихта таңбаланып қалды. Атажұрттан алысқа шашырап кеткен шет ел қазақтарының ішінен шығып, салт-дәстүрінің тамыры берік Моңғолия Премьер-министрінің орынбасары, парламентінің вице-спикері, Ата заңының жобасын жасаушылардың бірі болу – адам баласының басына сирек қонатын бақ болса керек. Профессор Зардыхан Қинаятұлы жетекшілік ететін бастамашыл ғалымдар тобы 1987-1988 жылдары Моңғолияда «социализм» атты қоғамның әбден тығырыққа тіреліп, саяси-әлеуметтік жаңдай күрделі шиеленіске ұшырағаны туралы дабыл қағып, елдегі сол кезеңдегі ең беделді басылым – «Партия өмірі» журналында мақала жариялады. Зерделі ғалым дағдарыстан қалай шығудың жолдары мен мүмкіндіктерін де оңтайлы саралайды. Елдегі қоғамдық санаға сілкініс тудырған осынау жолайрық мақаладан кейін Зардыхан Қинаятұлы түбегейлі өзгеріске қарай бет алған жаңарған қоғам философиясының теоретигі ғана емес, замана тудырған қилы-қилы ауыр жүктерді талмай арқалай алатын нар азамат екенін дәлелдеді.

Зардыхан Қинаятұлы – моңғол мен қазақ халқының ортақ ұлы болды. Моңғолия Конституциясының 8-бабы 2-тармағына «ұлттық аз топтың ана тілінде оқу, қатынас жасау, мәдениет, өнер, ғылым, білімін дамытуға хақысы бар» деген бапты бекіттіріп, қазақ халқының мүддесін де қайсарлықпен қорғай білді. Моңғолияның үкімет үйіндегі Зардыхан Қинаятұлының кабинетінде көптеген шетелдік газет-журналдармен бірге «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Парасат» секілді басылымдар, Абай Құнанбаев, Мұқағали Мақатаев, Жүсіпбек Аймауытұлы секілді сөз зергерлерінің кітаптары жайылып тұратын. Ол бодандық құрсаулаған сол кездердің өзінде жастарға «Қазақстан тәуелсіздік алсын деп күні-түні құдайдан тілеңдер, білімді азамат болындар» деп ақыл-кеңес беріп, болашаққа әрдайым сәулелі сеніммен қарады. Қазақ елі Тәуелсіздік алған соң Зардыхан Қинаятұлы мансаптан бас тартып, егемен еліне алдыңғы лекте оралып, алаштың бел баласы ретінде асқақ рухпен еңбек жазып қалдырды. Қайраткерлігі мен қаламгерлігі жарасым тапқан жүйрік ойдың иесі «Ұлық болсаң, кішік бол» дегенді бетке ұстап, қарапайым қалыпта әдептілік пен ізгілікте өмір кешті. Өзінің саналы ғұмырында Зардыхан Қинаятұлы туған халқына адал қызмет етудің озық үлгісін көрсетіп кетті.

«АҚШАМДЫҚТАР»

«Алматы ақшамы». – 2016. – 26 қараша

ОЛ ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ ЕДІ

Философия ғылымдарының кандидаты, тарих ғылымдарының докторы, Ш. Уәлиханов Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері Зардыхан Қинаятұлы артына аса құнды да мол ғылыми мұралар қалдырып өмірден өтті. Моңғолияда туып-өсіп, университет бітіріп, Мәскеуде ғылыми дәрежелер қорғап, ғалым болып қалыптасқан Зардыхан Қинаятұлы, өзінің саналы ғұмырының көбін Монғол елінде өткізді. Онда ол жетекші ғалым ретінде және мемлекет қайраткері ретінде өшпес із қалдырды. Ол Моңғол мемлекетінің жаңа Конституциясын жазуға жетекшілік етті, моңғол қоғамын түбегейлі өзгертіп қайта құрушылардың бірі және бірегейі ретінде, көрнекті реформатор ретінде әлемге кеңінен танылды. Сондай-ақ ол философия және саясаттану ғылымдары бойынша шығарған 4 монографиясымен де сүңгула ғалым ретінде ел құрметке бөлінген-ді. Бірақ тәуелсіз Қазақстан үшін еңбек етуді өзіне бақыт санаған Зардыхан Қинаятұлы тарлан тарқан шағында өзінің ақыл-парасаты мен ерік-жігерін тарихи Отанына сарқа жұмсауға тәуелсіз еліне жұмсауға шешім қабылдап:

«Қазақ болып жарасайын деп келдім,
Ағайын қауышайын деп келдім,
Қазақ үшін көзін біреу алартса,

Жаным пида, соғысайын деп келдім», – деп, жүрегін қолына үстап елге оралып, Отан тарихының ең өзекті мәселелерін жанкештілікпен зерттеумен шұғылданды. Ол соңғы жиырма жылда 12 монография және 250-ге тарта ғылыми-танымдық мақалалар жариялады. Соның ішінде «Қазақ мемлекеттілігі және Жошы хан» (360 б.); «Шығыс хан және Қазақ мемлекеттідігі» (728 б.) сияқты аса күрделі де өзекті тақырыптарға жазған еңбектері, отандық тарих ғылымындағы ақтаңдақтарды толтырған құнды еңбектер болып саналады. Зақаң тарих ғылымы, философия ғылымы, қоғамтану ғылымы және заңтану ғылымы сияқты гуманитарлық ғылымдарға кеңінен, тереңінен қалам тартқан, аса құнды еңбектер жазған ғұлама ғалым еді. Сондай-ақ ол қайраткерлік пен ғалымдықты, бекзадалық пен қарапайымдылықты, әдептілік пен принципшілікті жарастырып үштастыра білген үлкен парасат иесі еді. Амал нешік, өмірден ертелеу өтті. Бірақ Зақаңның жарқын бейнесі мен артына қалдырған мол ғылыми еңбектері қазақ халқының жүрегінде мәнгі сақталады.

Бақыл бол ардақты аға!

Нәбижан Мұқаметханұлы

ҚР БҒМ ҒК «Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты» РМҚК директоры Әбжанов Ханкелді Махмұтұлына

Аса құрметті Ханкелді Махмұтұлы:

ҚР ҒБМ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, медиевист, моңғолтанушы Зардыхан Қинаятұлының қазасына ҚХР ШҰАР-да тұратын кәсіптестері болу түрғысынан бізде қатты қайғырдық. Зардыхан Қинаятұлы – өзіндік пікірі, айшықты қолтаңбасы бар сарабдал тарихшылардың бірі. Оның қазасы қазақ тарихы үшін орны толмас өкініш. Ол кісінің Қазақстан тарихының Моңғол билігі дәуірі және Қазақ мемлекеттілігі тарихы мәселелеріне арнап жазған монографиялары Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихына қосылған баға жетпес рухани құндылықтар есептелінеді.

Осыдан он жыл бұрын біздің Академияның жұмыстобы дайындаған «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері» атты көп томдық еңбектің алғашқы екі томын Қазақстанда кириллицамен баспаға әзірленуі барысында Зәкең өзінің аса ұқыпты, ғалымға тән байсалды ұстанымымен кітапқа редакция жасағаны біздің есімізде мәңгіге қалды.

Құрметті Ханкелді Махмұтұлы, біз марқұмның қазасы жөніндегі суық хабарды интернеттен оқыдық. Сондықтан марқұмға топырақ сала алмадық. Кеше Өмірбек Қанайұлынан анық-қанығын білген соң, осы хатты жазып отырмыз. Біздің азалы көңіл күйімізді марқұмның зайыбы мен балаларына жеткізуіңізді үміт етеміз. Марқұмның топырағы торқа, жүрген жері жаннат болсын! «Ғалымның өзі өлсе де, хаты өлмейді» демекші, марқұмның екінші, шынайы өмірі енді басталады. Алдағы 14 желтоқсанда өтетін еске алу қимылы да осыны айғақтайды. Марқұмның орындай алмай кеткен істерін жалғастыратын жас буын тарихшылардың әлі-ақ жетіліп кететініне сенеміз. Қайғыны қайратқа жеңдіріңіз! Алла рахымын берсін!

Аса құрметпен:

ШҰАР-ға танымал қоғам қайраткері, жазушы **Сұлтан Рамазанұлы Жанболатов**
ШҰАР Қоғамдық ғылымдар академиясының бас ғылыми қызметкері, тарихшы, жазушы **Жақып Бірлікұлы Мырзаханов**
ШҰАР Қоғамдық ғылымдар академиясының вице-президенті **Құлан Ниғыметқызы**
ШҰАР Қоғамдық ғылымдар академиясы Тарих институтының аға ғылыми қызметкері **Шадыман Ахметұлы Сасани**

2016 жылы 10 желтоқсан Үрімжі қаласы

КӨҢІЛ АЙТУ

Белгілі мемлекет, қоғам қайраткері, тарихшы-ғалым Зардыхан Қинаятұлы дүниеден өткені туралы қайғылы хабар естіп, ол кісінің от басына, туыстарына Моңғолиядағы қызметтес болған жанашыр достары және із басар бауырлары көңіл айтады.

Марқұм Қ.Зардыхан Моңғолияның Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Моңғолияның Кіші құрылтайының төраға орынбасары қатарлы мемлекеттік жоғарғы лауазымды қызметтерді аса жауапты атқарумен қатар Моңғол елінің жаңа Негізгі заңын жобалаушылардың бірі, Моңғолия қоғамының демократялық қозғалысының әрі кеңесшісі, әрі жетекшілерінің бірі және де тұрақты Парламентінің ірге тасын қалаушылардың бірі болды.

Зардыхан Қинаятұлы Моңғолия халқына көрнекті қоғам қайраткері, әрі белгілі ғалым, тарихшы болып танылған ұлы тұлға.

Захаңның Моңғолия қоғам өркениетіне қосқан үлесі еліміздің тарих парағында мәңгі сақталады. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

П.Очирбат -	Моңғол елінің алғашқы президенті
Р.Гончигдорж -	Моңғол Халық Ұлы Құрылтай депутаты, Кіші құрылтайының төрағасы (бұрынғы)
Д.Бямбасүрэн -	Моңғол елінің бұрынғы премьер-министрі
Да.Ганболд -	Моңғол елінің бұрынғы премьер-министрінің бас орынбасары
Д.Дорлигжав -	Моңғол елінің бұрынғы премьер-министрі орынбасары
С.Баяр -	Моңғол Халық Ұлы Құрылтай депутаты, Кіші құрылтайының Тұрақты комитет төрағасы (бұрынғы)
М.Энхсайхан -	Моңғол Халық Ұлы Құрылтай депутаты, Кіші құрылтайының Тұрақты комитет төрағасы (бұрынғы)
Э.Бат-Үүл -	Моңғол Халық Ұлы Құрылтай депутаты, Демократиялық партиясының төрағасы (бұрынғы)
Д.Лүндээжанцан –	Моңғол Халық Ұлы Құрылтай депутаты, Кіші құрылтай мүшесі (бұрынғы)
Қ.Сайран	Моңғол Халық Ұлы Құрылтай депутаты, Кіші құрылтай мүшесі (бұрынғы)
А.Бәкей	Моңғолия Ұлы Құрылтай мүшесі (бұрынғы)

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 Каз)
Қ 53



Баспаға Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесінде ұсынылған

Редакция алқасы:
Х.М. Әбжанов (жауапты редактор), С.О. Смағұлова,
